

008
ш 18

АМАНОЛЛА ШАЙБЕКОВ

ТЕАТР



КЕЙШКЕР ТАҒДЫРЫ

2022

АНОЛЛА ШАЙБЕКОВ

Театр саласының қызметкерлеріне кәсіптік бағдар беріп театрдың ішкі жұмыстарының салалық ерекшелігіне сай жүргізуге тиесілі жұмыстарға кеңес – нұсқау ұсынатын кәсіптік ғылыми әдістемелік оқу құралы.

ТЕАТР КЕЙІПКЕР ТАҒДЫРЫ



Кітапқа пікір білдірушілер:

К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театрының басшысы, актер, режиссер, театр педагогы. **Д. Еспаев**

К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театрының актер, режиссеры. **Д. Цветков**

Аманолла Шайбековтың

Театр саласы қызметкерлерінің кәсіптік деңгейлерін көтеруге арналған «**ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК**» оқу құралы
-Қарағанды: Полиграфист, 2023.- 200 б.

ISBN

Мәдениет және театр қайраткері Аманолла Шайбековтың бұл кітабы театр саласы қызметкерлеріне кәсіптік жұмыс саласының жұмысын терең түсінуге және сауатты жұмыс жүргізуді үйреніп меңгеруге үлкен көмек кеңесін береді.

Бұл нұсқаулық автордың өз зерттеулерімен ғылыми қортындыларға сүйене отырып жазылған. Кітаптың жазылу тілі театр саласы тақырыбына сай, түсінікті кәсіптік тілде жазылған. Кітап сала қызметкерлері мен келешек сала оқуын бітіруші мамандарға арналған.



Аманолла Шайбековтың
Қарағанды: «Полиграфист»
баспасы 2023 жыл.

ҚР. Мәдениет және театр қайраткері, ҚР. Еңбек сіңірген қызметкері
жазушы-драматург, режиссер, ақын, сазгер
Аманолла Шайбековтың

«ТЕАТР КЕЙІПКЕР ТАҒДЫРЫ»

атты ғылыми зерттеу кітабына сахна өнерінің ұстаз мамандарының

ПІКІРІ

Біз баға беріп отырған А.Шайбековтың «Театр кейіпкер тағдыры» атты еңбегі, қазіргі таңда театр мамандықтарын меңгерушілерге арналған оқулық.

Оның ішінде режиссер мен актерлық мамандығын таңдаушыларға кәсіптік бейімділік бағытын беретін көптеген мағұлыматтар жинақталған.

Бұл шығарманы өз құндылығы мен зерттеудің жан-жақты тәжірибелік нәтиже-сі бар шығарма десек артық болмайды.

Кітап авторы өзінің ұзақ жылдар бойы өнер саласының түрлі сатысында жұмыс жасап жүріп жинақтаған тәжірибесі мен бақылауларын зерттеп, көптеген ғылыми тұжырымдар мен ережелер шығарған.

Бұл кітапты мәдениет саласы мамандықтарында оқушылар мен сол салада жұмыс жасаушылар кеңінен пайдаланса кәсіптік нәтижелерге жетулеріне өте қанағаттанарлық ықпал етеді.

Кітапта режиссерлық мамандыққа байланысты кең көлемді анықтамалармен кәсіптік әдіс қағидалар туралы анық түсінікті жазылып талданған. Ал актерлық шеберлікке актерлар үшін көрнекі суреттерге дейін салып көрсетіліп егжей-тегіжейлі түсіндірілген. Сахнаға шығушыларға сөзді қалай сөйлеу керек заңды-лықтары да жан-жақты түсіндірілген. Безендіру және жарықтандыру мен әуендік көркемдеу жөніндегі ақпараттар да тиянақты жеткізілген.

Жалпы алғанда, бұл кітап сахна өнері жөнінде тікелей тақырыптық түсінікте жазылған соңғы жылдардағы некен саяқ шығарманың бірі.

Сондықтан кітап авторына табысты еңбек нәтижелеріне жетуге тілек білдіре отырып, шығарма оқырмандар игілігіне қызмет етеді деп ойлаймыз.


Кітапқа пікір білдірушілер:

Д. Еспаев,

К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театрының басшысы, актер, режиссер, театр педагогы.

К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театрының актер, режиссеры.

Д. Цветков,



**Жалпы театр және театр өнері жөнінде тұжырымдарға
КІРІСПЕ СӨЗ**

Театр өнері кешелі-бүгінді туындаған адам ойынан шығарылған өнер саласы емес. Театр өнері көне заманнан адамның табиғи дамуымен бірге қалыптасқан өнердің өте көне түрі. Театр өнерінің өнер болып өз алдына қалыптасуына алғашқы адамдардың өз ара түсінісу ойын жеткізу үшін пайда болған түрлі қимылдардан тұратын көріністік бейнелеу мен түрлі дыбыстарды пайдалану әрекеттерінің жетістігі үлкен ықпал еткен. Театр өнері-алғашқы адамдар пайда болып, бір-бірімен ара қатынас орнату мақсатында өзара бір-біріне айтпақ, түсіндірмек ойларын жеткізу үшін жасаған түрлі әрекет қимылдарынан біртін-біртін қалыптасып, пайда болған.

Адам ойының көріністік бейнелеу әрекетінің жетістігі деген не?

Адамның алғашқы пайда болған кездегі түрлі құбылыстарға қарап ойлау, іс-әрекет жасау және өмірге табиғи бейімделу шарттылықтары туралы зерттелген ғылыми тұрғыда жазылған еңбектерден ақпараттық мағұлым-атымыз бар.

Адамдардың алғашқы өзара қатынастары:

Адамдардың алғашқы өз ара қатынастарының қалыптасуы, табиғи түрде ымдасу, көрсету айтпақ ойларын жеткізу үшін түрлі қимылдар жасау, ауыз қуысын пайдаланып, дыбыстар шығару, дене мүшелерінің қозғалыстары мен беттегі өңдік құбылыстарды пайдалану, көз жанарының ішкі сезімі мен ойлық қабылдаудың нарқын білдіретін бір сәттік, кейіптік өзгерулері арқылы пайда болған.

Ал, кей жағыдайда адамдар арасында өз ойлары мен мақсаттарын сөзсіз жеткізу үшін табиғи тұтынбалы заттарды пайдалану, өзара айтпақ ойды үнсіз жеткізуде үлкен көмекшілік роль атқарғандықтан, табиғат пен тұрмыстағы, кез келген тұтынбалы заттар ара қатынастық түсінісу құралы болып қалыптасқан.

Мысалы:

Бір адамның екінші бір адамның отыруына үнсіз “орындық” ұсынуы, үнсіз қалыптағы ара-қатынастық байланысты білдірсе, “орындық” сол қатынасты жалғастырып, орындықты үнсіз ұсынушының (отыруын сұраған) ішкі ойын, қатынасын жеткізетін, көмекші құрал болып тұрады...

Міне, осы шағын мысалға орай, біздің түсінетініміз, адамдар арасындағы ара- қатынасты ұғу, түсіну, сезіну үшін көрген, естіген қимылдар мен дыбыстарды қортындылап, нақтылы баға беруге қажеттіліктен, адамдардың табиғи ойлау, түйсіну, сезіну қабылеттері пайда болғандығы. Сондықтан да мидың ой қортындылау мен оны іске асыру кезінде адам мүшелеріне ақылдың билік жүргізуіне ықпал ететін сананың жан - жақты дамуына үлкен әсер еткен... Олай болса мидың ең басты мүмкіндігі ақыл, ой, сана болып саналады. Ендеше адамдарда дамып қалыптасқан ақыл-ой, сана өз қызметін атқарып, адамға табиғи қажеттілікті өтеуі үшін, ең қажетті басты

құрал - дыбыс болып саналатындығын толық қортындылаған. Ал, адамдар өздері үшін дыбыстың өзін қатынас құралы ретінде үнемі пайдаланып, адаммен табиғи, біте қайнап дамуын қалыптастырған. Сондықтан да, адамдар өзара пайдаланылатын ара қатынастық сөздік тіл пайда болды. Адамдар арасындағы кез келген қажеттіліктен туындайтын дыбыстық қатынас жүйесінің элементтері, адамның ойлап сөйлеу қабылетін жетілдірді және қалыптастырды.

Дыбыстан туындайтын өмірлік қатынастық қажеттіліктерді, түрлі дыбыстық жолдармен жеткізу, көрністік қимылдар қатынасынан ана құрлым тез және қолайлы. Сондықтан да дыбыстық қатынас, эволюциялық дамудың жаратылыс міндеті болып саналатын, табиғи қалыпқа негіздеген.

Осы орайда адамдар сөз сөйлеу жолындағы даму сатысынан өтіп, бұрынғы қимылдық аралық қатынастарды, дыбыстық ара қатынасқа көшіріп, қимылдық қатынас қажетті мөлшерде ғана көмекші қызмет атқаратын болған. Яғни, адам бойындағы жан-жақты табиғи даму процестері өрістік мүмкіндігі мол қатынас, дыбыстық қатынастың дамып қалыптасуын алдыңғы сатыға шығарып, жетілдірген.

Театр өнерінің өмірге келуіне, адам ойының көріністік жетістігінің үлкен ықпалы болған.

Оған мысал, адамдардың аң аулағаннан кейінгі, оқиғаның қалай болғандығын түрлі қимылдармен, дыбыстармен, өздерінің қауымдастығына айтып беруі, немесе аңға шығар алдындағы оқиғаның қалай өтеріне алдын ала болжау жасауы, яғни түрлі дыбыс, қимылдар арқалы көрініс көрсетулері театр өнерінің жабайы алғашқы қалыптасу сатысы болғандығы даусыз.

Осы орайда, адамдардың бастарынан өтетін оқиғағаларға байлынысты болатын психологиялық өндік өзгерістерін, көріністік бейнелеп көрсету кезінде, театрлық кейіптер (образ) арқылы көрсетілгендігі де анық.



Мысалы: сол кездегі адамдардың жасаған көріністері, қазіргі кезде сыртқарғы, әлі толық дамымаған елдерде өмір сүретін, табиғи даму

қалпында кенжелеп қалған ұсақ тайпаларда өнер элементтері болып сақталып келе жатқандығы дәлел. Ескере кететін бір жайт пантомимо(қыймылды - ыммен) мен би адам ойының ішкі мақсаты мен мәніне құрылып, бақылаушы көрерменге белгілі бір түсінік беру үшін, үнсіз, тек қимыл көріністік бейнелеу артқылы жеткізу жетістігіне жатады.

Сонымен адам ойының көріністік бейнелеу жетістігі дегеніміз ?

Адам көзімен көрген, басынан өткен немесе ойша болады деп жоспарлаған оқиганы, келесі бір адамға түрлі тұтыну заттарын пайдалана отырып,сөзсіз тек әртүрлі дыбыстар және қимыл-қозғалыс әрекеттермен жеткізуі.

Осы айтылып отырған адам ойының көріністік жетістігі сахна өнерінің бастауы болып саналуға тиіс. Бұл бастау эволюция екшеуінен өтіп, замана қалпынан шығып, түрлі салаларға бөлініп, әртүрлі бағыттарда дамыған. Бұл даму бағыттары мен сатыларға адамдардың сөз қоры мен сөйлеу қорының көбейуі үлкен ықпалын тигізді.Тағы бір қарапайым мысал ретінде бұрынғы түрлі дыбыстардың келе-келе сөз қоры мен сөйлеу қорының көбейуінен, дыбыстық түрден әуендік түрге енгенін айтуға болады. Адамдардың өзара сөйлесу кезіндегі шығаратын дыбыстарында жеткізілмек ой мен сөздің мақсатын толық түсіндіру үшін төменгі тербелістегі түрлі ырғақтардан өз мөлшеріне қажетті көлемде әуендік дыбыстар шығады.

Яғни, қарапайым сөйлесудің өзінде де, айтылатын сөздіегі ой мақсатына орай өзіндік әуенді ырғақ немесе өте қысқа жиіліктегі “ән” бар деп есептеу керек.



Алғашқы театрлардың қарапайым болғандығын,әркім көз алдына елестете алуға тиіс. Сонымен қатар театрлардың алғашқы сахналық құрылымы да қарапайым болғандығы жөнінде дау жоқ. Ол кезде шығармалардың негізгі кейіпкерлерін орындаушыларыда жеке-жеке сан түрлі әрекеттермен өз беттерінше дамыды. Ол кезде көрсетілген шығармаларда шағын, көбінекей күлдіргі эпизоттардан тұрған болуға тиіс. Өйткен себебі басқа шығармалардың күрделілігі қабылдаушылардың яғни көрермендердің белгілі бір дәрежеде дайындықты болуын қалаған болар еді.

Кезіндегі пайда болған **шуттар** қазақша айтсақ “*сайқы мазақтар*” сол алғашқы қарапайым театр сатыларынан пайда болған. Олардың айтқан

сөзін, істеген ісін ешкім көңілге алмаған тек күлкілі, көңілді ойын ретінде қабылдаған. Келе-келе сахналық өнер күрделеніп, бірнеше тұлғалардың қатысуымен орындалатын ортақ мақсаттағы алғашқы шығармашылық топтарға айнала бастады.

Бұндай топтар өз өнерлерін көпшілік ортасынан бөліп, алғашқы қарапайым сахналық сатыға біртін-біртін көтерілді. Қарапайым болсада, сахналық ерекшелену қолайлы екеніне көздері жеткен алғашқы театршылар енді өздері өнер көрсететін аумақты табиғи заттар және тұрмыстық заттарды шартты түрде байланыстыру, сахналық құрал ретінде пайдалану мен безендіру, көрсетілімнің әсерлі шығатына көздерін жеткізді. Осыдан барып театрдың алғашқы безендірулерінің қарапайым табиғи түрлері пайда болды. Кейін, келе - келе театр сахнасындағы оқиғаға байланысты көрермендерді қойылыммен байланыстыратын кең көлемде, тақырыптық жабдықтармен безендірулер мен тұтынулар пайда болды. Сахна өнері алғашқы кезде көмекші құрал ретінде пайдаланылған шынайы, дүниелерден бөлшектік дүниелерге, одан шартты дүниелерге ауысты.

Ең бастысы алғашқы қарапайым театр, театр өнерін дамыта отырып сахналық жүйеге қабысатын сахна өнеріне қатысы бар түрлі жанрларды өзіне тартып, бойына сіңіре бастады...*Сонымен “Театр - өнердің атасына” айналды.*

Театр алғашқа қалыптасу кезінде тұрғылықты болған жоқ, тек, көшпенді түрде болды. Осы көшпенділік - театр өнерінің толысып, дамуына көп ықпал етті.

Ол кездегі елді мекендерде тұрғындар аз болған және әр елді мекеннің өзінің өмір сүру заңдылықтары мен салт дәстүрлері болды.

Сол дәстүрлер, салттар және топтасып өмір сүру заңдылықтары театр қойылымдарын көруші, көрермендерінің көңліне қонымды болуы үшін, сол ортаның өмір сүру икеміне қарай бейімделуін қажет етті.

Бұл сұраныс театр ойындарына қатысушылардың шеберлігін арттыруға, безендірулердің күрделнуіне, киім өзгерістерінің қалыптасуына тікелей билігін жүргізді, яғни қалыптастырды.

Осы арада айта кететін тағы театр өнеріндегі көнеден келе жатқан ажырамас ерекше бір саласы. Ол театршылардың сахнада көрермендер қиялына қарай ерекшеленуі. Ол ерекшелену алғашқы кезде беттеріне түрлі бет бейнелер жасау, пердесімен табиғи бояуларды пайдалану арқылы жасалса, келе-келе гримдік жүйеге ауысып, театр өнерінің кейіпкер бейнесін жасаудағы көмекші, мәңгілік ажырамас бөлігіне айналды.

Сол кездегі театршылар бір жерден екінші жерге жақсы салт дәстүрлер мен әдет ғұрыптарды тасымалдаушы және таратушы ролінде атқарды.

Осының әсерінен театр сахнасынан көрсетілетін тұтас, ұлыстық дәстүрлер енгізіле бастады. Бұл сахна арқылы жүргізілетін ұлтық рухани тәрбиенің басы еді.

Рухани тәрбие жөнінде, оның пайда болуы мен әсері туралы, сәл төменірек соғып, түсінік беріп өтеміз.

Сонау римдіктер театр салғанша, театр өнері өзінің табиғи қарапайым дамуының талай сатысынан өтіп, өз уақытына сай, өзінің өркениетті қалыптасуын басынан өткерген болатын.

Жоғарыда айтқанымыздай сахна өнеріне қатысы бар жанрлардың бірі саз немесе әуен өнері де театрдың бөлінбес бөлігіне айналып, күн сайын өзінің жан-жақтылығын, ырғақтылығын қалыптастыра отырып, орындалу түрлілігін кеңейте түсті.

Әуендер театрда қажетті бөлікке айналғаны сонша, әуендердің сахнада өзіндік кеңістігі пайда болып қалыптасты.

Жоғарыда айтылып отырған талаптар деңгейінен шығу үшін көрсетілім - дерді қолдайтын сахналық дыбыстардың жаңа түрлері қажет болды. Осыған байланысты түрлі үн шығаратын аспаптар да пайда бола бастады.

Ол аспаптардан шығатын дыбыстар- адам сезіміне өзіндік дыбыстық жиілік әсері бар, түрлі табиғи үндермен сәйкес болды.



Адамдардың ой өрісі жетілген сайын, сана сезімге де рухани тәрбие қажет - тілігі пайда болды.

Сезім-адамның болмысымен қоса жаратылады да, сана келе-келе қалыптасып, пайда болатын даму сатысы болып саналады. Ал, сана ойланған ойды қортындылауға, тікелей ықпал етіп, ойды талдау мен түсіну арқылы өзіне қажеттілікті ірктеуге ықпал етеді. Сезім-жүйке жүйелерінің тітіркену процесін туғызатын, биологиялық құбылыс. Бұл құбылыстың яғни тітіркендірудің туындау себебіне қарай бірнеше түрі анықталады.

Мысалы: қуану, шошу, жиркену, қанағаттану, сақтану, тығылу тағысын тағыда басқалар...Өйткен себебі адамның есту, көру, иіскеу, жанасу, тату (дәм тату) мүшелері арқылы жүйке жүйелерінде жағымды және жағымсыз тітіркенулер пайда болады. Ал осы пайда болған тітіркенулердің қандай кейіпке жататындығын ой анықтайды. Содықтанда, "ой"-жинақталған хабарды қортындылайтын ақыл процесін іске қосады.

Ақыл дегеніміз **Ойланған ойлардың жиынтығынан шығатын, белгілі бір мақсатқа бағытталып, іске асырылатын, қанағаттанарлық нәтижесі бар әрекеттердің қортындысын беретін соңғы нақтылық шешімі **

Сондықтан да ақыл-адамның сезіміне әсер ететін құбылыстардың жағымды, жағымсызын ретті қортындылап, сол арқылы сезімнің қанағат -

танушылық күйін қалыптастырады. Адам сезіміне әсер ететін құбылыстар екі түрге бөлінеді.

Олар:

А)Жағымды

Ә)Жағымсыз.

Ал бұл құбылыстардың ақылдың сақтау естелігіне тіркелуі де екі түрлі болады.

Жағымды құбылыстың әсері сезімнің ақыл арқылы ізденетін , қайталау естелігіне тіркеледі.

Жағымсыз құбылыстың әсері де ой қортындысында екшеліп, қайта қайталанбау тежсегішіне тіркеледі.

Бұл екі жағдайда сезімнің сақтық естелігіне ерекше ескеру белгісін салады.

Сонымен, сезім мен сананың үндестігін қалыптастыратын және сезім мен санадан туындайтын барлық үйлесімдік процесінің жиынтығының, жарасымдылығын сақтай отырып, тұтас болуын, жалпы түрде “рух” деп атау керек.

Ал осы айтылып отырған ойды туындатып отырған жағымды және жағымсыз іс әрекеттерді жасайтын, яғни қалыптастыратын әсерлерді “рухани тәрбие” деп атауымыз қажет.

Сондықтанда рухани тәрбие екі бағытта жүретіндігін бірақ қабылдау кезінде үш түрлі болатынын білуіміз шарт.

1.Жақсы рухани тәрбие қабылдау.

2.Жаман рухани тәрбие қабылдау.

3.Бей-берекет рухани тәрбие қабылдау.

Жақсы рухани тәрбие қабылдау дегеніміз: Белгілі бір болмыстың қоршаған ортаға жағымды әсер және сезім беретін бағытта мақсатты тәрбиеленуінің қортындысы

Жаман рухани тәрбие қабылдау дегеніміз: Белгілі бір болмыстың өзін қоршаған ортаға үнемі кері әсер беретін, сол арқылы ашақтану оғаштығын туғызатын керісін тәрбиеленуінің қортындысы.

Бей-берекет рухани тәрбие қабылдау: Белгілі бір болмыстың үнемі бағытын өзгертіп тұратын сонымен қатар өзін қоршаған ортаға беретін нәтижесі мен сақталуы тұрақсыз, бірде жақсы, бірде жаман әсер беретін берекетсіз тәрбиеленуінің қортындысы.

Алғашқы екі тәрбие түсінікті болғандықтан, соңғы үшінші тәрбиеге тоқтала кетейік. Бей-берекет рухани тәрбие қабылдау дегеніміз - жоғарыдағы екі

тәрбиеден тысқары, рухани тәрбие беретін күштің салғырттығынан, әлсіздігінен, немқұрайдылығынан немесе мүлдем болмауынан, белгілі мақсаты жоқ адамның өз бетінше көрген, естіген, сезінген, түсінген әрекеттер мен істерді ретті және ретсіз рухани атаусыз тәрбие ретінде қабылдауынан пайда болатын тәрбие.

Мұндай жағдайда, жақсы мен жаманның арасы ажырамаған, өзгеріске тез иілгіш әм тұрақсыз, бет бағдарсыз, жауапкершілікті сезінуі төмен тәрбие қабылданады. Сондықтан да, сезім мен сананың үйлесімдігі әлсіз болады да, ой тұрақсыздығына әкеліп соғады...

Жоғарыда айтылып отырған тұжырымдарға қысқаша болса да тоқталу себебіміз, театр өнеріндегі рухани тәрбие беруге, басты көңіл бөлу адам өміріндегі ең өзекті және қажетті мәселе екендігінде.

Енді театр өнеріне жазу-сызудың пайда болуынан кейінгі, тигізген өзгеріс әсері жөнінде қысқаша түсінікті көлемде тоқтала кетелік.

Жазу – сызу пайды болғанан соң, сахналық қойылымдар өзіндік сарыны бар, жүйелік мақсатты, шығармалық сала болып дамыды. Бұл өркендеу өмірге әдебиеттің драматургия саласының тууына тікелей себепші болды. Әр уақыттың өзіне сай шығармалық шешімдерінің күрделілігі де артты.

Театр өміріндегі осы қозғаушы күштердің әсерінен сахналық өнерлер сала-салаға бөлініп, үлкен ғылымға айнала бастады.

Бұрынғы тұтас сахна өнерлері бір арнаға топталған сайын ғылыми дамып, өзінің негізгі топқа жататын салаларының түріне қарай негізгі кәсіби мамандықтарын туындатты.

Бұл еш даусыз туындайтын сахна өнерінің табиғи дамуындағы ізденіс арқылы келетін келешек ірге тасы еді. Осы ірге тасты қалап, рухани қажеттілікті өтейтін, сарайды тұрғызатын және нығайтатын мамандықтар, олардың театр саласында алатын орны, атқаратын қызметі, жауапкершілігі һәм нені білуі керек, осы және тағыда басқада қажетті мәселелерге біраз ой жүгіртейік.

Осы орайда сөз бастамас бұрын, ескерте кететін, өнерпаз әр адам білуге тиісті ең басты мәселе, өзін өнердің ең биік шыңына шығаратын, тәжірибелік лабораториясы әр кімнің өз бойында екенін, оны негізгі бағытына қарай дамытып, толықтырып, шыңдап отыру қажеттілігін ұмытпау керек.

Өйткені кез келген адамның бұл шарттылықсыз, нағыз өнер адамы бола алмайтындығы анық. Қатардағы өнерпаздың бірі болып, өтпелі табыстарға қол жеткенімен сол өз бойындағы лабораторияны дұрыс жұмыс жасата алмаса **“Иә, сондай біреу болған”**-дегеннен артық шыңға шыға алмайды.

“Жеңілісті де мойындай білу керек”-демекші нағыз өнер адамын негізгі анықтауыштарына қарап таразылай, бағалай білу сол сәттегі қоғам мен сонда өмір сүрген рухани түсініктері бай адамдардың міндеті. Өйткені себебі өнерді күн көріс кәсібі, немесе атақ шығару, байлық жинау құралы

жасаушылардан гөрі, нағыз өнер сүйетін адам үшін, өнер жолы көптеген кедергілер мен қиындықтары мол, өте ауыр жол.

Адамдар да, еш заңдылыққа бағынбайтын, сол орынға өзінің лайықты, лайықсыздығын саралатып, мойндатпайтын табиғи бұзылмас, тоң мойын, мен-мен-дік, жалған намыстық заңдылық бар. Бұл өнер саласы үшін өте қауыпты іштен жейтін құрт сияқты трагедия.

Ал нағыз өнер адамы өзінің жеңісі мен жеңілісін мойындауды қажет ететін жалған намыс пердесімен жаппайды.

Себебі нағызтума өнер, адамның сұранысы, өнерді материалдық немесе дәрежелік жағынан қанағаттандыру құралы деп қабылдамайды.

Өйткені өнер-адам жанының рухани қанағаттандырушысы, емдік қасиет.

Бұл қасиеттің жоғарғы сатысына көтерілген адам, өзінің материалдық немесе дәрежелік қанағаттануынан гөрі рухани қанағаттанғандығына тоғаяды.

Өнердің негізгі сүйеніші, жүре немесе оқи келе үйренуден пайды болатын шеберліктен емес, туа пайда болып, толығыуы біртін –біртін жетілетін табиғи өнерге деген рухани сезім мен түсініктің үнемі өсіп жетілуінен болады.

Оқып, үйрене келе пайда болатын өнер-тың табиғи өнер туғызушы емес, туа пайда болатын табиғи өнердің туғызған шығарылымдарын әрі қарай толықтырып, әсерлеп безендіріп, пайдаланушы болады.

Сонымен туа пайда болатын табиғи дарынды өнердің жасаған туындысын, өзінің жинаған іс тәжірибесі арқылы әрі қарай толықтырып, шебер пайдаланушы, туа пайда болатын өнердің толықтаушы болады.

Негізі адамдар бір іске шеберлікті өзінің өмірлік қажеттілігіне қарай пайдаланатын, таңдаған мамандығына қажеттілік ететін кәсіпкерлікке бейімделеді. Бұл деген адамның табиғи бейімділігінен тысқары, машықтық бейімділігі болатындықтан, аякқы қортындысы кәсіпші маман болумен шектеледі.

Өкініштісі сол өнер саласында бұл мәселе көбінекей табиғи таланттарға күңгірт көлеңкесін түсіріп отырады. Сондықтан да өнер саласыдағы ғылыммен айналысатындардың (оқытушылар, үйретушілер) ымырашыл - дықтан аулақ болғаны, өнерге нағыз өнер адамдарын әкелуге ықпал етуі тиіс. Сондай ықпал арқасында ғана өнер саласы жасандылық ауруынан құтылады.

“Өнер-халықтан шығады” яғни халық-өнердің таразышысы.

Сондықтанда өнерпаздарды бағалау кезінде өнер бәсекесінің таразысына салмақсыз жасандылық салынбауы керек. Ал таразыға құнсыз зат салынса, өнердің бағасы төмендеп, құны түседі. Өнер, оның ішінде театр өнері-ұжымдық өнер, сондықтанда театрдағы өнер маман - дарының іс әрекеттері бір-біріне тығыз байланысты. Театрда басты мамандықтар режиссер, суретші, гример, жарықтандырушы, сазбен көркемдеуші және негізгі тірек актердан тұратыны белгілі. Осы мамандық иелерінің бірі осал болса немесе өз ісіне салғырт қараса, онда шығарма яғни жасалатын

туынды олқы немесе мәнсіз болады. Театрдағы мамандық иелері бір-біріне тәуелді байланыста болады.

Әрбір қойылым қауым алдынан өтетін болғандықтан оның шығармалық сапасына баға бірден берілетіндігін де естен шығарылмауы керек.

Кейбір жағдайларда сыншылар мен газет қызметкерлері көңіл үшін шынайы бағадан ауытқушылық жасап жатады. Ондай баға келешек дамуға кері әсерін тигізіп, жалған жасанды “дақпыртты даңққа” жетелейді. Ал жасанды даңқ тез сынатын шыныдай әрқашанда “неге, қайда” деген сұрақты туындататын, қауіппен тұрады. Жасанды даңқтың қауыптілігі сонда ол театр мамандарының өзара түсіністігі мен қызметтік байланысына кері әсерін тигізіп, ымырашылдықтарын бұзады. Мұндай жағдайда мамандар өз қызыметтеріне өздері өте жоғары баға беріп, сын көзбен қараудан мүлдем арылады да, өзіне үнемі жоғары баға қойып, мадақтағанды қалайды. Бұндай жалған, жасанды даңқты, өнерді, мансапты өзіндік мақсатқа пайдаланушылар туындатады. Олар атақ пен мансап және байлық жасау үшін неденде болса тайынбайды. Мұндай мақсаттағы адамдар, сол ұжымның ішінен өзіне одақтасатындарды да тауып, шынайы таланттардың көрінуіне, шығармашылық жұмыстармен айналысуына, үнемі кедергі келтіріп, ақыр соңында ұжымнан кетуге шейін мәжбүрлейді. Бұл мәселені айтып отырған себебіміз, жасап отырған қожалығы мен қолжеткен дәрежелерін місе тұтпай тағы қарпып, қалғысы келетіндер, ықпал жасау сатысында тұрған кезде, театр өзінің қоғамдағы орнын төмендете береді.

Оның белгісі, театр өзінің салмағын арттыртын күрделі шығармалардан гөрі, жеңіл-желпіге (әсіресе арзан қолды комедияларға) бой ұрып “ат” өшірмеумен ғана шектеледі. Бұндай жағыдай өнердің қай саласына болмасын аса қауіпті.

Ықпал етушілер келе-келе саха қойлымына өздерінің көріп жүрген немесе естіген, тіптен өзіне етене жақын біреулердің шығармаларын қойылымға үнемі ұсынып, соны кіргізуді талап етеді. Ал шын мәнінде әрбір қойылатын шығарма сол шығарманы қоюшылардың шығармашылық арман мақсатынан туындайтын тың өзіндік салыстырмасы қайталанбайтын өнер туындасы екенін түсінбейді және түсінседе түсінгісі келмейді. Әрине жоғарыда айтылып отырған ой пікір - лердің өмір шындығынан алынып отырғандығы ақиқат. Бұл жөнінде ғылыми заңдылық тәріжімесі жазалатын болса заңдылығы;-

“Өнерді шынайы жан-тәніңмен сүймейсің бе, онда өзгелерге бөгет жасама”-деген болар еді. Өнер адамының жан тәні сұрқялықтан таза, біреуге деген ой –пікірі әрқашанда мөлдір ешкімге де ешқашанда есеп сақтамайды. Өйткені оның басты бақыты да байлығыда мақсатыда өнер құшағында болу, сондықтан да өнер адамдары туралы ұлы адамдардың айтқан ой-пікірлеріде кесек болып келеді. Мысалы әлемге аты белгілі **Мұстафа Кемал Ататүрік** ***Біздің бәріміз парламент депутаты бола аламыз, министр бола аламыз, тіпті республика президенті бола аламыз, бірақ еш қайсымыз өнер адамы бола алмаймыз. Осылай**

болғандықтан да өнер адамы біздің емес,біз олардың қолынан сүйеміз-* деген.

Осындай дәрежелік баға алушы өнер адамдары халық көрсететін құрмет алдында борыштар екенін ұмытпауға тиіс.

Театр өнерінің ұжымдық өнер екенін жоғарыда айтқан болатынбыз,енді сол ұжымды құрайтын өнер адамдарының театрдағы мамандықтарына тоқталайық. Әрине ондай мамандықтар өнердің басқа салаларында да болатындығы рас. Алайда,олардың жауапкершілігі театрда жұмыс жасайтын мамандардан әлде-қайда жеңіл.Бұлай дейтініміз театрда тікелей тірі қойлымдар қойылып көрер - мендерге көрсетілім кезінде кеткен қателік, қайта түзелмейді,ал басқа салалар- да техникалық құрал жабдықтармен қайталап жазып,қиып,косып,көркейтіп қалыпқа түскен соң игілікке пайдалануға болады.

Оның үстіне,театрдағы қойылым,бір сәттік емес көрермендерге ұзақ мерзімді ой,пікір туғызып қалыптастыратынын еске алсақ театр мамандарының қандай жауапкершілікпен жұмыс жасауы керек екендігі анық болары сөзсіз.

Соныменен театардың күре тамыры қандай мамандар,олардың театр өміріндегі атқаратын қызметі,алатын орны,жауапкершілігі,нені білуі керек, нені меңгеруі керек,сонымен қатар театр өнерін қалай көтеруге болады тағыда басқа мәселе- лер туралы тоқталалық.Татардағы жүргізілетін жұмыс қайдан басталып қалай аяқталуына байланысты бізде әрі қарайғы ойымызды сол реттілікпен баяндайық.

РЕЖИССЕР

Театрдың ұлы білгірлерінің бірі Станиславски**Драматург болу үшін талант керек ал режиссер болу үшін ұлылық керек*-*деген.Бұл сөз босқа айтылмаған осы салада жұмыс жасау үшін келешек “Ұлы”-деген шыңға көтерілк үшін режиссер қандай болуы керек,ол өзіне тиесілі халыққа рухани тәрбие беретін жұмысына қандай дайындықпен келуі керек міне біз осы тарауда шама шарқы- мызша осыған тоқталмақпыз.

Режиссер дегеніміз **Табиғаттағы бар тыныс тіршілікті,жанды-жансыз заттардың болмысын, сонымен қатар олардың іс-әрекеттерін, жақсы жаманды әсерлерін ой елегіне салып,белгілі бір дәрежеде өз қияал артқылы шығармашылық шыңдаудан өткізіп сахналық өмір шындығына айналдыр- атын және туындатқан шығармасы үшін көрермен алдында есеп бере алатын сахыналық қолбасы,ұстаз**

Режиссердың басты қаруы драматургиялық шағармалар.Драматургиялық шығармалар өзінің оқиғалылығы,тіл байлылығы,ұлтық болмысқа жақындағы, өзектілігі, әсерлілігі артқылы жеті түрге бөлінеді.

1.Үлкен дайындықпен ізденуді және нақтылықты талап ететін ірі шығар - малар.

2. Оқигасы күнделікті өмір тіршілігімен араласып жататын терең талап

тілемейтін бірақта айтарлық ойы бар замандас шығармалар.

3.Нақтылы ой пікірі анықталмаған берер нәрі түсініксіз салмақсыз сөздер- мен іс- әрекеттерден тұратын арзан қолды тартымсыз шығармалар.

4.Нақтылы өмір талабына сай қоғамға қояр талабы мен айтар пікірі бар көрермен талдауына түсе алатын таласты шығармалар.

5.Халық мұрасы болып саналатын халықтың ұлтығы мен салт дәстүрлерін қорғайтын тарихи деректерге немесе ауыз әдебиетінің ақпарларына сүйенген ұлтық құндылыққа жататын шығармалар.

6.Адамдарға жасанды күлкі мен қоңіл күй сыйлайтын бір сәттік жеңіл мағаналы шығармалар.

7.Басқа ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті мен әдебиетін таныстыру, мақсатында қойылатын жат жұрттық шығармалар болып бөлінеді.

Осы орайда айта кететін бір сөз жоғарыда айтылып отырған драматургия- лық шығармалар өзінің өзекті мақсатына мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінетінін режиссерлер жақсы біліуге тиіс.

Көп жағыдайда әдеби шығармалардың көбісі талапқа сай болмаса да жарық көріп оқырмандарға ұсынылып жатады, ал сол жазушы мен шығуына белгілі бір құрметтен кейін ықпал жасаушы және мақтау грамотасына қол қоюшылар авторының аты мен алғашқы бетін оқыған соң шығарманың қайда кететінін ойланады ма мекен ?

Мұндай шығармалар әдебиетіміздің драма саласында да көптеп кездеседі. Ал сахнаға сондай шығарманы қоюшы не істейді? Амалсыздың күнін кешіп шық- қан шығынның орнын толтыруды ғана мақсат ете алады. Бұндай жағыдайда театрдың алдына қойылған негізгі мақсаты рухани қоғамдық тәрбие беруден алшақ өз міндетінен тысқары қалады.

Міне осы жағыдайға орай біздің айтпақ ойымыз сахналық қойылымның ең басты жауапкері режиссер драмалық шығарманы алмас бұрын төменде айтқалы отырған ойларға қатты көңіл бөлуі және орындау керек:

1) Қойылатын шығарманы сахналауға алмас бұрын бірнеше оқып, танысып таразыңа сал.

2) Қойылатын шығармаға сай өз мүмкіндігіңді жанжақты ойша сарапқа сал.

3) Материалдық қорыңдыда есепке ал.

4) Ең бастысы шығарманы сахыналауға тікелей әсер ететін қанаттас серіктестерінің де шығарманы нақтылап оқып шығуын талап ет және өз пікірлері мен ойларын ортаға салуға ықпал жаса.

5) Осы жоғарыдағы шарттар орындалған соң барлық ақпараттарды пайдалана отырып шығарманы сахнаға шығару үшін ойларыңды қағаз бетіне түсіріп жазбаша дайындыққа кіріс.Өз қиялыңдағы бейнеліңді дайындық барысында жасайтын қыймылдары мен сөйлейтін сөздерінің айтылуын орындап көр.

6)Жазбаша дайындығың аяқталған кезде шығарманы сахнаға шығарушылармен шығарма жөнінде әңгіме өткізіп,шығарманы дауыстап оқу жасап сөз ырғақтарын айтуларын тыңдап үндер өзгерісіне талдау жүргіз.

7) Ең соңғы әрекет,дайындық бастар алдында, әрбір кейіпкерге сай актер- ларды іріктеп ролдерді өнерпаздарға өзіңе жағымды жағымсыз ықпал ететін өнерпаздардың әсеріне қарай емес жасалатын кейіпкер бейнесіне сай келетін тұлғаларға әділ бөліп бер...

Ең бастысы режиссер өзінің өмірлік ұстаз екенін ұмытпауы керек. Сондықтан да театрдағы әрбір тұлға атқаратын роліне қарамай оның шәкірті болады.

Режиссерлық ізденіс және іс-әрекеттер жөнінде.

Қойылатын шығарманың мазмұндық мақсаты қандай екендігі, оқу танысу кезінде анықталады. Шығармадағы оқып, танысылған оқиға барысы алдына қойылған мақсатқа жетуі режиссерға үнемі басты нысана болуы керек. Шығармада өтетін әрбір іс-әрекетпен оқиға туындылық тығыз байланыста болып, шығарманың шарықтау шыңы мен шешілер түйініне жетелеуге тиіс. Шығарманы режиссердың өзінің режиссерлық талдауы кезінде, оқылып отырған шығарма оқиғалары мен болашаққа жоспарланатын режиссерлық шешімдер, қиял сахнасында тоғысуы шарт.

Режиссерлық қиял сахнасы дегеніміз:

*Режиссердың шығарманы оқу кезінде оқиганы ішкі ойымен ұштастырып, өз қиялында сахналық қойылымдар жасауы**

Бұл ішкі ой сахнасы,сахнада келешек қойылатын шығарманың іргетасы. Сонымен қатар ішкі ой сахнасы, режиссерға шығармадағы оқиғалардың байланысы мен үйлесімділігін және керісінше бір-біріне алшақтығын анықтауына үлкен ықпалын тигізеді. Режиссер ойнайтын актерлардың дауыс ырғағын, қимыл-қозғалыстарын, киетін киімі мен пайдаланатын

құрал жабдықтарын да шығарманы әр оқыған сайын көз елесінде көріп, ой елегінен өткізуі керек.

Режиссердың ең басты көңіл бөлуге тиісті міндеті, шығармадағы кейіпкерлердің ара қатынасындағы қолданатын сөздерінің қатынастық мағынасы, сөздің қандай түріне жататындығын анықтау.

Бұл мәселені айтып отырған себебіміз, сахналық қойылым көрністері режиссердың шығармаға байланысты ой қиялынан және ізденуінен туындайтын дүние. Сондықтанда шығармадағы сөздің орындалу ерекшелігі үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Өйткен себебі режиссер сахнадағы әр бір қойған көрнісін, сөздің айтылу мақсатына қабыстырып бір-бірінен алшақтаусыз жатпауын қадағалауы керек. Себебі, бір-бірімен үндесіп жатқан көрністегі оқиға жүйесіне, ырықты мәнерде сөздің сөйленуі, шығарманың жүйелілігі мен әсерлілігін нақтылайды. Оқиға іс әрекеттерге дәлме-дәл қабыспаған, сөз ырғағы мен қимыл-қозғалыстар өз орнын таппаса, қойылымды көріп, қабылдаушыларға жасалған әрекет пен айтылған сөз оғаш дәреке көрінеді.

Шығарманы оқу кезінде жазылым бойынша әрбір келешек сомдалатын кейіпкердің бейнелік ерекше (психологиясы) мінез-құлықтары анықталуы қажет. Өйткен себебі кейіпкерлердің бейнелік мінез-құлықтары анық - талмаса келешек сол бейнеге тағайындалатын орындаушы да нақтылы өз кейіпкерінің бейнесіне сай таңдалмайды. Ондай жағдайда өзі сомдайтын кейіпкеріне сай болмағандықтан, орындаушы сомдайтын бейнені өз дәрежесінде шығара алмайды.

Актерларды, кейіпкерді орындауға бөлген кезде атақ даңқына, еңбек жылдарының ұзақтығына немесе режиссердың өзіне ұнағандығына, жасының үлкендігіне, біреулердің нұсқағандығына, көңлін қимағандығына қарап бөлме.

Актерларды кейіпкерге сай мінезіне, күнделікті тыныс тіршілігіне, кейіпкердің өз қиялындағы бейнесіне сәйкестігіне сай бөл.

Режиссердың тағыда бір есте сақтайтын басты мәселесі актерлардың бейнелік тартымдылығы.

Бейнелік тартымдылық деген не ?

Бейнелік тартымдылық дегеніміз адамның жаратылымдық пішінінің шығармадағы сомдалуға тиісті кейіпкерге берілген шығармашылық мінездемесіне сай келуі.

Сондықтан да шығармалардағы кейіпкер өзінің шығарма бойынша берілген бейнелік мінездемесіне қарай :

1. Жағымды кейіпкер

2. Жағымсыз кейіпкер.

3. Бейтарап кейіпкер.

4. Негізгі кейіпкерлерді сүйемелдеуші жалпылама көпшілік кейіпкер болып бөлінеді.

Жағымды кейіпкерлер қойылымдық шығарманың сомдалуға тиіс негізгі басты бейнесі болғандықтан, қойылым барысының басқа тұлғаларға тікелей әсер ететін шешуші жетекші тұлғасы деп есептеледі. Сондықтан да оның бейнелік тартымдылығына, бейнелік ашық ерекшелігіне режиссерлық басты негізгі күш жұмсалады.

Сомдалатын бейненің түр-түсі жасаушының әдемілігіне немесе сымбаттылығына карамайды. Өйткені көп жағдайда актерлардың келбеті әсем болғанымен, көрерменге кейіпкерді сомдаудағы ұнау әсері аз болады.

Актерлардың өзіндік жасайтын бейнесіне сай бірғана жарасымдылығын тапсаң және ол жарасымдық орындаушының келешек шығаратын өз қиялындағы бейнесімен қабысып жатса, онда режиссерлық қиялдың мүлтіксіз орындалатына кәміл сенуіңе болады.

Мұндай бөліс шығарманың сәтті шығуымен қатар, шығармашылық ұжымның көрермендер ортасындағы дәрежесі мен өнер адамдарының өнердегі даңқын көтереді және жасалынған еңбек нәтижесі қабылдаушылардың есінде ұзақ сақталады. Бұл шарт орындалмаса театрдың шығармашылық табысы тоқырауға ұшырайды. Ең қауіптісі-көрермендерін жоғалтады.

Театрға көрермендер шақырумен немесе тапсырыспен келмеуі керек. Өздері ерікті түрде **рухани қажеттілігін қанағаттандыратын қасиетті орын** екендігін мойындап, ізденіп келуі керек. Өздері ізденіп келуі үшін, жоғарыдағы шарт бұлжымай орындалуға тиіс.

Шығармамен танысу кезінде режиссердың қадағалап, қатты көңіл бөлетін мәселесі, оқиғаның өтетін шығармашылық шартты орны және ол жерде болуға тиесілі заттардың ыңғайлылығы мен қолданбалылығы. Осы арада режиссерға айта кететін тағы бір есте боларлық жай – ол не ой ойласада, қағазға түсіріп отыруы керек. Өйткені себебі әлі пісіп, жетілмеген ойдағы оқиғалар, іс-әрекеттер кейіпкерлер тез ұмтылады. Ал жазылып отырған жағдайда алғашқы ойлардың өрісі ұлғайып, сомдала түседі.

Сондықтанда шығармамен оқып, танысу кезіндегі ой дайындығы мен жазып, сызу дайындықтары да қоса жүруі тиіс. Бұл айтылып отырған жазу-сызу актерлардың да тіршілігінің ажырамас бөлігі болуға тиіс...

Режиссер шығармашылық дайындық кезінде тысқарғы ойлар мен әсерлер -ден аулақ болуға тырысуы қажет.

Режиссер, сахнаға қоятын қойылымың және ондағы кейіпкерлер үнемі сенімен бірге болатынын ұмытпа!

Шындығында шығарманы сезіне білсең, сенің сырласың болып, күн өткен сайын, сенің жан дүниендегі қымбатты бір бөлшегіңе айналады.

Ал, ол шығарманы сен сана сезімің мен ой қиялыңа сіңіріп, туындату мақсатына айналған кезінде, тысқары әсерлер, кері ықпал жасайды.

Режиссер таңдаған шығармасымен жұмыс жасап жүрген кезде, басқа шығарманы таластыра талдауға болмайды. Өйткені себебі жанама

шығарманың әсері негізгі таңдаудан ауытқытып шығармаға деген салғырттық туғызады.

Әр шығарманың әсерлі және солғын жақтары болады, сондықтанда, ойы мен мақсаты бар шығармаларға аздаған кемшілігіне қарамай кез келген оқиғалары мен сөздерін **толықтырып**, негізгі мақсатынан сырын кетірмей сахналық қойлым жасауға режиссердың толық хақысы бар.

Режиссерлық толықтыру дегеніміз **Режиссердың қойылым бойынша шығармашылық оқиғалардағы және сөздердегі әлсіз жерлердің негізгі мақсатын қоюландырып, көрерменге түсініксіз сөздер мен оқиғаларды сахналық өңдеу арқылы түсініктілік дәрежесіне жеткізуі**

Осы арада айта кететін тағы бір режиссерлық еркіндік шығармадағы оқиғада өзін-өзі ақтамайтын немесе негізгі желіден тысқары қалатын әрекеттер мен сөздердің қойылымға әсері мен ықпалы жоқ болғанда әрекеттер мен сөздерді қысқартып, пайдалануға немесе мүлдем алып тастауына болады. Бірақ қысқартуды ретсіз пайдалана беруге де болмайды. Режиссер кез келген өмірдегі бар жанды, жансыз заттардың табиғи болмысын қиялдау артқылы ой жүзінде салыстырмалы түрде елестетіп, жатыңқы араластық бейне тудыра білуі керек. Онсыз, яғни бейнелердің салыстырмалы жатыңқы, араластық тұлғасын жасай алмаған режиссерға жақсы бейнелер туғызу мүмкіндігі аз болады. Бұл сөздің айтылып отырған себебі, келешекте сомдалатын бейнелермен шартты түрде олардың пайдаланатан заттарының ара жақындықтары мен қайшылықтарын ажырата білу үшін қажет. Сомдалатын бейнелер мен пайдаланатын сахналық құрал жабдықтардың жақындықтары және қайшылықтары қарама-қарсы жатыңқы араластық тудырады.

Жатыңқы қарама-қарсы араластық дегеніміз **Екі қарама - қарсы қайшылықтың оқиға кезіндегі бір-бірін ашатын жарасымдығы**

Режиссердың шығарма бойындағы қарама-қарсы бейнелердегі белгілі қайшылықтарды жанама бейнелер яғни қарама-қарсы бейнелердің шығармадығы негізгі мақсатын ашатын, көмекші бейнелер арқылы толықтыруы негізгі тұлғаның ашылуын қамтамасыз етеді. Ал негізгі тұлғаны толықтырушы, көмекші бейнелер толық сомдалмаса негізгі тұлғаның ашылуы көмескі болып қалады. Негізгі басқы тұлға сөзінің өзекті шығуын, іс-әрекетінің сенімді болуын, шығармадағы мақсатының толық орындалуын көмекші бейнелер қамтамасыз етеді. Сондықтанда көмекші бейнелерге назар жоғары дәрежеде бөлініп, негізгі басты тұлғалармен тең шыңдалуы қажеттілік етеді.

Сахналақ шығармадағы көмекші бейнелер дегеніміз ** Шығармадағы басты тұлғалардың негізін қалайтын және тұлғалық бейнесін аша*

*отырып, басты тұлғаның шығармадағы негізгі мақсатының анық орындалуын қамтамасыз ететін, шығармалық негізгі елеусіз күш**

Көмекші бейнелердің толық өз мәнінде ашылмауы, негізгі басты тұлғалардың түсініксіз, әсерсіз жұмбақ бейнеге айналуына әкеліп соғады. Бұл дегеніміз, көрермен алдындағы қойылымның мақсатсыз болғандығын әшкерелейді. Шығармадағы дұрыс сомдалған, пісіп, жетілген көмекші бейнелер негізгі басты тұлғаның ең биік шығарма шыңына шығып, негізгі түйінді шешуіне мүмкіндік туғызады.

Шығармадағы кез келген тұлғалардың шығармашылық жинақылығын сақтау қажет. Шығармашылық жинақылық сақталмаған жағдайда дайындалатын туындының айтар ойы бытырап, өзінің жүйелік байланысын жоғалтады. Ал жүйелік байланысын жоғалтқан шығарма өзінің сахнадағы туындылық мәнінде жоғалтады.

Шығармашылық жинақылық және жүйелік байланыс сақталмауы дегеніміз

**Сахнадағы қойылатын шығарманың түп нұсқасындағы сөздердің негізгі мақсаттан ауытқуы немесе қысқарту кезінде сөз бен сөзді, оқиға мен оқиғаны байланыстыратын қажетті сөздер мен оқиғалардың алынып тасталуынан туындайтын тұлға жасаушының бірнеше сәттегі атқаруға тиісті ой мақсатын түсінбей-ақ, мағынасыз бейнелер жасаған көріністері*.*

Режиссер бұл мәселеге баса назар аударып, жинақылық пен жүйелік байланысты негізгі мақсатынан ауытқытпай, нақтылы арнасына салып отыруы тиіс. Режиссердың аса бір көңілге сақтауға тиісілі мәселесі шығармаға тәуелділік.

Шығармаға тәуелділік дегеніміз, шығармадағы оқиға аясына берілген авторлық ұсыныстың шеңберінен шыға алмай, ойланған режиссерлық шешімдерді іске асыра алмау.

Авторлық ұсыныс дегеніміз шығарманы жазушының өз қиялымен жазған көріністер мен оқиғаларының режиссер ойына ұсынған желісі.

Режиссер сөздер мен оқиғалардың сахналық ұтымды, шығарманың ой-мақсатын ашатын жақтарын көрсету үшін, режиссерлық шешімдерді ұтқыр пайдалануы керек.

Сондақтан да *осы айтылып отырған мәселеге байланысты ойының белгілі бір шеңберінен шығып, шығарманың көркемдік әсері мен мәнділік мағынасын жетілдіру, режиссерлық шеберлік болып есептеледі.*

Көп жағдайда режиссерлар бұл мәселеге назар аудармағандықтан, қойған қойылымдарының көрермендерге ұнауынан ұтылысқа шығып жатады.

Шығарма жазушы автор мен көрермен ойының жұмбағын алдын ала шешіп, өз ойымен ұштастыру, нағыз режиссерлық даналық бөліп есептелуге тиіс. Режиссер қойылатын қойылымдарға , сахналық безендіру және қолданбалық құрал жабдықтар таңдау мәселесінде, өзінің ойымен екшеуден өткізіп, келешек сахнада болуға тиесілі, пайдалануға ыңғайсыздық тудырмайтын заттай құрал жабдықтарды жобалап, дайындатуға міндетті.

Өз жобасы дайын болғаннан соң, құрал-жабдықтарды сахнада пайдаланудың реттілігі мен ыңғайлылығын құрал-жабдық дайындайтын, арнайы маманмен ақылдаса отырып, сарапқа салуы керек.

Арнайы мамандар сахналатын шығарма мен толық танысып, саралап, оқып өз қиялымен шығармадағы негізгі мақсатқа үндесіп, пайдалануға дайындалған туындысын іс жүзінде қорғауы керек.

Режиссер суретші, қолданбалы заттар шеберінің ортақ пікір мен шешімдері, қойылуға тиісті шығарманың заттай көрністік ашылуына кепілдік бере алады. Сахнаға қойылатын көріністік тұс арқалықтар (декорация) немесе көрністі шарттылық көрнекіліктер мен құралдар қойылымға қарай, көрермендерге ішкі ой туғызатын шығарманың мақсатындағы өзекті мәселесіне сай болуы шарт.

Өйткені себебі сахнадағы көрністік тұс арқалықтар мен көріністік шарттылық, көрнекіліктері мен пайдаланбалы құрал жабдықтар, шығарманың алға қойған мақсаты мен мәніне, көрермендердің өз қиялдары мен қойылым барысында түрлі шешімдер қабылдап, ең соңғы сатысында ортақ үндестікке келуіне ықпал етеді.

Ал бұл үндестік назарға ұсынылып отырған шығарманы, қабылдаушыларға рухани қанағаттануды қамтамасыз етеді.

Мысалы: “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” трагедиясын алып, соған шығарма мазмұны арқылы жеткізілуге тиісті ойымызды, декорациядағы бейнелермен түсінісіп көрейік.

Ұсынылып отырған суреттің ең артқы жағында:

1.Түнерген аспан, дүниенің астан – кестенің шығарып, найзағаймен тілгілеп, от шашатын қаһарлы қою қара, сол заманның бұлты төніп келеді.

2. Ортада мызғымас түнерген жаңғыз қара жартас. Жартастың сол жағының ең үстінде жалғыз шынар өсіп тұр.



3. Жартастың алдына қарай құлап, кетердей болып қыздың бас киімі сәукеле тұр. Сәукеле астынан құлай аққан екі сарқырама көрінеді.

4. Жартастың орта тұсында қалқан мен найза тұр.

5. Ең төменнен көрінген өлген жылқылардың үйілген бас сүйектері жатыр.

6. Жалқының тозған тағасы. Станок

Енді шымылдық ашылып бірден көрермендер көзіне көрініп “**бұл не**” деген алғашқы ойды туғызатын сахна төрінде тұрған декорациядағы суреттік шарттылықтарды қысқаша талдап өтейік.

Ескерту:

Көрермен ойына сахнада қойылып жатқан шығарма желісінен тысқарғы ойлар салып, көрермендер көңілін бөлетін, түрлі жылтырақ әсерлеуші заттар мен техникалық мүмкіндіктерді көп пайдалануға немесе мүлдем пайдалануға болмайды.

Өйткені басты мақсат - көрермен санасына қойылым мазмұны мен мақсатын жеткізу болып, саналады.

Қойылымға баға әлем –жәлем, жарқылдап-жұрқылдаған немесе аяқ асты тосын қойылыммен қабыспайтын, таң қалдырудың әсерін жасайтын, оғаш әрекеттермен берілмейді.

Қойылымға ұсынылған шығармаға, көз алдыда өтетін тіршіліктің, көрермен көңіліне табиғи етене жақын, өмір шеңберіндегі әрекеттері арқылы беріледі.

Сонымен жоғарыда айтылып отырған жіктеуіміз бойынша:

1. Түнерген аспан, дүниенің астан – кестенін шығарып, найзағайымен тілгілеп от шашатын сол заманның қаһарлы қою кара бұлты, шартты түрдегі екі ғашықтың өмір сүрген уақыттағы замана ортасының қаталдығы мен рахымсыздығын білдіреді. Оның үстіне көрермен көңіліне белгілі бір дәрежеде тітіркенумен, оқиғаның көңілсіз қауыппен қатерден басталатынын жеткізеді...

2. Ортада мызғымас түнерген жалғыз кара жартас. Бұл Қарабай арқылы берілетін қатыгез, өмірде байлықтан басқа игілігі болмайтын, адамдар арасында болатын, өз уақытында қатар өмір сүрушілерден жеке, оғаш, түнекті өмір сүрушілер жаратылысының келбетін беретін, салыстырмалы кейіпкерлік, танымның мүсінді бейнесі.

Жартастың сол жағының ең үстінде жалғыз шынар өсіп тұр. Аспан астындағы тіршілік атаулыдан жеке дара көктегі күнге ұмтылса да, түнек қоршауынан шыға алмай, дараланып, кара жартастай мызғымас, дүлей тағдырдың құрбаны болған Баян бейнесінің шартты белгісі.

3. Жартастың алдына қарай құлап кетердей болып, тұрған қыз сәукелесі, рухани байлығы шамалы, заман тұңғығына құлаудың азақ алдында тұрған, қыз тағдырын білдірсе, сәукеле астынан құлай аққан екі сарқырама кейіпкерлердің зарлы заманда төккен көз жастарын білдіреді.

4. Жартастың орта тұсында тұрған, қалқан мен найза, сол замандағы теңсіздік пен қорғансыздыққа көнбеу әрекеті мен қарсылықты білдіретін белгілер.

5. Ең төменнен көрінген өлген жылқылардың үйілген бас сүйектері тоңмойындық пен тойымсыздықтың, бала бақытынан гөрі өзіне де, өзгеге де қуаныш бере алмайтын байлық жинағанда, артында қалатын ашқарақтың соңғы шығар шыңын көрсетеді...

6. Станок. Бұл сахнада орындаушылардың ойынын ақтау үшін, жүріп тұрумен, сөзі мен іс-әрекеттері кезінде түрлі қимылдыр жасауы үшін, пайдаланатын сахналық жабдықтар. Бұл станок кез келген адамнан артта қалар іздің шартты бейнеленуі. Таға станогіне қарап, әркім өзінен қалар іздің танбасын ойлауы керек деген ұғым береді.

Бұл өте қысқаша талдауымыз, режиссер ойына кішкене қарапайым түрткі ой салу. Әрине сахнада қойылатын туындылардың өз заманына, тақырыбына қарай сахналық жүйеге сұраныс жасайды. Өйткені сахна өнері-бір заман мен бір уақыттың ғана оқиғасы және кейіпкерлерімен шектеліп қалмайды. Сондықтан да сахна төрі әрқашанда жаңарыпн заман талабына сай өзгеріп отырады. Ол өзгеріс шығарма кейіпкерлерінде өзгертіп отырады. Бірақ осы арада айта кететін бір бұлжымас шығармашылықтық тәртібі қатаң сақталуға тиіс. Ол тәртіп қандайда ұлттың ұлттық болмысын көрсететін негізгі үлгісін қатаң сақтау...

Режиссерлық шешімдердің дұрыс, нақтылы болуы сахнаны көркемдеуші -нің түпкілікті ойлы шешім шығаруына негіз болады. Қазіргі театр заңдылықтарында, көрністі шарттылық көрнекіліктерін қолдану басымдылық таны -туда. Бұл құптарлық бағыт. Себебі, шарттылықтар көзге көрініп тұрып, шығарманың мазмұны мен қойылымына көрерменнің іштей тікелей қатысуы артқылы ойлы шешім іздеуін, қамтамасыз ететін шарттылық әсер.

Режиссерлық шешім, суретшінің өзіне ортақ шешіміне сай келгенде сахнадағы қойылымның тұтастыққа ұласып, орындаушылар әрекетімен ішінара байланысқа түсетіндігін бүкіл қойлым бойына аңғаруға болады. Ал жарасымдық таппай араларында алшақтық болған кезде, режиссер мен суретшінің шешімдері бір-біріне оғаш алшақтықты айқын көрсетеді. Бұндай жағдай сахналық қойылым көрініс, қабылдаушыға кері әсерін тигізіп, қойылым бойына түсініксіздік пен алаңдаушылық туғызады.

Сахнада пайдалануға тиісілі жалпы заттар мен олардың ашылу сырлары туралы, сахналық суретшілік шеберлік туралы, алдағы айтар пікірімізде кеңірек тоқталармыз.

Режиссерлық жеке дайындықтан соң, жалпы сахналық шығарманың, жан-жақты бірігіп, тұтас бір туындыға айналуын қамтамасыз ететін, негізгі шешуші сәті дайындық, яғни шығарманы бір – біріне, біртін – біртін біріктіру басталады.

Бұл біріктіру кезеңі, шығарманың келешек, қандай туындыға айналуына ықпал ететін, өте жауапты кезең. Сондықтанда, туындының үлкен – кішісіне қарамай, режиссер өзінің шешімдерін нақтылы жауапкершілікпен іске

асыруы керек. Әр бір салғырттық пен жеңіл-желпі жасалған жұмыс, шығарманың осы қателік жіберілген тұссындағы жасалған еңбектің сапасыздығын көрсетеді. Бәрімізге белгілі, театр өнеріндегі жасалатын еңбектің қортындысы там-тұмдап жиналып, ортақ нәтижеге жететін және ортақ баға алатын жауапты іс.

Сондықтанда жауапкершілікке басшылық жасайтын режиссер, өз ісіне тиянақты қарап, дайындық кезіндегі шығармашылық қадағалау шабытына шектеу немесе тежеу қойып, ойлаған ойының орындалмауына жол беруіне болмайды.

Сыртқарғы дайындық кезінде, айтылатын түрлі пікірлер мен ұсыныстар режиссер шешіміне өте керіғар әсер етіп, туынды жасауға бөгет болады. Режиссердың сахнадағы шығармашылық шешімдерінің өрістеу мен өрбіп даму кезінде, айтылған түрлі пікірлер мен ұсыныстарға тиым салынуға тиіс. Өйткені, жалпы шығарма бойынша шығармашылық дайындықтан өтпеген, белгілі бағыты жоқ пікір айтушының, бір сәттік әсермен айтқан ұсынысы жалпы туындыға ықпал жасай алмайды.

Туынды жасау кезінде жасалатын қимылдар, іс-әрекеттер, өзіне тиесілі дәрежеге жеткенше бірнеше қайталануы мүмкін. Бұл жағдайда режиссер орындаушыларға бар мүмкіндіктерді пайдалана отарып, айтылар сөзбен іс-қимылдың не мақсатқа арналып тұрғанын, олардың ара байланысын, қойылған шарт орындалған жағдайда, қандай нәтиже болатындығын әңгімелесу арқылы немесе тыстан бақылату арқылы түсіндіру қажет.

Режиссер оқиға барысында болатын қимылдар мен көрністік іс әрекеттің және бұлардың анықтаушы сөз сөйлеудің ара қатынастарын қиюластырып, бір-бірін ақтайтын байланыс жасауы тиіс. Көрніс кезінде бір-біріне қиюласып жатпаған ара қатынастар туындының яғни қойылымның мақсатын шашыратып, өз ара жарасымдылығын жояды.

Жарасымдығы жойылған қойылым, қимылдар мен іс-әрекеттерді, сөздерді қажетті қалыптан шығарып, бір-біріне жарасымдылық туғызатын шеңберден тысқары, тұтастық мақсатын бұзатын оғаш - алшақтық пайда болуына әкеліп соғады.

Сахнадағы әрбір айтылатын сөз бен атқарылатын іс сол сәттегі өзінің қабылдаушыға берген әсерінің ықпалын, келесі ауысатын жүйеге яғни оқиға мен көрніске жетекші жүйе ретінде тасымал жасауы керек.

Режиссер қойылымдағы қимылдар мен жасалатын сахналық іс-әрекеттердің, айтылатын сөзге байланысты, шығармадағы ойдың анықтаушы әрекеті екенін ұмытпауы керек.

Сондықтанда жасалатын немесе қолданылатын іс әрекеттің бәрі, айтылатын сөздің сол сәттегі ықпалына бағынышты.

Сөз ықпалының қандай ықпал екенін, сол сәттегі оқиғаға байланысты, дауыс ырғағы анықтайды. Сөз ықпалының билігі шығарма бойына, әр түрлі кезеңдегі оқиғаларға байланысты сөз қолдануына қарай өзгеріп, қажетті шеңберінде билігін жүргізіп отырады.

Сөз ықпалы билігі дегеніміз:

**Адамның бір сәттегі ішкі ойының қортындысы бойынша, барлық сезіміне әсер етуші күштің салдарынан туындайтын, дауыс ырғағымен астарласып, сыртқы іс-қыймылдар мен ақталатын әрекет*.*

Сөз ықпалы өзінің туындауына қарай жеті түрге бөлінеді:

1. Қалыпты ықпал.

2. Шешімді ықпал.

3. Сұранымды ықпал.

4. Жұмбақты ықпал.

5. Сабырлы ықпал.

6. Ренішті ықпал.

7. Ашулы ықпал.

Бұл ықпалдарды түсінікті болу үшін қысқаша талдай кетеміз.

1. ҚАЛЫПТЫ ЫҚПАЛ.

Адамдардың өзара қалыпты сөйлесуі кезінде болатын сөздердің алма-кезек ауысып, солғу реті ретті болады. Сол алма-кезек сөйлеу кезінде, пайда болатын сөздің сарыны өз шеңберінен шықпайды. Сондықтан да қимылдар мен іс-әрекеттерге көп иек артылмайтын ықпал.

2. ШЕШІМДІ ЫҚПАЛ.

Адамдардың өзара сөйлесу кезіндегі айтылған немесе естілген сөздерге нақтылы жауап талап етіп, шешім күтетін сөздің ықпалы. Бұл ықпал кезінде сөз сарыны өз қалпынан өзгеріп, сол сәттегі өқиғаға сай, өзінің мөлшерлі шеңберінде шешімділік пен нақтылы қимыл, әрекетті талап етіп, ықпалдың шешімді бөлуын тугызады.

3. СҰРАНЫМДЫ ЫҚПАЛ.

Адамдардың өзара сөйлесу кезіндегі, бір-біріне сол сәттегі тәуелділігінен туындайтын сөздің мақсаты сұранымын білдіріп, сөз әсеріне қимылдар мен іс-әрекеттерден жақтастық табатын ықпал.

4. ЖҰМБАҚТЫ ЫҚПАЛ

Адамдардың өзара сөйлесу кезінде, бір-біріне ішкі сезімдерін, әрекет пен іс-қимылдар арқылы білдірмей, тек сөз арқылы ой мақсатын, жанамалы түрде аңғарту әсерімен, шешім күтетін ықпал.

5.САБЫРЛЫ ЫҚПАЛ

Адамдар өзара сөйлесу кезінде, ара қайшылықты болдырмау мақсатында жасалынған, іс - әрекетпен айтылатын сөздерден туындайтын кедергілерді жақтаусыз қалдыратын ықпал.

6.РЕНІШТІ ЫҚПАЛ.

Адамдар өзара сөйлесу кезінде, іс – қимылдар мен сөздердің жоғары көтерілуіне, өздері мақсаттылық ететін, қалыпты шеңберден шықпауды қадағаламайтын ықпал.

7. АШУЛЫ ЫҚПАЛ

Адамдардың өзара сөйлесу кезінде ,бір-біріне ішкі қайшылық сезімдерін оғаш әрекет пен іс - қимылдар арқылы ашық білдіріп, сөздің мақсатты айтылуын байқап, қадағалауға қалыпты шеңберден шыққандықтан жауапты бақылау жасай алмайтын ретсіздік ықпал.

Осы жоғарыдағы айтылып отырған ықпалдардың әсерін, сахналық қойылымдар кезінде жасалатын қимылдар, іс-әрекеттер пайдалынатын жабдықтар толықтырып, орындаушылардың кейіпкерлік қатынастарын бейнелік тұрғыдан жарқын ашады.

Режиссерға осы орайда тағы да жоғарыдағы ықпалдардың өз орнын дұрыс табуы үшін, жалпы көрністің мақсатына орай, сөздің айтылу ырғағын яғни дауыстың оқиғада дәл тербелісін табуы керек екеніндігін ашып айтамыз. Оған себеп сөздің ықпалын, оқиға ортасынан көрермен ретінде тысқары отырып тыңдап, қабылдаушы қимылдар және іс-әрекеттер әсерімен көрген оқиғасын тұтас сезініп, бойына сіңіруі керек.

Режиссер орындаушылардың сөйлеу кезіндегі сөзді анық айтуын, айтылатын сөздің мақсатына орай дауыс ырғағына үндестігін, қойылым мағанасын өзгертетін сөздердің өзгеріспен айтылмай қатаң сақталуын және кейіпкерді орындаушылар, колданбалы заттарды дер уақытында пайдаға асыруын қатаң бақылауда ұстауға міндетті. Ал дайындық кезінде қажет болған жағдайда бірнеше қайталаулар жасауға тиіс. Өйткені бұл айтылып отырған шарт сақталмаса, келешектегі көрсетілім үстіріктелмеген тақтайды үстелге қаққанмен бірдей болады. Бұндай кемшіліктер көбінекей шығармамен толық таныспаған немесе ат үсті оқыған, я болмаса шығарма мақсатын ұқпаған жағыдайда жиі кездеседі.

Сахнада қойылатын туынды, өз мәнінде болып, алатын бағасы жоғары болуы үшін, режиссерға тынымсыз еңбек пен төзім, талмас ізденіс қажет. Ал салғырттық пен немқұрайдылық және өз ісіне деген жауапкершілікті мойындамау деген режиссердың ұжым яағыни жаңа туынданы жасаушылар мен қабылдаушылар алдындағы бағасын түсіреді. Қойылатын туынды көпшілік алдына орындаушы артқылы көрсетіледі осыған байланысты режиссер орындаушының көкейден шығып көрермендерден оң баға алуына тікелей жауапты.

Режиссер театрдың жүрегі сондықтанда адам жүрегі сияқты сахына төрінен көрінбей тысқары қалады. Бірақта жүрек сияқты сахыналық қандайда болмасын қойылымды сырттай басқарып тұрады. Ал аурулы жүрекке бағынған ағыза қайткенде де кемшілікті әр мүшесінен жіберетіні сөзсіз. \

Режиссерға берілетін баға, қойылымның өн бойындағы көрерменге берілетін әсердің ықпал ету тереңдігімен ырзалығы.

Ал кейіпкерлерді сомдаушы өнерпаздарға берілетін баға өз жауапкершілігіндегі бейнеге деген көрермен ықыласы қол соғып қошамет көрсетуінде.

Сондықтанда режиссерлық ұлылыққа жету үшін тума талантпен қоса тынымсыз еңбек қажет.

Тынымсыз еңбектің қажеттілігі, орындаушы туындыдағы бір ғана бейнеде ойнаса, режиссер барлық бейнеде ойнауы сонымен қатар сахыналық барлық іс-әрекеттерді қойылымға сай ақтайтын шешім шығарып сол шешімінің мүлтіксіз орындалуын қадағалап оған жоғары дәрежедегі маман ретінде жауап беруі керек.

Режиссер дайындалуға тиесілі шығарманың жан-жақты әзірлігінен өткен - соң шығарманың өн бойындағы айтылар сөздердің ара қатынастарында - ғы ырғағына баса назар аударып қарама - қарсы айтылатын сөздерді өзі дауыстап айтып көріп дуыс ырғақтарының қандай болуы керектігін екшеп тыңдау елегінен өткізуіге тиіс.

Мұндағы нысана орындаушыларға айтылатын сөздің мақсатына орай дауыс ырғақтарын дұрыс пайдалануға және бейненің сөз арқылы ашыла - тын сәттерін дұрыс бағытқа бейімдеуіне әсер ету.

Бұл пікірді айтып отырған себебіміз бір-бірімен оқиғалық тығыз байлан - ыстағы сөз алмасу кездерінде сөздердің естілу толқыны арқылы тұлғалық бейнелер қатынасының дұрыс ашылуын режиссер алдын ала біліп отырып қажетті жағыдайда басқада ашылу жолын дұрыс таңдауға, іздеуге мүмкін - дік береді.

Тұлғалардың кейіпкерлік бейнелерін ашыуда ара қатынастық сөздер қарма-қарсы кейіпкердің өз бейнесін жауап беру кейпіне кіргізуге және айтатын сөз ықпалына сай іс-әрекеттер таңдауына үлкен мүмкіндік жасайды.

Осы орайда жоғарыда айтылған сөз ықпалына толық көз жеткізуімізге болады.

Режиссер сөз сөйлеудің, сөйлену сәтіндегі мақсатты толқынының ырғағына сай қимыл, қозғалыс және іс - әрекеттер сөздің мақсатын ақтауға негізделетінін басшылыққа алып, сол сәттегі сөзбен қозғалыс, қимыл іс-әрекеттерді бір – біріне тұтас сіңістіруі қажет. Терең мағыналы сөздердің айтылу ырғағымен жай айтылатын сөздер немесе жеке толғаныс сөздердің ырғағының көрерменге әсері және ықпалының әр түрлі болуына сай режиссерлық сөйлету шешімдері де әртүрлі болады.

Сөйлеу сәтіндегі тұлға жасаушының айтылған сөзінен, іс-әрекетінен, қыймыл-қозғалысынан жасалатын бейне жөніндегі ақпары мен сол өзі жасайтын бейнеге деген ішкі дайындығы анық көрінеді. Ал оны қатаң режиссерлық бақылауда ұстау өте қажет.

Егер осы сәтте режиссерлық салғырттықтан бақылау болмаса, келешек сахна төрінен көрерменге ұсынылатын бейне пісіп жетілмеген қабылдаушылар назарынан өзінің толық бағасын ала алмайтын құнсыз бейнеге айналады.

Режиссер сомдалатын бейненің нақты өзіне қажетті ізбен дайындық кезінде толық және анық жүріп өтуін жан-жақты қадағалап, нақтылы есеппен артық-кемсіз дайындауы қажет. Бірнеше қайталаудың әсерінен кей кездері кейіпкерді сомдаушылар жалығып, қарсылық білдірген жағдайда өз шешімін таппай тұрған сәті, келесі бір көрініске көшу арқылы сәл кейінге ысра тұру нәтижелі болады.

Бейне сомдаушылар дайындыққа кіріспес бұрын, сағат көлемінде өз алдына жауапкершілігіндегі сомдалатын бейненің қиялындағы тұлғасын өз еркімен жаттығу ретінде дайындық жасаумен айналысуы міндет. Бұндай жаттығу сомдайтын бейнесінің қандай тұлға екендігін орындаушы өз қиялымен жан-жақты сезінуі мен түсінуіне үлкен көмек болады.

Орындаушы өзіне қатысты басқада бейнелердің жасайтын іс-әрекеттері мен сөздерінің мақсат, мәнін нақтылы түсінуге тиісті. Ал оны талдап, түсіндіру режиссердың басты міндеттерінің бірі болып саналады. Оған себеб болашақ сомдалатын кейіпкерді орындаушылардың өзі екі түрге бөлінеді. Олар

Бағынышты* және *Ерікті
орындаушы.

1.Бағынышты орындаушы деп өзінің шығармашылық ізденісі шектеулі, айтылған ұсыныс көлемінде-ғана шығармашылық ізденіс жасайтын немесе айтылған ұсынысты қайталап орындайтын өнер адамы.

2.Ерікті орындаушы деп өз еркінше айтылған ұсынысты одан әрі дамытып, болашақ өзі сомдайтын бейненің шығармашылық бейне ретінде толық ашылуын қамтамасыз етіп, өзінің табиғи болмысына сай бейімдеп, үнемі өз бетінше ізденіс артқылы толықтырып отыра - тын өнер адамы.

Бұлардың айырмашылығы сахналанған туындыда ерекшеленіп тұрмауын режиссерлық шешімдермен келтіріп отыру керек. Осы айтылып отырған мәселе ескерілмеген жағдайда, сахнада жасанды өнермен табиғи өнердің қат-қабат келген сәтінде оғаш ерекшеліктер туғызады.

Режиссер орындаушылардың дауыс ырғақтарын неғұрлым шынайы естілетін тербелістерге ықшамдап жасанды дауыстардан арылтуға қатты жұмыс жасауы қажет. Жасанды дауыстар ешқашанда оқиғаға байланысты қалай құлпыртып айтса да қабыспайды. Оқиға сөз орындаушы тіптен көрерменде бір-біріне деген байланыстан жан-жаққа бытырап, түк әсер бермейтін беймағұлым түсінікте қалады.

Жасанды дауыстар көбінесе бағыныштылықтағы орындаушылардан туындайды. Енді бір аса көңіл бөліп, ескеретін мәселе ерікті орындаушы туындыдан немесе шығармалық ырықтан асып кетпеуінде де бақылау жасау қажет. Өзіне қажетті мөлшерден асқан ерекше орындаушылық шығарманың негізгі мақсатын жеткізуден гөрі бір сәттік әсер кезінде асыра сілтеу мен шектеледі. Сонымен қатар сол сәттегі өзімен қанаттастағы кейіпкерлердің оғаштануына және оның өзінің өзгелерден тыс әрекет етуіне әкеліп соғады.

Ал бұндай жағыдай орындаушының асыра сілтеуі, өзінің шеберлік құндылығын жояды. Бұл айтылып отырған мәселелер режиссердың сахналық қойылымдар кезіндегі белгілі бір көздеген мақсатына кері әсерін тигізіп, іске асырылмақшы негізгі мақсатын бұзады. Сондықтанда орындаушының негізгі бағытынан тысқары туындайтын ерекше орындаушылықтың өзінде режиссерлық шешім ықпалында ұстау қажет.

Әр режиссер сахналық шығармаларды дайындаған кезінде, кездесетін түрлі сәттерді бақылап, қадағалау үшін ***Дайындық күнделігін*** жүргізуге тиіс. Дайындық күнделігінің ерекшелігі сол, кез келген уақытта режиссердың басқа ойлаған жобасын байытып, орындаушының барлық мүмкіндігін толық ашу үшін түрлі қолайлы шешімдер қабылдауға мүмкін - дік жасайды. Режиссерларға сахналық туынды дайындау кезінде түрлі тартымды шешімдер келіп отырады.

Осы келген шешімдерді міндетті түрде алғашқы қабылданған шешімдерді байыта түсіу үшін пайдаға асыру дұрыс. Кей жағдайларда орындаушылардың айтқан сөзі немесе жасаған іс-әрекеттері ойын барысына жарасымдылық тауып жатса, онда орындаушыларды шектеп шығармашылық ізденісіне кедергі жасауға болмайды. Қайта сол жарасымдылықты ұтымды пайдалану керек.

Режиссерлық қадағалау мен бақылауы келешек қойылар туындының тазалығын, кәсіптілігін қамтамасыз етеді. Режиссер шығарманың орындалысындағы айтылар сөзбен, жасалатын іс-қимылдарды бір-біріне тең қалыпта ұстауы тиіс. Яғни іс-қимыл мен сөз бір-бірінен асып түспей бірін-бірі қажет мөлшерде ғана ақтап тұруы керек. Режиссерлық шешімдер жасалатын дайындық барысында өзгерістерге жиі түсетін болса, онда режиссердың шығарманы қайтадан өз бетімен сараптан өткізуі қажет. Қайта сараптудан өткен шығарманы алғашқы өзгерістерге сүйене отырып дұрыс, нақты шешімге бағындыру керек.

Осы жоғарыда келтіріп, айтылып отырған режиссерлықтың қыр-сыры мен жалғас табатын режиссерлық үлкен қырағылықты қажет ететін барлық шығарма бойына әмір жүргізіп, шығарманы сахналық үлкен дүниеге

айналадыратын ең басты құрал сөз сөйлеу шеберлігі. Сондықтан да жоғарыдағы айтылып отырған ойдың жалғасын сөз сөйлеу шеберлігіне жалғастырамыз.

Актерлық шеберлік немесе сахналық тұлға сомдау шеберлігі.

Актерлық шеберлік немесе сахналық тұлға сомдау шеберлігі туралы негізгі айтпағымызды бастамас бұрын сахналық өмірде тұлға сомдаушының орны, атқаратын жетекшілігі, міндеті, ең бастысы адамдар алдындағы өзінің орындаушылықтағы басты жауапкершілігі туралы пікір айта кетейік.

Сахна төрінен, халық алдында жоғары тәрбиелік адам ойы мен сана сезіміне әсер ететін және өмірлік қажетті рухани тәрбиесінің қалыптасуына ықпал жасаушы негізгі күштердің жеткізушісі ретінде тұлға сомдаушы (актер) көрермендерге сахналық рухани ұстаз, тәлімгер деп мойындалуға тиіс.

Сондықтанда тұлға сомдаушының сахна төрінен көрініп, тек көрермендер алдындағы міндетін атқару кезіндегі жауапкершілігі ғана емес, жалпы қоғам алдындағы жауапкершілігіне дұрыс баға берілуі міндет. Сахнада тұлға сомдаушының сомдаған тұлғалары, олардың айтқан сөзі, іс-әрекеті оқиғаның өткен кезеңіне қарамай, қабылдаушыға (көрерменге) жеткізіліп отырған сәттегі ойдың мақсатына сай, қоғамға қоғамдық ой туғызуға әсер етеді.

Олай болғанда туындаған, яғни қойылған шығармадан соң, көрушілер арасында сомдаушының өзі туралы емес, ол сомдаған тұлғаның (кейіпкердің) іс-әрекеті, ой пікірі, мақсаты, тәрбиелік мәні бар қол жеткен шешімі туралы түрлі пікір, талдау, таластар туады. Ал, сомдаушыға тек сол тұлғаны өз мәнінде қалай және қандай дәрежеде жеткізгендігі туралы ғана баға беріледі. Осы туындайтын пікірлер мен бағалар, сомдалған тұлғалар мен сомдаушылардың қаншалықты дәрежеде етене жақын болып, ашылғандығының шешімін шығарады.

Сахна төрінен белгілі бір тұлғаны көрсету үшін, тұлға сомдаушының жасайтын еңбегі мен толғанысы сыртқарғы адамдарға білінбеуі мүмкін, алайда сомдалатын тұлғаны жасап шығару үшін, тынымсыз ізденіс пен талмас еңбек қажет.

Тұлға сомдаушы, өзі шығаратын бейненің өзіне әкелетін атақ даңқын емес, сол тұлғаға қойылатын талап пен айтылар сындарлы рухани бағаны ойлауы қажет. Ал, оған төтеп беру немесе көрермендердің, яғни келешек талап пен сын айтушылардың ойлаған ойынан шығуы үшін тұлға сомдаушы, (актер) сомдалатын тұлғаның бірнеше қырынан қалай көрінетінін өз ізденісі мен зерттеуі, тұлға сомдауда үлкен жетістікке жеткізері сөзсіз. Сомдайтын тұлғасын күнделікті өзінің көз алдында жүрген тұлғалармен салыстырып, соның ішіндегі ұқсастарына бейімдеуге, соның

бір ерекше белгілерін кіргізуге тырысу, кәсіби шеберлігін арттыра түсері сөзсіз. Бұлай деп айтып отырған себеп, көрермендер қай кезде болмасын, көбінекей сомдалған тұлғалардан өздеріне тұспалас өмір сүрушілердің мінездері мен қылықтарын іздеп салыстарғанды қолайлы көреді және сол теңеулер арқылы көргендерін ұзақ уақыт есте сақтайды. Сондықтанда сахналық тұлға сомдаушылардың мойнындағы жауапкершіліктері өте жоғары болады.

Сомдау шеберлігі, табиғи таланттың тәжірибе жинау арқылы шығармашылық шеңберін ұлғайтып, оны іс жүзіне асыруынан пайда болатын қабілеттілігінің артуы.

Қабылеттіліктің артуы дегеніміз, сомдалатын сахналық кез келген тұлғаға сахналық кейіпкерді сомдаушының жан-жақты, өз ізденісімен режиссерлық шешімдерге сай сахнада өтетін іс-әрекеттеріне қортынды баға жасай білуі.

Сахналық шеберлік тұлға сомдаушының, өзінің шығармакшы кейіпкерінің сөзін, іс-әрекетін, қимылын өзімен қанаттас тұлғалармен салыстырып, солардың үндестігін айыра білуінен шынығып беки түседі. Ал үндестікті түсіну шығармашылық армандарға жетелейді.

Адамда болатын арманның екі түрі болады.

Олар:

а)Мақсатты арман

б)Мақсатсыз арман.

Мақсатты арман дегеніміз-адамның алғашқыда сана сезімімен орындауға тиісті ісін түйсініп, белгілі сол мақсатқа құрған жоспарын іске асыру үшін тынымсыз ізденіспен еңбектенуі арқылы нақтылы бір қанағаттанарлық нәтижеге жетуі.

Мақсатсыз арман дегеніміз-нақтылы қортынды шықпайтын, тек ой, елес күйінде қалатын ойлаушының қиялында ғана іске асатын немесе жай сөз ретінде айтыла салатын ешқандай іс әрекет жасалынбаған, нақтылы нәтижесі жоқ ойдың бос кеңістігі.

Бұндай қортындыны келтіріп отырған себеп, сахналық бейнелерді сомдау кезінде сомдаушылар өзіне беріліп отырған кейіпкердің сахналық тағдырына ат үсті қарап, оның қандай кейіпкер екенін, ой мақсаты неде, мінез- құлқы қандай, өзімен қанаттас кейіпкерлермен қандай ара қатынаста болуы керек, олардың сомдаушының кейіпкеріне айтар ойы және сол ойды жеткізер сөзі қандай, іс -әрекеті нені білдіретіндігін толық зерттеп білмей, орындаушы тіптен келешек сомдалатын кейіпкерінің қабылдаушыларға яғни көрермендерге қандай әсер қалдыратынын білмей тұрып “**Бұл кейіпкерді қатырамын**”-деп, жалған арман мақсатсыз шешім шығарады. Бұндай шешім кейіпкер сомдаушының жауапсыздығын немесе

салғарттығын ең соңы жасанды мен-мендігін білдіреді. Ондай орындаушылардан қанағаттанарлық кейіпкер шықпайды.

Кейіпкер сомдаушының яғни актердың “өзім білемін” немесе “өзім жасай саламын”-деген өйі, өзінің талантына ең басты жауы.

Көп жағдайда режиссер сахналық қимыл әрекеттерді, актердың ыңғайына, мүмкіндігіне қарай, ойын барысын жақсарту мақсатында бұрын жасалған қимыл әрекеттерден басқа да көптеген өзгерістерді қайталап, енгізіп отырады.

Ал осы жасалатын өзгерістерді қайталап, жасауға қарсылық білдіретін өнер адамының сахнамен мүлдем қоштасып, басқа белгілі заңдылықтары бар мамандықпен айналысқаны дұрыс.

Сондықтан да кейіпкер сомдаушы өзінің жасаған еңбегіне сырттан қарап баға бере алмайтындығын естен шығармай, шығарманы сахналық туындыға айналдырушылардан оғаш ерекшеленбей бір ынтымақта жұмыс жасауы керек.

Сахналық тұлғаларды сомдаушылар, өзі сомдайтын кейіпкердің сахналық мінезі болатынын да білуге тиіс. Ал мінез ортадан қалыптасады. Шығармадағы кейіпкердің сахналық мінезі, өзіне серіктес кейіпкерлердің тұтастығы мен шығарма арнасында көрсетілген қажетті көлемдегі режиссер шешіміне орай жасалады. Ал сахналық кейіпкер, орындаушының бойына өзінің мінезімен жарасым таппаса, онда оның сомдаған сахналық бейнесі жалған болып, өзіне тиесілі дәрежеге жетпейді. Бұл деген сөз, сомдалған кейіпкер бейнесін көпшілікке ұсынуға болмайды деген сөз.

Ал кейіпкердің толық өз бейнелік мәніне жетпей, көрермендерге ұсынылуы, орындаушының шеберлігіне күман туғызып, келешек көрермен алдындағы бағасын түсіреді. Сахна төрінен көрінетін кейіпкерлердің сомдалған бейнесінде жіберілген қателіктердің, көрерменге ұсынылу сәтінде түзету мүмкіндігі болмайды.

Техникалық құрал жабдықтармен жасалып, жалпы көрермендерге ұсынылатын өнер түрлерін алатын болсақ, онда кеткен қателіктерді сол сәтте түзетіп, жөнге келтіруге болады. Ал театрда ондай мүмкіндік жоқ.

Жалғыз театрда ғана емес, жалпы сахнада табиғи жанды өнердің кез-келгенінде қателік жібермеуге және шындалуы әбден пісіп жетілмеген туындыны көпшілікке ұсынуға болмайды. Сондықтанда, орындаушылар көпшілік алдында өзінің талантының таразыға түсетінін ұмытпауы қажет.

Актер яғни сахналық кейіпкерлерді сомдайтын әрбір орындаушы, өзінің жарыққа шығарған кейіпкерлік тұлғалары сәтті шыққан сайын өзінің шығармашылық ізденісін үдете түскені дұрыс.

Көрермендердің берген жақсы бағаларын сабырлылықпен қабылдап, олар сезбеген, кеткен кемшілікті келесі сомдайтын бейнелерінде еске сақтауы шарт. Ал алғашқы естіген мақтаулардан кейін, қол жеткен табыстарға тоғаю масаттану, келешек дандайсу мен-мендікке әкеліп соғады. Ол дегеніміз

орындаушыға өзі сезіп, білмейтін, тіпті көрмеген сахналық құпияларға “**Мен өзім білемін**” –деген көкіректік мақсат қойғызады.

Сондықтанда, осы жазбаның ішінде көптеген кететін сахналық қателіктер туралы ескертулер мен нұсқаулар қадағалап, бақылау арқылы жиналған өмір тәжірибелерінен алынып, ұсынылып отыр. Бұл қателіктердің көбісі адамдардың өз ісіне бақылау жасап, істеген ісі мен ойлаған ойына сана сезімімен түйсіктік қортынды жасамауынан пайда болады.

Өнер адамдарына ортаның ілтипатының аркасында, көптеген мадақтау мен қолпаштау айтылады. Осы дәріптеуді өнер адамы өте сақтықпен қабылдауы керек. Өйткен себебі бұл дәріптеу өнер адамының өмірінің өзгеруіне көп әсер етеді және өнер жолындағы ізденісіне кері ықпалын тигізеді. Ал тиген кері ықпал, өнер адамын өнер жолымен қоштасуына әкеліп соғуы мүмкін.

Өнер деген мәңгілік. Ол бір сәттік “лып етпе” сезім мен шаттанудың әсеріне бөлену емес. Ол өнерпаздың өмір сүруге таңдаған жолы. Ал, ол жолда ешқандай дәріптеу мен мадақтауға ұмтылуға жол жоқ.

Сахна кейіпкерін сомдаушы өзінің кәсіби шыңдалуы үшін, нақты сахналық өнер адамы болып, көрген, тыңдаған көрермннің сүйіктісіне айналуы үшін сомдаушы шеберлігінің қандай сырларын білуі керек соған тоқталалық. Бейне сомдаушылар яғни актерлар білуге тиесілі бұзылмас заңдылықтар мыналар:

1.Қойылатын шағармамен толық танысу.

2.Өзінің сомдайтын тұлғасы туралы өзіне қажетті мағлыматтарды жинақтау.

3.Өзімен қанаттас және қарама – қарсы тұлғалардың сахналық мінезін түсіну.

4.Шығарманың негізгі мақсатын білу.

5.Сомдайтын бейнесінің айтатын сөздерінің мақсатын мүлтіксіз білу және өзіне қарсы сөйлеушінің соңғы сөзін толық жатқа білу.

6.Оқиғаға байланысты сөл сәттегі айтылатын сөздердің әуенін яғни ырғағын меңгеру.

7.Сомдайтын тұлға мен өған қарама-қарсы бейнелердің өзгерістерін есте сақтау.

Енді сөз басын актер немесе сахнада тұлға сомдаушы деген сөзге белгілі бір анықтауыш беруден бастайық.

Тұлға сомдаушы адам (актер) яғни өнерпаз деп:

“Сахнада жазылған шығарма бойынша өзі білмейтін адамдардың өмірін көпшілікке шынайы мағнада жеткізу үшін шығармадағы тұлғаның сахналық мінезін, өткен жолдарын, ішкі жан дүниесімен сезініп, сол сезімін өзінің болмысы және іс әрекеттерімен дәлелдеп, қабылдаушыларға сенімді жеткізетін және өзі сомдайтын бейнемен бір тұтастыққа жетуші талант иесі”

Жоғарыда келтірілген жеті түрлі бұзылмас заңдылықтардың әр қайсы жеке – жеке ізденуді қажет ететін, кейіпкерді сомдаушыға қойылатын жауапты міндет.

Тұлға сомдаушы өзіне берілетін кейіпкерді сомдауға кіріспес бұрын, сол шығарманы толық оқып, танысып шығуы керек. Танысып шыққан соң өзінің сомдайтын кейіпкерін өз қиялында тірілтіп, онымен сырлас болуы қажет. Өйткені себебі кейіпкердің шығармадағы іс-әрекеті, мінез құлқы, ойлайтын ойы, тағыда басқа адам өмірінде кездесетін, өзіне тән ұқсастықтары немесе өзі білетін таныс ұқсастықтарын зерттеп, келешек өзі атқаратын міндетке ішкі ой дайындығынан өтуге міндетті.

Бұны айтып отырған себебіміз, ертеңгі шығаратын сахналық тұлғадан өзіне таныс, тыныс тіршілік, ұқсас өмір сарындарын тапсаң онда келешек сомдайтын тұлға өзіне тән кейіпкерге айналады. Ал шығаруға тиесілі сахналық тұлғадан өзіне таныс адамдардың бейнелік ұқсастықтарын тапсаң және оны сол бағытта сомдалатын кейіпкерге пайдалансаң шығаратын сахналық тұлғаның сәтті боларына сенімді болуына болады.

Актерлар яғни тұлға сомдаушы негізінде түрлі адамдардың дауыстарын, жүріс тұрыстарын ерекше қимылдарын үнемі әзіл ретінде қайталап, көрсетуі келешек бейнелер жасау кезінде өте пайдалы нәтиже берері сөзсіз.

Актер шеберлігіне өте қажетті істің бірі - ол естігенін байытып, әсерлеп өз қияланан қосып, жанындағыларға әңгіме ретінде айту. Әңгіме кезінде түрлі қимылдарды пайдалану тіптенде пайдалы. Тұлға сомдаудың шеберлігі тынымсыз ізденіс пен қиялдағы ойша жасалған, келешек туындының үнемі шынығуынан пайда болады. Өз қиялындағы кейіпкердің тұлға сомдаушының үнемі жадында болуы, келешек сахнада көрсетілетін кейіпкердің пісіп, жетіліп орындаушының сахналық бір бөлігіне айналады. Яғни орын даушының сахналық өмірінің таза өнерлік болмысы болады. Ал ондай жоғары табысқа жету, тек шығарманы оқып, оны өз қиялында өсіріп, тәжірибелік жаттығу арқылы қиялында баптау арқылы келеді.

Актердың өзіне берілген кейіпкерді сомдау кезінде, қол жеткен нәтижелерін қанағат тұтып тоғайуы, өзінің өнерлік тоқырауына әкеліп соғады.

Шығарманы бірнеше қайталап оқу актердың жанжақты түсінуіне және өзіне қанаттас кейіпкерлердің шығармада қандай орын алатынын сезініп, қолданатын іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын іріктеуіне үлкен ықпал етеді.

Оқылған шығарма, адам ойында түрлі қиялдар туғызып, мақсатты түрде белгілі бір нысанаға бет алуға бағыт сілтейді. Осы жоғарыда айтылып, отырған қағида сақталғанда бейне жасаушыға шеберлік еркіндігі пайда болады. Бұл пайда болған шеберлік, еркіндігінің сахналық ықпалы орындаушыны ең жоғарғы орындаушылық шеберлігіне жеткізеді. Бірақ бұл шеберлік еркіндігі тұрақты болмайды. Өйткені себебі әр бір жаңа шығарма сайын орындаушыға жаңа орындау шеберлігінің еркіндігі керек болады. Сондықтанда орындаушылық шеберлік еркіндігі үнемі толықтыру мен дамуды қажет етеді.

Орындаушылық шеберлігінің еркіндігі дегеніміз:

Орындаушының (актердың) шығарма кейіпкерін толық зерттеп, жан-жақты сахнадағы кейіпкерлік болмысын көрерменнің пікірі бойынша “сол кейіпкер” деген тұлғаға жеткізуі. Сонымен қатар өзіндік кәсіби шеберлігімен кейіпкер және орындаушы деген екі ұғымды қалдырмай, тұтас тұлға жасауы. Ең бастысы сол тұлғаны өз өнеріне толық бағындырып, еркін тұтастықта орындау шеберлігі.

Бұндай шеберлік қалай пайда болады, соған тоқтала кетелік. Бұндай шеберлік пайда болуы үшін актер яғни кейіпкерді орындап ойнаушы жоғарыда айтқанымыздай өзінің шығармашылық ізденісін режиссер елегінен өткізіп, сол режиссерлық шешімдер шығармашылығымен тұтастыруы керек. Яғни режиссерлық шешімдер мен көрсетілімдерді шынайы өмірмен толық ұштастыруға тиіс. Режиссер орындаушы шеберлік еркіндігіне жеткенше, түрлі амалдар пайдалана отырып, орындалатын кейіпкер тұлғасының өсу және жетілу әрекетін жүргізеді.

Өсу және жетілу әрекеті дегеніміз:

Кейіпкердің сахналық өмірін қалыптастыру үшін, қайта – қайта қайталап, түрлі қимылдық өзгерістер және сөз ырғақтарын, серіктес кейіпкерлермен келбеттік етене байланысқа келтіріп, жақындық аралықтарын жаттықтырумен бір - біріне сіңдіру әрекетін “өсу және жетілу” әрекеті дейміз.

Ал, мұндай үлкен еңбекті талап ететін өнер жолында орындаушылардың яғни актерлардың міндеті режиссер шешімдеріне толық бағыну болып есептеледі.

Ал режиссерлық шешімдерге орындаушының қарсы әрекет жасауы, дарынсыздық болып саналады. Өйткені себебі қандайда болмасын режиссер, өзінің халық, яғни көрермендер алдына шығатын қойылымын көрермен көңілінен шығып, нақтылы бағасын алғанын қалайды. Сондықтан да режиссер еңбегінің нақтылы қортындысы мен бағасы, сахнада орындаушыларға өте бағынышты.

Бірақ режиссер сахнада көрермендерге өнер көрсетпейтіндіктен, көпшілік көрермен өнерпаздардың қабілетіне баға береді. Ал орындаушы өнерпаз-сол бағаның иегері болатындықтан, өзінің өнердегі шығармашылық орнын дұрыс өз мәнінде бағалата білуге тырысуы қажет. Орындаушыларға театр тілінде берілетін “штампопка” қазақша “бастырма қайталау”-деген ұғым бар.

Бұл ұғым орындаушының яғни актердың табиғи шеберлігі жоқтығын тек еліктеуші ретінде жасанды шеберлігін көрсетуші екендігін білдіреді. Кей жағдай да театр сахнасындағы бұндай жасандылық шеберлігінен туындайтын сөз сөйлеу, қимыл, қозғалыс, іс-әрекеттер театр құнын түсіруге әкеліп соғады.

Актер алынатын шығармадағы кейіпкерді, режиссер шешімі бойынша орындауға алады. Режиссер шешімімен берілетін рөлдер, режиссерлық ой қиял сараптауында талдаудан кейін актердың шеберлігі толық ашылатындығына көзі жеткен соң беріледі. Бөлінген рөлде үлкен немесе кішілік болмайды. Оның орындалуы мен нәтижесі болады. Бұндай пікірдің айтылу себебі басты бейнелерді сұранып алып, құлап жату жиі кездеседі. Режиссер шешіміне ырзалық білдірмей, берілген ролді орындауда салғырттыққа жол беру - ол келешек өз өнеріңе қастандық жасаумен бірдей. Осы арада актерлық салғырттыққа тоқтала кетейік.

Актерлық салғырттық дегеніміз:

Өзіне сомдауға берілген кейіпкерге қанағаттанбай, өз мүмкіндігін толық пайдаға асыруға, өзіне - өзі тежеу қойып, бойындағы ұлы қасиетке қиянат жасау. Бұндай жағдай адам болмысындағы ішкі адами мінез құлқы мен ой өрісіне жағымсыз әсер пайда қылатын, тежегіш күш есебінде өте керісінше ықпал жасайды.

Бұндай салғырттықпен сомдалған кейіпкер өзінің сомдалу нашарлығы жағынан көрермендер алдында ерекшеленіп, пісіп жетілмеген бейне ретінде оқшауланып тұрады.

Осы орайда айта кететін осы пікірге қанаттас “актерлық дандайсу” деген де болады. Актерлық немесе орындаушылық дандайсу деген режиссер мен актердың екеуінен де кететін қателік. Актерлық дандайсу деген режиссердың бір адамға үнемі басты ролді беруінің нәтижесі.

Мұндай жағдайда бір – біріне ұқсас бейнелер жасалынады. Актер, яғни кейіпкерді шығарушының орындаушылық бір өңді шеберлігі көрінгенмен, сомдаған бейнелері бір қалыптан шыққан тұлға болып, көрермен жадында сақталуы мен бағалануы алғашқы алған бағасынан аспайды. Ал нағыз талант бірнеше қырынан түрлі бейнеде көрінуі керек. Мұндай жағдайда нағыз талантты актерлардың шығармашылық дамуы, дақпырт астында қалып, нағыз тоқырау мен жойылу қаупіне кездеседі. Бұндай қажетті

тұжырымдарды шығарма кейіпкерлерін сомдаушылар үнемі есте сақтауы тиіс.

Нағыз сахна ғажайыптарын жасай алатын режиссерда бұндай әрекетке жол бермеуі керек. Себебі мұндай шешім жасаған режиссер шығармасы белгілі бір көлемдегі өңі өзгерген, бірақ туындауы бір шамадан аспайтын шектеулі шығарма қамауында қалады.

Енді тақырыптық негізгі мақсатымыз, актер шеберлігі қалыптасуы үшін нені білуі керек, соған тоқталалық.

Актер сахнада сомдайтын тұлға, кәдімгі өзімізге таныс адам тіршілігінен тұратыны белгілі, сондықтан да сахнада да адамның болмысын дәлелдейтін адамға тән барлық қасиеттердің ерекшелігін саралай білу, актер мен оны дайындаушы режиссердың басты міндеттерінің бірі.

Адам бойында өзімізге белгілі үш түрлі әдетті қасиет болады:

1.Жақсы қасиет.

2.Жаман қасиет

3.Айнымалы қасиет.

Осы қасиеттерді айыру үшін олардың негізгі анықтылық жүйесін білуіміз керек. Бұл адам бойында болатын қасиеттер, адам бойына туа бітіп келешек алатын тәрбиесіне және өмір сүру үшін қалыптасатын әрекетіне байланысты жетіліп, дамиды.

Қабылдаушы әдетті тәжірибе ретінде пайдаланып көруші. Қалыптас - тырушы әдет қабылдаушының сұранымына өзінде қалыптасқан әдеттік іс-әрекеттерін ұсынушы болып саналады.

Осы әрекеттерді анықтап, қортынды шығарушы таразы - ол “ой”. Адам миында пайда болған ой ерекше бір жағдайларға байланысты уақытша жойылмаса, тұрақты сақталады. Ол ойлар араға уақыт сала кенеттен өзі пайда болып немесе еске алу және еске түсіру себебінен қайталанып, оралып отарады. Жоғарыдағы тарауда тоқталып кеткен адам сезіміне әсер ететін құбылыстардың екі түрге бөлініп, ақыл естелігіне тіркелетінін есіңізге түсірсеңіз енді сол тіркелудің келе – келе адам бойында қалыптасатын әдеттік процестері мен даму жолдарының қалай пайда болатынына тоқталамыз.

Адам сезіміне әсер ететін “Жағымды және жағымсыз” құбылыстар томендегідей болып таралады да, адам психологиясын қалыптастыратын адами қасиеттерін бейнелейтін ықпалды “ӘДЕТ” деген ортақ ұғым пайда болады. Осыдан келіп адам бойындағы жақсы және жаман деп сараланатын қасиеттер яғни әдеттер пайда болады. Әдеттер үш түрлі сағалы әдетке бөлінеді.

1.Жақсы әдеттер

1.Сабырлылық, Байсалдылық, Инабаттылық, Әдептілік, Төзімділік, Шыншылдық

2.Мейірімділік, Жанашырлық, Қамқоршылық, Кешірімшілдік.

3.Ұяттылық, Жауапкершілік, Ашықтық, Күрескершілдік.

4.Ақылдылық; Парасаттылық, Ізденгіштік, Шешімділік. Зеректілік.

5.Батылдық, Беттілік, Бейімділік.т.б.

Бұл сағалар дұрыс тәрбие мен жан-жағындағы көрген, естіген әсерлеріне зеректілік пен нақтылы қортынды жасай алатын, қабілеттің түзу бағытта дамуынан пайда болады.

Бұндай жақсы әдеттер болған жағдайда, адамның өмір қортындысы жақсылық жақтармен үнемі толығып отырады. Оның әсері, үнемі қоршаған адамдық қатынастарға сәулелі жетекшілік атқарады. Бұл сағаға тән қасиетке негіз болатын, тұрақтылық пен жаңартушылық күші. Сахналық бейнелерде бұндай тұлғалар жағымды кейіпкер деп есептеледі. Сондықтанда тұлғаны сомдаушылар шығарма кейіпкері ретінде көрермендерге өзінің жылылығы мен тартымдылығы арқылы әсер қалдырады.

Жылылық пен тартымдылық әсері дегеніміз:

Шығарманың он бойына өзінің кейіпкерлік бейнесімен көрермендерді өзіне жақтас, ниеттес жасауы.

Тұлға сомдаушы негізгі өзінің болмысынан, кейіпкер болмысына ауысып, негізгі өзінің табиғи кейпіне көрермендер үшін сахнадан тысқары уақытта ғана оралады. Жоғарыда айтылып отырған сағалардың бәріне ортақ анықтама-көпшілдігі. Бойында мұндай қасиеті бар адамдар әрқашанда айтқан сөзі, істеген іс - әрекеттері мен шешімдері арқылы көпшілік назарына ілігеді.

Ал сахнада режиссер осы жоғарыда мәселе жасап отырған келешек кейіпкер сомдау кезінде туындайтын бейнелерге, сахнада сомдалатын ең қажетті кейіпкерге сай әдеттерді, шығарма құрылымына қарай таңдап, актерға орындауға ұсынуы керек. Актер режиссерлық ұсынысты қабылдай отырып, өзінің ой елегінен өткізіп, өз бойына сай яғни өзі сомдайтын кейіпкердің шығармашылық бейнесіне сай өзіне жарасымды әдептермен толықтыруға тиіс.

Осы арада айта кететін пікірдің бірі, ешқашанда қандайда болсын сомдалатын сахналық, кез келген кейіпкерге жеңіл желпі қарауға болмайды. Өйткен себебі сахналық кейіпкер бейнесі, сахналық өмірдің иесі. Оның

үстінде шығарма кейіпкерінде авторлық, режиссерлық, актерлық үлкен еңбекпен бірге көрерменнің рухани тілектік үміті бар.

Театрлық шешімдер қойылатын шығармаға дайындық үстінде қабылданатын болғандықтан, қабылдануға тиісілі ұсыныстардың өзі жазбаша берілген кезде нақтылы айтылуы мүмкін емес. Сондықтанда кейіпкерлердің жалпы тұлғалық бейнесі туралы шығарма бойынша берілген жалпы түсінікке орай, актерға әдеттік мінез құлықтар анықталып, таңдалады.

Ал анықталған мінез құлықтарға қарай кейіпкердің сахнада сөйлейтін сөздерінің сөйлеу мәнері қалыптастырылады.

Сөйлеу өнері туралы сәл кейінірек тоқталамыз. Сонымен жақсы әдеттер туралы келтіріліп отырған қысқаша қортындыларымыз, келешек тұлға сомдаушыларға кейіпкерлер бейнелерін жасауда үлкен көмек беруге тиіс.

Жақсы әдеттерге қарама – қарсы жаман әдет деген пікір барын да естен шығармай, адам өмірінде өз бағасын алатын және сахна өмірінде адамның шынайы өміріндегідей күй кешуге қажетті актерлар мен режиссерлар саралай білуге тиісті жаман әдеттерге де тоқтала кетейік.

2. Жаман әдеттер.

Жоғарыда айтқанымыздай қандай әдет болсын адамға дүниеге келген күнінен бастап дамып, қалыптасып саны мен түрі жағынан көбейе береді. Сондақтанда әдет мәселесіне өте ыждақатпен қарау керек. Өйткені себебі қалыптасқан қандайда болмасын әдет, адам болмысынан жойылмай келесі қалыптасуға тиесілі әдетке негіз салады. Сондықтанда “Ауру қалса да әдет қалмайды”- деген немесе “Әдет сүтпен кіріп, сүйекпен кетеді”- деген мақал қағидалар айтылған.

Мысалы бала туғаннан соң тамақ сұрау үшін белгілі уақыттарда жылап, белгі береді. Сол белгісін үнемі қайталап, әдетке айналдырады. Ал осы шартты белгіні үлкен адам да белгі ретінде қабылдап, сол мезгілде тамақтандыруды әдетке айналдырады. Сондықтанда бала әдеттенуші болса, үлкен адам әдеттендіруші болады. Адам бойындағы адамдық мінез - құлықты қалыптастыратын және ол адам бойындағы мінез құлыққа нақтылы анықтама бергізетін күш осы әдеттердің негізі. ***Сондықтан да актер әдеттенуші, режиссер әдеттендіруші болып саналады.***

Осы айтылып отырған әдеттер әбден толығып, жетіліп өз кемеліне келгенде адамның қандай адам екеніне шешім шығартып, толық анықтама бергізеді. Бұл қасиеттер жанды заттардың бәріне дерлік өзіне тән дамып, жетіледі және сақталады. Бұл құбылыстың яғни мінездік әдеттің қай - қайсы болса да табиғи пайда болып, жылдар бойы жиналып тәжірибе арқылы пісіп, жетіледі.

Сонымен жаман әдеттерге тоқталалық:

1.Өтірікшілік, Мақтаншақтық, Ұрлықшылық, Қызғанишақтық, Өзімшілдік, Тоңмойындық, Қатыгездік, Арамдық, Тұрақсыздық.

2. Өсекиілдік, Жағымпаздық, Сатқындық, Екіжүзділік, Жасандылық, Парықсыздық, Ұятсыздық, Әдепсіздік.

3. Жалқаулық, Өркіректік, Салғырттық, Немқұрайдылық, Керіартпалылық, Қырсықтылық, Тоғышарлылық, Қанағатсыздық т.б.

Аталып отырған бұл сағалар жинала келе “ұятсыздық” деген жамандықтың үлкен ұғымын туғызады.

Айтылып отырған сөздерге түсінікті болуы үшін, бір мысал келтіре кетелік. Мысалы жас бала өзіне қауып туғызатын бір жағыдайға байланысты өтірік айтып, құтылып кетті делік. Ол өзінің жасаған ісінің дұрыс еместігінен бұрын, өзінің құтылу амалының іске асқандығына көңіл бөледі. Осы көңіл бөлу келе – келе бірнеше қайталанудан кейін әдетке айналады. Ал келесі бала бір затқа қызығудан ұрлық жасайды. Бірақ бала өзінің істеген ісінің қате екенінен сезінуден бұрын, өзінің менде болса деген құмарлық сезімінің жазасыз қанағаттанғанына көңіл бөледі. Міне тағыда басқа осындай келеңсіз әдеттер қалыптаса келе өскен сайын адамның болмысына яғни психологиясына сіңіп, жан дүниесінің қанағаттануын қамтамасыз етеді. Мұндайға қалыптасқан адамдар өз істерін ешқашанда кемшілік деп есептеп мойындамайды, мойындамақ түгілі ойламайды да. Өйткені мұндай істер ондай адамдарға тән әдетті мінез болып, қалыптасып өмір сүру сүйенішіне айналады. Жоғарыда айтылып отырған жақсы және жаман әдеттер туралы ойды түрлі өзіміз көріп жүрген мысалдармен, дәлелдермен толықтырып, психологиялық талдау жасауға болар еді. Оған біздің басты мақсатымыз, осындай адамдардың сахналық бейнелерін қалай жасауға болады деген мақсатымыз бар. Сондықтанда негізгі өзіміздің сахналық бейнелер жасау кезінде біліуге тиісті бағытымызды анықтауды жалғастырайық.

Ендігі тоқталатын кезек әдеттердің үшінші түрі “Айнымалы әдеттерге” тоқталалық.

Жалпы “Айнымалы әдет” “деген не оның жоғарыдағы әдеттерден айырмашылығы қандай ?

Айнымалы әдеттер

1.Жасандылық, Тұрақсыздық, Шешімсіздік, Немқұрайдылық, Салғырттық, Уәдешілдік, Қос сөзділік..

Тағыда басқа жоғарыда келтірілген екі әдеттің қатар қалаптасып, бірақ нақтылы жауапкершілігін сезінуден тысқары қалған әдеттің нәтижелі дамуы жоқ түрі.

Мұндай әдеттегі адамдарда өзінің жасаған іс - әрекеттеріне жауапкершілікті сезінуі өте төмен немесе мүлдем болмайды. Шынайы

өмірде мұндай әдет қалыптасқан адамдарға нақтылы баға беру өте қиындаққа соғады. Бұлардың мінезінде де тұрақтылық болмайды... Жоғарыда тоқталып отырған адам бойындағы болатын үш түрлі адам қасиетін білдіретін әдеттерге көңіл бөлуіміздің себебі, сахна өмірін жасаушылар бұлардың аралық ажырауын білмесе, өздерінің келешек сомдайтын кейіпкерінің сахналық мінезін ажырата алмайды. Бұндай жағдайда сомдалған кейіпкерлер дүдәмәл кейіпкерлер болып есептелінеді.

1. Кейіпкерлерді сахна өміріне әкелушілер осы пікірлерден жалғас табатын төмендегі ойлардан өзі сомдайтын тұлғаларға қандай тұрғыдан қарауға болатынын өзі таразылауы керек.

Адамның жақсы әдеттердегі сағаларға тән қасиеті шыдамдылық, сабырлылық, сөйлеген сөзіне ықтияттылықпен қарау. Өзімен аралық сөз қатынасындағы адамның сөйлеген сөзін ынтасымен тыңдап, ойлы жауап беру.

Өзінің әр бір сөйлеген сөзі мен ісіне жауапкершілікпен қарайтынын, түр – тұлға, жүріс-тұрыс, сөз сөйлеу салмағы арқылы танытуы. Кез келген адаммен шешімді ара қатынас жасау мүмкіндігін пайдалана алуы.

Болған іске немесе болатын іске өзінің ішкі сезімін сөйлеген сөзімен қатар сыртқы пішінімен де бере алуы.

Тағыда басқа жақсы қасиет белгілері болады.

Кез келген тұлға жақсы әдет қалыптасқанда өзінің қанағаттанарлық көріністерімен тез анық тұрақты бағалы ой туғызады.

2. Жаман әдеттегі сағалардағы көрініс беретін негізгі ерекшеліктер, адам бойындағы жоғарыдағы қасиеттерге қарама қарсы. Ара жігі тек ой қортындысы бойынша анықталатын, сөйлеген сөздің жалтақтығы, атқарған істің нәтижесіздігі, созбалылығы, уәде бергіштігі, жасанды ұмытшақтығы, өтірік ісекрлік көрсетуі, өз мақсатын алдыға қоюы, өзінің жауапкершілігінен тайғақтығы, пайдакүнемдігі...тағысын тағы. Көптеген келеңсіздіктер көріністері арқылы жағымсыз таңбалы ой туғызады.


3. Айнымалы әдеттердің сағалары, өзінің атына сай тұрақтылығы жоқ кез келген бағытта іске асатын бейтарап мақсатсыз, кез келген күштің ықпал ету әсерінің жетегінде кететін, жаман әдетпен жапсарлас ұқсастығы бар ой тұрақтатып, баға беру кезінде тұрақсыз екі түрлі пікір туғызатын және айнымалы істерімен баға беруге құнсыз ой туғызады.

Ендігі айтылмақ мәселе осы жоғарыдағы әдеттер жөніндегі қысқаша алған түсінігімізге орай, олардың сөйлеу сатылары кезінде әрбір сөз, іс – қимыл әрекеттері, түр-келбеттер өзгерісі, дуыс өзгерісі, сөйлеген сөздеріне қарай қандай және қалай пайда болатыны жөнінде болмақ.

Біз күнделікті өмірдегі сөз сөйлеген кезде айтқан сөзіміздің өз мақсатына қандай дыбыстық жиілікте жететіне ешқандай көңіл бөлмейміз. Сондықтанда кейбір жағдайда адамдар арасында түсінушілік қиынға соғып жатады. Сөйленген сөздің дыбыстық жиілігінің тыңдаушыға әсері, ықпалы өте зор болады. Сондықтанда тыңдаушының негізгі шешім қабылдауы да, сөйленген сөздің ықпалына қарай қабылданады. Сахна өмірін жасаушылар дұрыс сөйлеудің құндылығын аздап болса да білсе, артықтық етпейді. Ал шынайы өмірде кез келген адам, осы сырды білсе, сөйлеу және сөйлесу мәдениетінің жоғарғы сатысына жетері сөзсіз. Сөйлеу туралы сөзімізді бастамас бұрын, сөйлеудің түрлерінің және сөз ығына қарай байқалатын адам кейпінің басын ашып алалық.

Сөйлеу кезіндегі адамның бет пішіндерінің өзгеру түрлері.


1. Салмақты сөйлеу.



2. Сақтықпен сөйлеу.



3. Таң қалып сөйлеу.



4. Қорқытып сөйлеу.



5. Ішкі сезімді білдіріп сөйлеу.




6. Аянышты сөйлеу.



7. Мақсатсыз сөйлеу



8. Салғырт сөйлеу.



9.Еліріп сөйлеу.




10.Жалынышты сөйлеу.



11.Жағынышты сөйлеу.



12.Өкпелеп сөйлеу.



13.Өсектеп сөйлеу.




14.Шағыстырып сөйлеу.



15.Жақтырмай сөйле



16.Мұқатып сөйлеу.




17.Табалап сөйлеу.




18.Мүсіркеп сөйлеу.



19.Кекетіп сөйлеу.



20.Тістеніп(ызымен) сөйлеу.т.б.



Осы келтіріліп отырған және тағыда басқа сөйлесу сатылары айтылатын сөздердің түрілеріне қарай, сөйлесу кезінде қажетті сәтінде сөз ішінде бірнеше кездесуі мүмкін. Жоғарыдағы сөздердің түрлеріне тоқталып отырған себебіміз сөйленген сөз кезінде сөйлеуші мен тыңдаушының табиғи айту мен тыңдау құбылыстары яғни дене, бет құбылыстары сөз әсерін көрерменге жеткізу ықпалын береді.

Айтылып отырған бұл мәселелердің нақтылы анықталу кілті ол айтылатын сөздің, тыңдалатын сөздің, адам келбеті мен қозғалыс әрекеттерінің ауыз қуысынан шығатын дабыстар толқынының жиілігіне тәуелділігінде. Дыбыстар сөйленетін сөздің айтылу қажеттігі туындататын ықпал бойынша ауыз қуысынан шығатын сөз екпіні және толқындық ырғағы арқылы адамның сол сәттегі көңіл күйін жеткізеді.

САХНАЛЫҚ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕ

Сахналық дыбыстық жүйе дегеніміз не ?

Сахналық дыбыстық жүйе деп сахнада кейіпкер сомдаушының туындататын бейнесінің сол сәттегі көңіл күйі мен іс әрекетін, сөйлеген сөзіндегі дыбыстық тербелістердің жиілігімен толықтыруы.

Ол дыбыстық жүйелер мына төменде көрсетілген дыбыстыр тізбесінен тұрады. Бұл дыбыстық жүйелер кей сәттерде оқиға барысымен кейіпкердің бейнелік көңіл күйіне қарай қабаттаса пайда бола береді. Ондай кездерді

“ҚОС ҚАБАТТЫ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕ”

десекте болады.

Дыбыстық жүйелер түрлерін танбалық белгілермен белгілей отырып, атап шығайық:

1.Қалыпты дыбыс.



Бір қалыпты, алаңсыз сөйлеу кезі

2.Көтеріңкі дыбыс.



Көңілді немесе ренішті көңіл күйге байланысты екпінді сөйлеу.

3.Қысылып шығатын дыбыс. [—→] [—→] [—→]

Ашуда , ұялғаннан, қорыққандықтан, кінәліліктен т.б.

4.Айқайлап шығатын дыбыс.

Ұрыс-керіс, қуаныш жеткізу мен ара қашықтың алыстағына орай

5.Сыбырлап шығатын дыбыс.



Сөз басы көтеріңкі дыбыспен басталып, соңы сақтықпен сыбырға ауысады

6.Майда дыбыс.



Ауыз қуысынан шыққан ырғағынан көңіл күй өзгерістерінің ықпалына ұшырамай, бір қалыпты естілетін дыбыстар жатады.

7.Шабытты дыбыс.



Көтеріңкі көңіл шабытының еркіне толық беріліп, өзінің сол сәттегі көңіл күйінің жоғарылығын білдіреттін, ырзашылық леппен сөйлеу жатады.

8.Шаттықты дыбыс.



Жан-жағына өз қуанышын жеткізуге асығып, адам бойында бар ізгілік сезімдерінің жиынтығын топ-тобымен пайдалана отырып, табиғи жарасымдылықпен сөйлеу жатады.

9.Қырылдап шығатын дыбыс.




Ауыз қуысынан жақ ашылмай, күшпен тамақтан буынып шығатын бірде түсінікті ,бірде түсініксіз айтылған сөздер дыбысы жатады

10. Қиналып шығатын дыбыс



Адам не айтарын, не айтпасын білмей ара-арасын үзіп, кібіртіктеп сөйлегенде айтылатын сөздің бөлшектеніп, сөйленуінен болатын дыбыс жатады.

11. Қақалып, шашалын, еңтігіп сөйлейтін дыбыс



Бұндай сөздер адамның түрлі жағыдайда қуану, қорқу, шошыну, қатты қимылдан еңтігу т.б. табиғи қалпынан сыртқы әсер етуші құбылыстардың тосын әсері кезінде, ойын тез жеткізбек болғанда асығыстықта шығатын дыбыстар жатады.

12. Тұншығып, міңгірлеп шығатын дыбыс ⊕ ⊕ ⊕ ⊕

Бұндай дыбыс көбінекей адамның кінәлі, айыпты сәттерінде мұрын астынан міңгірлеп, ауыз қуысынан айтқан сөзінің дыбыстық жүйесі бір-біріне қосылмай, айтылатын дыбыстар жатады.

13. Сазды шығатын дыбыс 😊 😊 😊 😊

Сазды дыбыстар жоғары көңіл күйді білдіретін жылылық, мақтаныш, ризашылдық, қанағаттану мен көңіл толу дыбыстарынан тұрады. Ол дыбыстардың әсерленуі, көңілді ән әуенінің дыбыстық тербелістермен де жеткізіледі. Яғни сазды дыбысқа жоғары жиілікте айтылатын, орындалатын дыбыстар жатады.

14. Лепіріп сөйлеу дыбыстары 🗨 🗨 🗨 🗨

Лепіріп сөйлеу адамдардың сол сәттен сәл бұрын болған жақсылы-жаманды оқиғаға байланысты, ішкі ойын өзінің дұрыстығын дәлелдеу үшін тыңдаушыға тез жеткізіп, өзіне жақтас қылу мақсатында ретсіз дәлелдермен бірді айтып, бірге кетуінен шығатын дыбыстардың көтеріңкі жиілігінен пайда болатын дыбыстар жатады.

Бұл жүйелік дыбыстардың таңбаланып, көрсетіліп отырған таңбалары келешек актерлардың сөйлейтін сөздерінің ырғағы мен орындалу кезіндегі мақсатын есте сақтау үшін, берілеп отырған таңбалық жүйе болып саналады.

Бұл таңбалар актерға, режиссер берген сөйлеудің дыбыстық бағыттарын ұмытпай есте сақтау үшін, өте қолайлы амал болары сөзсіз.

Сонымен бұл айтылып отырған дыбыстардан тысқары басқа да, түрлі дыбыстар оқиға ығына қарай туындауы мүмкін. Бірақ ол дыбыстар, осы кестеде көрсетілген дыбыстардың айтылуын сүйемелдеп, толықтырушысы ғана болып саналады.

Осы ойға орай айтылып отырған дыбыстарға тоқталу себебіміз, дыбыс болған соң оның ауыз қуысынан шығуында ішкі дыбыс шығаратын мүшелердің қажетті мөлшердегі күш қуат жұмсауынан туындайтын дыбыстық ырғақтары болады. Олай болса, осы айтылып отырған дыбыстық ырғақтарды актерлар мүлтіксіз айыра білуі керек. Онсыз кейіпкерді өз дәрежесінде сомдау мүмкін емес.

Түрлі жағдайда пайда болатын дыбыстардың ырғағын жаттығулар арқылы ажыратып үйренген соң, оларды сөз айту кезінде толық өз қажеттілігіне қарай пайдалануға болады. Біз тоқталып отырған, жіктелген дыбыстардың ауыз қуысынан шығуынан пайда болатын сөздердің құрылым және айтылу ыңғайына қарай іс-әрекеттер пайда болады. Сөзіміздің көп жерінде

пайдаланылып, айтылатын іс - әрекет дегеннің не екеніне сәл тоқтала кетелік:

Іс - әрекет дегеніміз ойланған ойдың нәтижесінде айтылған сөздің қимыл-қозғалыстар арқылы дәлелдік қолдау табуы.

Яғни сөйлеуші, өзінің айтқан ойын, дене мүшелерін және қолданбалы мүліктер мен заттарды пайдалану арқылы істеген ісі немесе істейтін ісін, жасаған қимыл қозғалысымен көрсетіп, айтқан сөзін түрлі нақтылы іс - әрекеттер арқылы толықтырып, дәлелдеуі. Кей жағдайда ойланған ой іс - әрекетпен сөзден бұрын жасалып, соңынан сөз арқылы қолдау табады. Мұндай жағдайда іс - әрекетпен сөздің орны ауысқанымен айтар ойдың жеткізілімбек мағынасы ауыспайды.

ӨЗІМЕН ӨЗІ ОЙ БӨЛІСУ КЕЗІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕР ӘРЕКЕТІ...

Кей сәттерде актер сахнада ұзақ сөздерді (монолог) жалғыз өзі жеке дара орындауына тура келеді. Ұзақ сөздер көрермендер ойын жинақтап, сахнада көрсетіліп жатқан шығарманың басты мазмұндық жүйесіне бастаушы, жетелеуші рөл атқарады. Актердың ұзақ сөйленетін сөзі кезінде сахналық серіктесінің орнын, көрермендер атқаратын болады. Осы жағдайда актердың көрермен залында отырған көмекші бейнелерді яғни, өзінің сол сәттегі серіктесі көрермендерді, баурап өз ойынан ортақтасушы ретінде қатыстыра білуі, актердың жоғарғы шеберлігін көрсетеді. Сахналық жеке орындау кезінде өзінің көрермендерге жеткізбек ойын іске асыру үшін, түрлі кейіптерге кіріп жоғарыда көрсетілген өң мен дыбыс құбылыстарын қажетінше пайдалануға тиіс. Егер айтып отырған ойымызды актер толық жеткізіп, ойнап бере алса отырғандар өз еркінен тыс актер ойына қолдаушы сөздер мен қимылдар қосатындығы сөзсіз. Бұндай дәрежеге жету тек актердың кейіпкерін өз қиялымен өз ойында бейнелеген қойылымына тікелей бағынышты. Мұндай кезде режиссер тек сүйемелдеуші ролін ғана атқарады.

Сондықтан актерға толық кейіпкерлік еркіндік тиеді.

Кейіпкерлік еркіндік дегеніміз не ?

Кейіпкерлік еркіндік дегеніміз - сахнада қойылатын шығармадағы белгілі бір кейіпкерді сомдаушы өнерпаздың (актердың) өзінің шығармашылық табиғи мүмкіндіктерін өз қалауы бойынша пайдаланып, кейіпкердің шығармадағы тұлғалық бейнесін сомдауы.

Дара сөйлеуші актер ұзақ сөзді (монолог) орындағанда айтып тұрған сөзінің орайына қарай, дауыс құбылысын дұрыс пайдаланып, дауыс жиілігі мен дыбыс тербелісін бір-біріне қабысатын мөлшерден асырмай, пайдаланғаны ұтымды болады. Оның үстіне айтатын сөзін, көрермендер

ортасындағы кез келген тыңдаушының біріне арнайы айтқандай әсер қалдыруы керек. Ол әсер жалпы отырған көрермендердің айтпақ ойды қабылдауына үлкен мүмкіндік жасап, монолог әсері тыңдаушыларға толық жетіп, айтпақ ой ықпалы сөзсіз ұтымды шығады да көрермен мен актер арасында “шығармашылық көпір” пайда болады.

Ондай “көпір” қойылым сәттілігі болып саналады.

Кейіпкер еркіндігі актердың сахнада өзінің түрлі сахналық қозғалыс және қимыл еркіндігін пайдалануға да үлкен мүмкіндік туғызады.

Актерлардың сахнадағы әріптестік достығы

Актерлар арасындағы сахналық қойылым кезінде болатын, бір-бірін үнемі қойылым барысында қолдап, толықтырып отыратын қатынасты «әріптестік достық» деп атауымыз керек.

Әріптестік достық дегеніміз не ?

Сахнада қойылатын қойылымдар кезінде әрбір ойнаушы актер өзімен бір мақсатта жұмыс жасайтын актердың сомдаушы бейнелерін көрермендерге өз дәрежесінде жеткізуіне жәрдем беретін және оның кеткен кемшіліктері болса сол кемшіліктерді өз ойынымен жатықттырушы.

Мысал: сахнадағы дауыс мөлшерінің төмендеп, түсіп немесе шамадан тыс көтеріліп кетуі кезінде қажетті мөлшерге көтеріп не түсіріп айтуға бағыт меңзеуі. Қимылдар қозғалысының бәсең тартуын ширату. Тысқарғы қалған қолданбалы заттарды өз әрекетімен еске салу. Сөз ұмыт болғанда ұмыт болған сөздің баламасымен ойға салу т.б

Міне сахналық қойылым кезінде осындай сәл болса да әріптесінің сомдайтын кейіпкерінің толық ашылуына көлеңке түсіретін кемшіліктерді жаттықтандырып жіберетін қимыл әрекеттер актерлар арасындағы сахналық достығы деп түсініп, солай атасақ та артық болмайды. Ал ондай достыққа әр бір актер қажетті сәтінде дайын болуы керек.

Ондай достықты түсінген актер өзінің әріптесінің сомдайтын кейіпкерінің бейнесін толық жатқа біліп, оған өзінің кейіпкерін қабыстыра жатқтырып тұтас кейіпкерлер ансамбілін құра біледі. Ондай ансамбілдің қойылымы өте жоғары бағаға ие болары сөзсіз.

Сахнадағы жарықты пайдалана білу

Ендігі сөзіміздің тиегі ***«Сахнадағы жарықты пайдалана білу»***

Сахнадағы қойылатын шығарманың мазмұндық жүйесі, көрермендерге әсерлі және ықпалды болуы үшін, ойналып жатқан оқиға келбетін ашу үшін, берілетін (түсірілетін) жарықтардың әсері үлкен болады. Актерлар, өзіне түсірілетін жарық түсіне қарай, ойнап жатқан ойынының, іс қимылдары мен сөз орындау ықтарын, жарық ықпалына қарай сөйлеп, ойнап қабыстыра білуі және толық пайдалануды меңгере білу керек . Ал, актерлардың, ойын барысында қай сөзді қандай жарықпен айтатынын, жарықтандырушы өте дәлдікпен беруге тиіс.

Ол үшін жарықтандырушы да дәл режиссерлардай, қойылымның мазмұны мен мақсатын зерттеп, оқиғалар барысын актерлардай меңгеруі керек. Қойылым оқиғалары күлкілі болса, ойнақы көтеріңкі көңіл беретін ашық түсті жарықтар пайдаланылып, қайғылы жерлерге өңі адамның сезіміне көңілсіздік тудыратын және ренішті қолдайтын, еңсені басып тұратын солғын түсті жарықтар түсіріледі.

Бұл арада біз жарықтандырушылар туралы нақтылы тоқтап, талдап айтып жатпаймыз. Өйткені жарықтандыру саласы күрделі техникалық мамандықты қажет ететін өте күрделі сала.

Жарықтандыру кезіндегі жарық өзгерістері мен қозғалыстарын, өзінің айтар сөзімен бір тұтастық шеңберде шығынсыз пайдалана білу, ол актерлық шеберліктің бір жетілген түрі болып саналады.

Режиссер қай сөзді қандай жарықтың түрімен сөйлейтінін белгілегеннен кейін, актер өз ойын, дауыс тербелісін сол жарық әсеріне бейімдеп, бір қалыпқа түсіріп, өнер көрсетуі тиіс.

Бұл тіршілікте үлкен еңбекті, қалыптасуды, жаттығуды қажет етеді. Ал, жарықтандыру кезінде түрлі табиғи құбылыстар мен тұрмыстық тұтынатын заттардан шығатын жарықтарды қосымша қабаттастыра пайдаланғанда, актер өзінің қимыл әрекеттерінде соған қарай бейімдеуі керек.

Мысалы: сахнада поезд жарығы, автомашина жарығы, фонарик, майшам т.б. жарық көздерін пайдаланғанда негізгі жарық көздерімен бір сәтте пайдалану мүмкіндігін де есепке алып, ойын сағасымен қабаттасуын қамтамасыз етілуі тиіс. Жарықты пайдалануды дұрыс, уақытылы қарап, керек сәтінде бір қалыптасты (синхронды) болуына нұсқау беру, жарықтандырушының режиссермен келісіліп, шешілген мөлшердегі қойылымның кез келген бір сәттегі қажеттілігі мөлшерінде болады...

Дыбыстық сүйемелді пайдалана білу

Сахнада қойылатын әрбір қойылымдағы кейіпкердің айтпақ ойын бір мезгілде қимыл әрекеттермен қатар, қажетті дыбыстық жиілігі саз әуенімен әсерлеп, көрермен санасына ой салып, көңілінде қалдырып, көргенін талдап, ойға сақтауы үшін саз әуенін пайдалану өте тиімді. Саз ығында айтылған сөздер, өзінің мазмұндық сипатына қарай пайдаланылған сазға жарасымдық табуы керек. Сүйемелдеуші саздар түрлі аспаптармен дара тартылып немесе топ аспаптардың бірге орындауындағы әуен болуы мүмкін. Кей сәттерде қойылым барысында актерлардың сүйемелдеуші аспапсыз өз орындауында да саздық әуендерді пайдалануға тура келеді. Ондай кездерде ол әуендерді толық орындамай ақ, оқиға барысындағы қажетті мөлшерде ойынды анықтай түсетін көмекші себеп ретінде пайдаланылады. Осы арада күнделікті тұрмыста кездесетін техникалар мен табиғи құбылыстарда пайда болатын және шығармаға пайдаланылатын дыбыстарға тоқталмаймыз. Өйткені олар бір сәттік сүйеніш дыбыстар болып саналады.

Жалпы саз өнері, оның құрылымы, аспаптардағы орндалуы және адамдар сезіміне әсер етуі өз алдында өте үлкен ғылым. Бұл арада дыбыс жиіліктерінің әр түрлі шығуына қарай, адам санасына табиғи жаратылыстағы әсері жөнінде де талдап тоқталмаймыз. Өйткені дыбыстар жөніндегі тәржімелер үлкен ғылым саласы болып өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

Сондықтанда театр саласында сазды қосымша пайдаланатын сүйемелдеуші саз өнері ретінде жеке оқуы керек.

Өйткені театр өнерінде актерларға саздың табиғи ықпалын сезініп, үйрену басты шарттардың бірі...

Саз - адам бойына жаратылыстан қоса жаратылып, бірге келе жатқан рухани байлығының бөлінбейтін бір бөлігі. Оның өз психологиясы, өз философиясы болады.

Қойылымға сол байлықтың қажетті бөлшектері қолдаушы ретінде пайдаланылады. Сазды, жанды немесе теникалық құралдар мүмкіндіктерін пайдалана отырып әр түрде қажетінше қолдануға болады. Қойлатын шығарма оқиғаларына қарай және оқиғаның өткен мезгілдері мен қоғамдық заманына қарай шығармадағы

кейіпкердің ұлттығына орай ұлттық аспаптар мен саздарды пайдалану ұтымды болары сөзсіз.

Оқиға барысындағы іс қимылдар мен сөйлейтін сөздердің дыбыс ырғақтарына қарай пайдалынатын саздар естілер сәтте бірден қатты, бірде созылмалы сырлы болады.

Бұның бәріне қойылымды сазбен қамтамасыз етіп, актерлардың ойыны барысындағы кейіпкерлерді сомдауын әбден зерттеп, ойын барыстарына толық қаныққан дыбыс режиссеры басшылық жасайды...

Сахнаға шығарылатын шығармаларды түсіну және талдау.

«Шығарманы талдау» тақырыбын бастамас бұрын сахна өнеріне, оның ішінде театр өнері сырына тағы бір соға кетсек артық болмас.

Театр өнерінің негізгі ірге тасы ұжымдық сипатта болатынын айтқан болатынбыз. Театр өнері бір тұтас ұжымдық сипат алатын болғандықтан оны жалпы «халықты рухани тәрбие мектебі»- деп қабылдауымыз керек. Бұлай деп баға беру себебіміз, театрдың сол ұжымдық бір-бірінен ажыратып алуға болмайтын тұтастығына байланысты.

Мысалы театрда қойылатын шығарма, ондаған актерлардың қатысумен сахнада қойылып, көрермендерге ұсынылады. Ұсынылған шығармадағы кейіпкерлердің мінез құлқы, әдет ғұрпы, іс әрекеті өмір сүруге бейімделген ортасы, сомдалуға тиісті кейіпкердің ортаға түсетін қоғамдық, өмірлік қағидаларға, адамдар арасындағы қарым қатынасқа көз қарасы бәрі-бәрі әр түрлі болады. Сондықтан да сахналатын шығарма мазұны, адамдарға кейіпкерлердің тұлғалық психологиясын ашып көрсетіп, ненің жақсы,

ненің жаман екенін нақты көрсетіп өз ойларымен саралап, тәлім алуына мүмкіндік жасайды.

Ал алған тәлім жас мөлшеріне қарамай әрбір көрушіге өз мөлшерінде рухани тәрбие береді. Театрдың осы ерекшелігіне байланысты «театр өнері» басқа өнерлерден ерекше болады. Театрда басқа өнерлерді қосымшалап, кіргізіп көрсетуге болады. Ал басқаларға театр ойынын кіргізу мүмкін емес. Басқа өнер салаларына қажеттілігіне қарай кіргізбек болғанмен бәрібір де «театр өнері» өз алдына ерекшеленіп, бөлініп тұрады...

Басқа өнерлерді өз құшағында ғана (ремаркасында) талқылаудан аспаса, театр көрсетілімін талдап, талқылау және пікір айту ол шексіздікке ие. Сондықтанда театр - адам өмірі мен саналық ғұмырына біте қайнап ұлылыққа ие болады.

Ендеше «Театр» дегеніміз адамның өзіне рухани нәр алатын ұлы қазына.

Ең бастысы сахна өнерінің ішіндегі театр өнері ерекше рухани даму мектебіне жатады. Сондықтанда ол әрбір шығарма сайын дамып жетіле береді. Ал, ол мектепті өмір бойына оқумен ғана аяқтап шығуға болады.

Ең басты айтатын бір мәселе, актердың ойнаған (сомдаған) кейіпкері шынайы сенімге кіріп, көрермен көңіліне ой салса, ол өмір бойы көрермен санасынан өшпейді және үлгілік бейне болып, жылдар бойына көрерменмен ойында бірге өмір сүреді ...

Енді негізгі тақырыбымыз сахналанатын шығарма туралы түсінігімізді басталық:

1. Сахналық шығарма дегеніміз не?

Сахналық шығарма дегеніміз белгілі бір жазушының драма (сахналық шығарма) тілінде берілген түрлі оқиғалар мен әрекеттерден тұратын көрермендерге ұсынып, ортаға салатын түрлі мазмұндар мен оқиғаларға негізделіп жазылған көркем әдебиет туындысы.

Бұндай шығарманың басқа шығармалардан ерекшелігі өзіндегі өтетін оқиғаларды тікелей (оқырмандарына) көрермендеріне әдеби шығарма ретінде оқып, ойша сезініп, түсінуден бөлек тікелей араласып, көріп түсінуіне мүмкіндік беруінде.

2.Сахналық шығармалардың жазылу мазмұнына қарап бірнеше түрлерге бөлеміз.

А) Қалыпты мазмұнды шығарма.

Ә) Сазды ,әуенді шығарма.

Б) Ауыр ренішті шығарма.

В) Жеңіл күлдіргі шығарма.

Г) Белгілі тақырыпты шығарма.

Д) Шығармашылық құндылығы төмен тақырыпты шығарма.

А) Қалыпты мазмұнды шығарма:

Қалыпты мазмұнды шығарма деп көп жағдайда бір кейіпкердің дара өз өміріне арналған, мазмұны, таныстыру, дәріптеу, мадақтау мақсатында жазылған арнайы сценарий бойынша саханда қойылатын шығармалар жатады. Мұндай шығармалардың кейіпкерлері үш-төрт кейіпкерлерден аса қоймайды. Оның шығармалық баяндау аясы да күрделі оқиғалардан тұрмайды. Қойылым мөлшері де белгілі көріністік көлемнен аспайды. Мұндай шығармалар көбіне еркін мөлшерде оқиға кейіпкерлерінен тысқарғы көрермендердің араласуымен байып, сахнада қойылымдық жарасымдылық табады да актерлар сомдайтын кейіпкерлерге қатал талап қойылмайды.

Ә) Сазды, әуенді шығарма:

Бұл айтылғалы отырған шығармалар аралас мәнді бір қалыптан екінші қалыпқа ауысып отыратын түрлі оқиғалы болып келетін болады да, көңілді кейде көңілсіз әсерлер беретін болып келеді. Бұндай шығармалардың бірі бастан аяқ көңілді әуендерді пайдаланудан тұрса, кейбірі сұрғылт, еңсесі төмен көрермендерге сезімдік ауырлық түсіретін болып келеді. Бұндай шығармалардағы пайдалынатын саздар, кейіпкердің айтқан сөзімен жеткізбек ішкі нақты ойын көрермендерге сазды әуен ырғағының тербеліс толқын жиілігімен үндестіріліп, әсерлеп, өңдеу арқылы жеткізуіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан да әуендер көрністегі оқиға мен сол оқиғадағы бейненің сол сәттегі көңіл күйіне өте тығыз байланысты.

Ал,кейбір жағыдайда адамның яғни көрерменнің санасы мен сезіміне қойылымның өн бойында пайдалынатын, оқиғалар арасының басы мен соңында жалпылама саздар әсерімен де алма кезек түрде әсер беретіні де сөзсіз. Саздардың негізгі міндеті, оқиғалар арасының тынысында, көрерменге көрген көрінісіндегі, жеткізілген шығарма мазмұнына сараптама жасап, келесі болатын оқиға желісін қабылдауға бетбұрыс жасауына ықпал ету.

Б) Ауыр ренішті шығарма:

Ауыр ренішті (трагедия) шығармаларға көбінекей соңы өкінішпен аяқталатын шығармалар жатады. Бұндай шығармалардың басты кейіпкерлері шығарма басында басталатын шағын келеңсіздіктен үлкен өкінішпен аяқталатын оқиғалардың басты нысаны болады. Мұндай шығармалардағы

тұлғаны жасау өте ықтияттылықпен көп ізденуді талап етеді. Өйткені бұндай шығарманың кейіпкерін сомдайтын актер адам бойындағы болатын жан дүние сезімдік өзгерістерін жеткізетін табиғи жаратылыс құбылыстарының кейіптік өзгерулерін кез келген сәтте шынайы, өз мәнінде орындап, көрермендерге сенімді жеткізе алатын болуы керек.

Актер осы талаптан шыға білгенде, көрермендер оның сомдаған бейнесіне (кейіпкеріне) толық сеніп, кейіпкер мен көрермен арасындағы тұтастық пайда болады. Ал ол тұтастық көрермендердің кейіпкермен ішкі сезімдері және ойларымен оқиға ортасында бірге болуларына (іштей кейіпкер ролін ойнауларына) мүмкіндік береді.

В) Жеңіл күлдіргі шығарма

Жеңіл күлдіргі шығарма өмірде болатын оғаш қылықтар мен қимылдардан және аңдаусыз айтылған сөздерден, әзіл-мысқылдардан келеңсіз әрекеттерден, олақтық пен күлкіге қалдыратын ойсыз қылықтардан тұрады. Жеңіл күлдіргі шығармалардың өрісі шектеусіз, мүмкіндігі мол болады. Өйткені себебі ондай шығарма салихалы сынға көп түсе бермейді. Себебі мұндай шығарманы орындаушылардың кемшіліктерін көбінекей шығарма бойындағы күлдіргі сөздер мен қимылдар көтеріңкі көңіл ығында қалдырады. Бұндай шығармалардың қойылуы кейіпкер сомдаушыларға бір шама ауырлық тудырады. Басқа шығармаларда актерлар өздері сомдайтын бейнені белгілі межелеген шеңбер ішінде ойнайтын болса, ал жеңіл күлдіргі шығарманы орындаушы барынша өз бойындағы шығармашылық талантын толық өз қалауынша пайдаланып, мүлдем ойдағыдан тысқарғы күлкі туғызатын кейіпкер бейнесіне пайдаланып, төтен қисынсыз бейнелер жасап, шығармадағы сөздерді түрлі құбылмалы әдістермен сөйлей білуі керек...

Мұндай шығармалар режиссерлық қойылым ойын актерларға өз еркінше қосымшалауға еркіндік береді.

Шығарманың сәттілігі көрермен күлкісі және соққан қол ризашылығымен бағаланады...

Г) Белгілі тақырыпты шығарма.

Белгілі тақырыптағы шығармаға жалпы көпшілік білетін тұлғалар өмірі мен солардың жасаған еңбектері туралы және жалпы халықтық мәселелер туралы тақырыптық мақсатта жазылған шығармалар жатады. Сонымен қатар тарихи тақырыптар, эпостар, атаулы тарихи тұлғалар туралы шығармалар кіреді. Бұл шығармаларда негізгі тақырыбынын ауытқымай ұлттық рухани тәрбие мен тәртіп және мақсат үшін күрескерлік бағыттағы негізгі темір қазық болады.

Бұл тақырыптағы шығармаларда қайғылы немесе көңілді, кейде тіпті күлдіргі көрністерде кездесіп жатады. Ең бастысы шығарма негізгі

мақсатындағы арнасынан шықпай, бәрін басты тақырыбына бағынышты ұстайды. Сондықтан да белгілі тақырыптың көрерменге жеткізбек ойын нақты шындаумен аяқтайды.

Мұндай негізділік актерларға салмақтылықпен қатар жауапкершілікті жүктеп, өздері сомдайтын бейнелерді жан жақты ой елегінен өткізуді қажет етеді...

Д) Шығармашылық құндылығы төмен тақырыпты шығарма.

Шығармашылық құндылығы төмен шығармалар қоюшы театр мүдесінен шыға алмайды. Ол көбінекей пьеса авторларының жеңіл ойлы, драма заңдылықтарын толық меңгермеген шығармашылығынан туындайды. Шығарманың туындылық мүмкіндігі шамалы болған соң, жүйесі де шашыраңқы және мазмұндығы толқымалы, бытыраңқы болады. Ондай шығарма үлкен туындылар қойып, қалыптасқан ұжымда өтімсіз болғандықтан шығармашылық кіріске аса көп алынбайды...

Шығарманы талдау

Бұл тақырыпты бастамас бұрын “Шығарма талдау” дегеніміз не? Шығарма қалай талданады. Ондағы кейіпкерлерді сомдау кезінде қандай бір-бірінен ерекшеленетін бейнелік ара жігін қалай ажыратамыз т.б. қойылатын шартты талаптар қандай болады соған тоқталамыз. Сахналық қойылымға арнап, қазылған шығарма белгілі бір әдеби авторлық мақсатқа арнап жазылады. Ол мақсат үш түрлі болады.

1.Қайғылы, өкінішті жағдайға арналған.

2.Қуанышты, жадыраңқы көңілге арналған

3.Өзекті ортақ мәселеге баға беруге арналған шығарма

1. Шығармалардың аяқталу соңы, көрген көрермендер санасында өкінішті аяқталуымен ауыр толғанысты сезімге жетелейтін, көрермен оймен жалғасатын қайғылы, өкініштің естелігін қалдыратын шығармалар **“Қайғылы, өкінішті оқиғалы (трагедия) шығарма** болып саналады...

2. Қуанышты көңілмен аяқталатын шығармалар, соңы көтеріңкі көңілмен аяқталып, көрермендерге бейтараптық жеңіл, шығармашылық мазмұндық салмақ салмай, көтеріңкі бір сәттік көңіл күй силаумен аяқталады.

Бұл түсінікке қарап, шығарма мақсаты тек көрермендерді күлдіру ғана деп ойласақ, онда кателесеміз. Өйткені, ондай шығармалардың мазмұны астарлы болады. Сондықтан да көбінекей қуанышты, көтеріңкі көңіл сыйлайтын шығарманың негізгі қамтыры сатирадан иленетін болғандықтан, оның басты мақсаты мен жеткізбек ойының сатиралық астары, шығарма - ның көрермендер күлкісін қалдырып, негізгі нәрі, астарлы жасырын айтылып тұрған мақсатты ойы бағаланбай қалуы мүмкін. Мұндай шығармаларды

талдау кезінде өте ықтиятты талданып, сатира арқылы ашылатын тақырыбын көрермендерге қалай жеткізуіне, баса көңіл бөлу басты мақсат болуға тиіс...

Ендігі шығарманы талдау жөнінде айтылатын шығарма түрі **“Өзекті ортақ мәселеге арналған”** шығармалар жөнінде. Бұндай шығарманың басым көпшілігі белгілі тұлғалар өміріне арналады. Немесе қоғамдағы пікір тартысқа түсетін, әлеуметтік немесе саяси тақырыптарға негізделген болады. Сонымен қатар қарапайым адами тұрғыдағы күнделікті жақсылық пен жамандықтар арасын ажыратуға, олардың өз ара күресі және солардан алынатын жақсылық – жаманды болып іріктелетін рухани тәрби беру мақсаттарында да жазылады...

3.Өзекті ортақ мәселеге баға беруге арналған

шығармаларға қоғамдағы шешілімі талас, тартыс тудыратын бір шешімге, екінші шешім қайшы келетін, адамдар арасындағы түсінушіліктің ымырасы табылмай, ақырғы түйінді қортындысын шығаруды көпшілікке яғни көрерменге қалдыратын шығармалар жатады. Бұндай шығармалар адам болмысынан бастап, қоғамдық өзгерістер кіргізетін кез келген тақырыпты қозғайды. Сондықтан да ондай шығармалардың кейіпкерлері мен оқиғалары өте терең зерделенуі керек. Бұндай шығармада кейіпкерлердің сомдалатын бейнелері мен оқиғалардың негізгі мақсаты құпия ашылмай қалып қоюы қатты қадағаланып, өз шығармашылық биігіне дейін жетуге тиіс...

Жоғарыда айтып отырған шығармалар топтамасынан тысқары «аралас» оқиғалар бейнелетін шығармалар болады.Олар айтылып отырған шығармалар топтарының барлық түрін азды - көпті қамтып өтеді.

Ондай шығармалар нақтылы өзіндік мақсаты мен мәні әр түрлі болғандықтан бытыраңқы мақсатты шығарма болады. Сонымен қатар ондай шығармалардың мақсаттық әсері шашыраңқы болып, көрермен ойына бейтараптық әсер береді...

Енді жоғарыда айтылып отырған шығарманы талдау тақырыбымыздың жалғасы сол шығармалардағы кейіпкерлердің шығарма оқиғаларына қатысының өзектілігіне қарай кейіпкерлік талдауымызды қалай жүргізуіміз керек деген сұраққа жауап іздейік...

Шығарманың жағымды немесе жағымсыз кейіпкерлерінің шығармалық суреттелуіне байланысты, мына төмендегі жіктерге яғни шығармадағы тұлғалық ажыратылу бейнесіне бөлінеді.:

1. Басты кейіпкер,

2. Қарама қайшы керіғар кейіпкер

3. Жақтас кейіпкер

4. Бейтарап ортақ кейіпкер

1. Шығармадағы басты кейіпкер деп қандай кейіпкерді атаймыз ?

Шығармадағы басты кейіпкер деп сахна қойылымына таңдалып алынған, белгілі бір автордың шығармасы бойында өтетін, жазған оқиғаларының негізгі мазмұнындағы өзегі болып саналатын, басты тақырыбының дамуына үнемі себепкер болып, оқиғалардың өрістеуіне ықпал ететін негізгі нысан болып саналатын тұлғаны атаймыз.

Басты кейіпкер сахналық шығарма өрісін, сахнада өтетін оқиғалардың ең төменгі сатысынан бастап, шығармашылық шыңға көтерілуіне дейінгі аралықтағы жетекші басты тұлға болып саналады. Оның шығармада өтетін оқиғалардағы жетекшілік орны үнемі шығарманың басқа кейіпкерлерінен ерекшеленіп, өзімен оқиғалық қатынастағы тұлғаларға жан-жақты ара қатынастарда болады.

Сонымен басты кейіпкер деп шығарма тақырыбындағы оқиғалар тұтастығына жетекшілік жасайтын тұлғаны айтамыз.

Осы қағидаға орай жазылған шығарманың мазмұны мен мәніне қарай басты кейіпкерлер **жағымды, жағымсыз және бейтарап ойын көркін толтыратын кейіпкерлер** болып үшке бөлінеді.

Осы арада айтылып отырған жағымды кейіпкеріміздің, сахналық мінезі, оның шығарма бойына, адам өміріне қажетті жағымды рухани қанағаттандыруларды қамтамасыз ететін істері мен әрекеттері арқылы, көрермен көңліне қолдау, жақтау, қабылдау бойша жағымды пікірлестік сезімдерін пайда қылатын тұлғалар таңдалады...

Сондықтан да көрермендер ұғымына бейнелік жақындығымен етене болатын кейіпкер жағымды басты кейіпкер болып саналады.

Біздің бұл арада айтып отырғанымыз, басты жағымды кейіпкерлерді басқа кейіпкерлерден ажырату туралы сахнада қойылатын шығарманы таңдаудағы алғы шарттылықтар...

Ендігі сөз етпегіміз:

2. Қарама қайшы керіғар жағымсыз кейіпкер деп қандай кейіпкерді айтамыз ?

Кез келген сахнада дайындалып қойылатын шығармаларда шығарма тартысын туғызып, сахна қойылымындағы шиеленісті ширықтырып, қарама қайшылық туындатып отыратын жағымды кейіпкердің бейнесін түрлі қырынан көрсетуге мүмкіндік жасайтын кейіпкерлерді **қарама қарсы, керіғар жағымсыз кейіпкерлер** дейміз.

Ондай кейіпкерлер шығарма бойына сахналық бейнесінің жағымсыздығы мен жағымды кейіпкерді шығармашылық жағымдылық биігіне көтереді де,

көрермендерді өзінің шығармашылық бейнесіне жиренішпен қарап, төменгі пікірдегі баға берулеріне мәжбүрлейді.

Шығармадағы сомдалатын кейіпкерлердің орындаушылары, бейнелерді өз мәніне жеткізе орындап, көрермендер түсінігіне толық сіңдіре алғанда, толық шығармашылық мәндегі **“жағымды және жағымсыз”** деген кейіпкерлердің ара жігі ашылып, шығарма мазмұны мәніндегі бір-біріне керіғар кейіпкерлерге айналады...

Сонымен **“Қарама қарсы, керіғар кейіпкер”** деп басты кейіпкердің туындыдағы шығармашылық биікке көтерілуіне тікелей жол салатын қарсылыс тұлғаны айтамыз да **“Жағымсыз кейіпкер”** деп атаймыз...

Ал енді жоғарыда талданған екі кейіпкердің сахналық бетперделері толық ашылуға тікелей өз ықпалын тигізетін кейіпкерлерге тоқталалық.

Мысалы:

3.Жақтас кейіпкер.

Сахнада көрсетілуге арналған шығармалардың кейіпкерлерінің басынан өтетін оқиғалар мен іс әрекеттерді көрермендерге жеткізу үшін, авторлар бірнеше қосымша сүйемелдеуші шығарма кейіпкерлерінде туындысына енгізеді де оларғада әр түрлі шығармашылық бейнелер береді. Ондай бейнелердің негізгі атқаратын міндеттері, негізгі сомдалатын бейненің қайсын қолдайтынына қарай олар да **“жағымсыз, жағымды”** болып екіге бөлінеді.

Бұлардың негізгі міндеті басты кейіпкерлердің бейнесінің толық ашылып, көздеген мақсатын көрермендерге жан-жақты қосымша дәлел ретінде толықтыру. Сондықтан да, бұндай кейіпкерлер шығарма мазмұнында берілген оқиғаларға қарай жалғыз немесе топ болуы мүмкін. Ал олардың көрсетілетін бейнелік тұтастығы олар қолдау жысайтын басты кейіпкерлердің **жағымды немесе жағымсыз** кейіпкерлігіне орай қалыптастырып шыңдалады.

4. Бейтарап ортақ кейіпкер

Енді шығарма талдау кезегіндегі айтылатын **«Бейтарап ортақ кейіпкер»** деген кейіпкерлер дейтініміз кімдер осыған қысқаша тоқтала кетелік.

Бейтарап ортақ кейіпкер деп шығарма бойында тұлғалық тұтастығы жоқ бірақ болып жатқан сахна оқиғалары арасында арагідік оқиғалар кезінде жеңіл – желпі көпшілік (массовка) сахнасына араласып сахна аурасын көтеруге немесе түсіруге тіпті кей тұстарда басты кейіпкерлердің айтқан ойының көрермендерге толық жетуіне қосымша толықтыру сөздерін айтатын кейіпкерлер жатады.

Олардың басты міндеті сахнада өтетін көрніс оқиғаларын өздерінің көпшілік ретінде араласу артқылы толықтырып оқиғалардың көрністік мазмұнын қоюландыра түсу. Олар өз міндеттерін ақтау үшін сахнада көпшілік пікірін білдіретін сөздері мен қимылдарын мүлтіксіз орындауға

міндетті. Олардың бейтарап ортақ кейіпкерлік міндеттері кей жағыдайда шығарманың күрделі жерлерінде шығармашылық жол табуына үлкен көмек және әсер береді. Сондықтанда оған ұсақ-түйек деп өз мәнінде көңіл бөлмеу үлке қателік болып табылады.

Сахна қойылымына таңдалған шығарманы мазмұндық талдау.

Бұл тақырыпта сахна қойылымына таңдалған шығармалардың мазмұндық талдануы қалай талданады, ол талдаудың берер пайдалы ерекшеліктері мен актер шеберлігіне ықпал етуі туралы тоқталамыз.

Сахна қойылымына таңдалған шығарма, мазмұндық талдау кезінде өзінің шығармашылық жүйесіндегідей бөлім-бөлім (картина), сурет-сурет болып жіктеліп, әр қайсы жеке қойылымның тақырыптық суреті болып талданады.

Талдау басталмас бұрын шығарманың сахнаға қойылуна қатысты театрдағы бар, қажетті деген салалардың қызметкерлері шығарма талабына қарай іріктеліп, сахналаушы режиссер шешіміне сай талдауға міндетті түрде қатыстырылады. Қатысушылардың барлығының қатысуымен шығарманың барлық негізгі тақырыптық жүйесі оқылып, сюжеттік бейнесі талқыланып шығады.

Шығарманы тұтас оқып шығудың пайдасы, келешек сахналанатын туындының мазмұны әр кімнің көңілінде көрініс болып қалыптасып, санадағы ойлық қойылымы пісіп, жетіле береді. Ал ол пісіп жетілген елес көрніс, келешек тұтас қойылымға өзіндік үлкен әсер ететіні сөзсіз.

Тұтас оқып шығудың пайдасы:

Сахналанатын шығарманы орындаушылар оның шығармалық мазмұнымен оқып отырып, танысып келешек шығарма табысына ойша баға береді.

а) Сахналатын шығарманың мазмұнын, тұтас оқып шығып, танысу қатысушылардың келешек сахналайтын туындыдағы бір-бірімен кейіпкерлік ара қатынастыры мен тұтастығын зерделеуге үлкен мүмкіндік береді.

Қойылатын шығырмаға қатысы барлардың, шығарма мазмұнымен толық таныс болуы, шығарма қойылымына қатысты барлық шығармашылық мамандардың да қойылатын шығармаға байланысты, кәсіптік шығармашылық ансамбілін құрап, қалыптастыру болып табылады...

ә) Шығырма қойылымының негізгі тірегі актерлар болғандықтан, қатысушы әр бір актер, сомдайтын кейіпкерінің салмағына қарамай, өзіне тиесілі сомдайтын кейіпкерін танып, оның міндетін сезініп мойнына ала бастайды.

б) актерлердың санасында шығармадағы оқиғалардың ойша жобасы пайда болып, келешек сомдайтын кейіпкерінің іс әрекеттерінің елестік мүсіндері жасала бастайды.

Соныменен шығарманы тұтас оқып шығу, театрда дайындалатын туындының ең басты күре тамыры деп есептелуі керек. Өйткені, сахнаға ұсынылған шығарма, өз мәнінде толық көрермен жүрегінен шығармашылық орнын алуы үшін, шығарманы толық оқып, жұмыла еңбек жасаған ұжымның жоғарғы жеткен еңбек нәтижесі болады.Т.Ж.Б

ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

Кітап соңында айтылатын қортынды сөз, сахна өнерінде жүрген талант - тарға өнерлі өмірлерінде әр қашанда халық құрметіне бөлене беріндер. Өнер жолы ауыр жол. Сондықтанда, тынбай еңбек етуді талап етеді. Сендер, адам өміріндегі ең басты құндылық, рухани байлық тасымалдаушы абзал жансындар. Сендерге айтылар мадақ та, көңіліңді қалдырар сынақта көп болады. Оны елемендер. Өйткені сендер ел не десе де періштедей пәк жансындар. Сондықтанда істеген еңбектерің өтеліп, халық жүрегінде сендерге деген ізет пен ырзашылық, ақ ниетті ғұмырларыңа жалғаса берсін...

Бұл өмірлік тәжірибеден жазылған оқулық кітаптың сендердің кәсіптік жолдарыңда азда болса пайдасы тисе менің жарты ғасырға жуық театр өміріне жасаған еңбегімнің ақтала бастағаны. “Ақтала бастағаны”- деп отырғаным кітаптың тереңдетіліп жазылатын жалғасы әлі де бар. Сол кітапта тағы кездесуге жазсын.

Өмірлеріңе, шығармашылықтарыңа халық шапалағы қолдау бола берсін!

АВТОР

Бұл шығарманың қосымша ұсынылуы әр бір тақырып өткен сайын осы шығарма ішіндегі оқиғалар мен корністер артқылы қосымша тәжірибелік мақсатта пайдалану үшін беріліп отыр.

Аққу ғашық...

Төрт бөлімді жеті суретті көркем драма.

Шығарма кейіпкерлері:

- 1.Тәттімбет – қазақтың ХІХ- ғасырда өмір сүрген шертпе күй шебері. Ұлы күйші.
- 2.Шокан – Қазақтың ұлы ғалымы
- 3.М.Г.Потанин – Шоқанның досы
- 4.Ықылас – бала кобызшы, келешек Қорқыттан кейінгі ұлы кобызшысы.
- 5.Мүгілсім – бала күйші, келешек Тәттімбеттің ізін жалғастырушылар өкілі.
- 6.Мерген - шығармалық шартты кейіпкер
- 7.Күйші - шығармалық шартты кейіпкер
- 8.Таутан - шығармалық шартты кейіпкер
- 9.Маутан - шығармалық шартты кейіпкер
- 10.Гүлайым - шығармалық шартты кейіпкер

11. Мұса – би, Тәттімбеттің құдасы. Баянауылдың биі.
12. Мұсаның бәйбішесі.
13. Есім – Тәттімбеттің әйелі
14. Мұсатай – Тәттімбеттің баласы.
15. Шәмшия – Тәттімбеттің келіні.
16. Патша - Орыс патшасы Александр - II

КӨПШІЛІК САХНАСЫНДАҒЫЛАР:

Жігіттер, Қыздар, Даушылар, Патша әйелі, баласы және жалпы көпшіліктер.

Шығарма Арқаның күй атасы Тәттімбет Қазанғапұлына арналады.

БІРІНШІ БӨЛІМ

1 - сурет

САХНА:

Қараңғылық алыстан суылдаған құс қанаты мен аккудың дауысы жетіп, біртін – біртін жақындап, су сабалай көлге қонғаны естіледі де соңы қобыз үніне ұласып, сахна аз - аздан жарықтана береді. Сахна толық жарықтанған кезде, көл шетінде қобыз үнімен үндесіп жатқан табиғаттың тіршілігін тамашалап тұрған бірнеше адам көрінеді. Жеке дара көлге төнген қарағай мен қайыңның қасынадағы тас үстінде отырған бала қобызшы қобызды күңгіренте тартып барып, кілт тоқтайды. Қобыз үнінен кейін айналада үнсіз тыныштық орнайды. Осы тыныштық кезінде Потанин қобызшының қасына келіп, қобызды қолына алып тамашалап қарап, сахна алдына қарай жүріп келе жатып, тебірене сөйлеп кетеді.

Потанин: - Неткен құдіретті музыка аспабы десеңші?! Сонау дыбыс тереңнен шыққан үнін біздің европадағы басқа аспаптар ешқашан да дәп басып, қайталай алмайтын шығар. Сылдыраған бұлақ пен сыңғырлаған сәби күлкісінің арасындағы тіршілік атаулының барлық үні осы аспаптың қос уыстай кеудесіне сыйып тұр. Бұндай адам жанымен бір тұтасқан саз аспабын ойлап тауып, жасап шығару тек ұлы елдің, қас шебердің ғана қолынан келеді...

Шокан: (Сөзін бөліп әзілдей сөйлейді) - Потанин мырза, менің байқауым бойынша, сіз, сірада болса біздің қазақ елінің сырын терең білген сайын, таза қанды қазақ болып келе жатқан сияқтысыз.

Тыңдап тұрғандар Шокан сөзіне мәз болып күлісіп қалады.

Тыңдаушылардың қолдау сөздері.

- а) - Расында да осы, тұрысының өзі біздің даламыздың қыраны дерсің.
- б) – Жанағы сөйлеген сөзінің өзі Балқан таудың баурайында сайрайтын

бұлбұл үніне пра – пар емес пе. Т.ә.ж.б.

Потанин: (Қолындағы қобызды Ықыласқа қайтарып жатып) - Мына сөздеріңе қарағанда мені неде болса “Дана кемпір” аналарыңа бір жола бала қылып бергелі тұрсыңдар ғой деймін. (Екі қолын көтеріп) Қарсы емеспін. (Бәрі аң – таң қалады).

Шоқан: - Тоқтай тұрыңыз, Сіз біздің анамыздың атын қайдан білесіз?

Потанин: – Шоқан достым, жаңа-ғана өзің айтқан қазақ болу үшін мен бәрінде білуге міндеттімін.

Шоқан: (Жақындап келіп, құшақтап) - Ырзамын, жарайсың. Мен сені европаның ұлы ұлдарының бірі санаймын, енді біздің елімізге тел ұл боласың.

Потанин: – Рахмет, Мен қазақтың өзім естіп, білген Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Төле би секлді ұлыларының соңынан еріп Алшынбай, Құнанбай, Шоқан, Тәттімбеттерінің қатарына тұрсам, қазаққа ұл болудан неге қашайын.

Шоқан: – Достым сен мені тағы да таң қалдырып тұрсың. Мұның бәрін қайдан біл ала қойдың...?

Потанин: – Шоқан оған таң қалатын ештеңе жоқ! Жаңа өздерің мені мақтағанда “Қыранға, бұлбұлға” теңеп жатыр емессіңдер ме?! Ал қазақта “Өсер елдің баласы бірін – бірі батыр дер...”- деген сөз бар. Оның үстіне сен жаңа мені қазаққа тел ұл боласың дедің. Ендеше мен қазақпын! Сондықтан да мен өз елімнің бар жақсылығын білуге тиіспін. Білмегенімді сұрап алатын (таяп келіп Тәттімбет пен Ықыласты құшақтап) Тәттімбеттей сырласым, Ықыластай інілерім бар.

Шоқан: (Тәттімбетке қарап) - Тәке, қалай ойлайсыз ежелден құшағы ашық еліміздің төсіне тағы бір ұлы елдің перзенті бас иіп тұр, қабылдаймыз ба..? Айтқан әділ билігіңізбен талай қырға жетіп қалған атыңыз бар, оның үстіне Алшекең қойған “Күйші би “-деген айдарыңызда бар емес пе...

Тәттімбет: (Ойлы һәм қуана) – Қабылдаймыз, Шоқанжан қабылдаймыз! Қылышын сілтей келгендердің де артына тастай қашқан ұрпақтарын жатсынып, жау санамай бауырымызға басып, бала қылып, ес білгенде ел қатарына қосатын ел емеспіз бе?! Өзі құшаққа кірмек болса, өзектен итеретіндей ақымақтығымыз жоқ...(Алысқа қарап, армандай уыттана сөйлеп) Оның үстіне ғылым мен білімі өскен елден дүниетаныр, сапар жолы басталады. Сол жолмен жүргендер де мына иен даланы мекендеген мейірімді де прасатты, жарық дүниеден дос қана іздейтін, өркені мен ойы ешкімнен кем түспейтін “Қазақ” деген көне де кемеңгер ел бар екенін білсін...(Бәрі Тәттімбетке қарап үнсіз қалған. Тәттімбет жанары жарқылдай келіп, иығынан ұстап Потанинге) - Достым, өзіңнің орыс еліңнің жерінен асып, европа жеріне қазақ деген елдің қандай ел екенін жеткізбек болып жүрген Шоқанымнаң бұрын досы болсаң, енді бауырысың. Енді Шоқанның жүгін көтерісер сен бар деп біз сенсек, сендердің арттарыңда тілеулеріңді тілейтін біз бар, ел бар деп ойлаңдар.

Потанин: – Сеніміңізге рахмет Тәттімбет Қазанғапович! Шоқан бауырымыз аман болса, қазақ елін европа ғана емес, бар әлем білетін болады...

Шоқан: -(Сәл қысылып) Жарайды, жарайды менің мактауымды жеткізіп жатырсыңдар рахмет. (Потанинге тақап құшақтап) Ал бауырым менің, елімде сенің еліндегідей метрике беріп бұл пәленшекең деп растамайды. Сенің қазақтың қадірлі ұлдарының бірі болғаныңды қалай растасак екен...(Ойланып тұрып қалады) Тәке сіз ештеңе ойлап таппаспа екенсіз.

Тәттімбет: –Шоқанжан сенің қолқаңның өзі маған бір ой тастап, мен бірден шешімін таптым. Менің тапқан метрикем Григорий Николаевичтің бүкіл қазаққа бауыр болғанын үнемі айтып тұратын болады.

Шоқан: -Тәке, онда тамаша болды (Білгісі келген құмарлықпен) Тәке, кане ойыңызды ортаға салып, бәріміздің басымызға ойдан бостандық беріңізші. Әйтпесе, метрикені қайдан, қалай, неге жазып береміз деп басымыз қатып тұр...(Әзілдеп) Оның үстіне Григорий деген атты өзімізше “Кәке” демейміз бе?..

Тәттімбет: –Дұрыс сөз, қадірлі адамымыздың атын атамау ежелгі салтымыз, ендеше біз бұдан былай Григорийді “Кәке”- дейік. Ал метрикесі осы өзіміз бас қосып отырған арканың әулие тауы Аксоранның сілемі, қасиетті Қарқаралының шыңында орналасқан, жұмбағы мен сыры мол Шайтанкөлдің (Қолын соза көрсетіп) сон-ау бір жақпар тасы болсын. – (Потанинге тақалып, арқасына қолын салып тұрып, терең оймен) Кәке, есіміңді сол тасқа ойып, қалдыр, мәңгі өшпейтін болады. Өйткені сенің өз патшаңнан ерекшелігің, бізге алам деп келмейсің, берем деп келесің. Біздің жастар мен әңгімелескенде айтатын оқу ғылым туралы әңгімелерің мына Шоқан мен менің арманым. Сен сол арманның лебін жеткізуші тілектессің...

Потанин: – Тәттімбет мырза менің ішкі ойымның сіздердің ойлаған асыл армандарыңыз бен астасуы тегін болмағандығы. Сезім мен санамыздың тұтастығын білдірсе керек. Біздің орыста Лермонтов деген ақын былай дейді

Белеет парус одинокий,

В тумане моря голубом.

Что ищет он в стране далекой,

Что кинул он в краю родном.....

- Осы сөздер бәрімізге ортақ айтылып тұрғандай...Келешек ұрпақ тарих беттерінен біздің аттарымызды оқып, достығымызды тек қағаз беттері арқылы білмей, тас беттерінен көріп, тастай берік достық деп таң қалсын. (Ықыласқа қарап) Қобызшы бауырым, сен маған көмектесіп жібер, екеуміз Шайтанкөлдің бір көрнекті жеріне атымды жазып келейік. (Ықылас бұрылып Тәттімбетке қарайды).

Тәттімбет: – Ықыласжан барып кел, қайда жазғанын ұмытып қалма кейін маған көрсетесің...

(Ықылас басын изеп, қолындағы қобызын Шоқанның қолына ұстатады да шегініп басын иіп..)

Ықылыс: - Қазақтың көкте жанар жұлдызы-Шоқан ағамның қолында қазақтың киелі қара қобызы бір сәт дамылдасыншы, кейін елге сіздердің осы кездесулеріңіз туралы жыр қылып, айта жүрермін...

(Потанин сөйлеген Ықыласқа қарап таңданып)

Потанин: - Міне тамаша, мен сені күні бойы сөйлемегенге тілсіз ба деп, сұрауға жөн таппай отыр едім. Сайрап тұрсың ғой.

Тәттімбет: (Күліп) - Сайрағанда қандай. Күні бойы неге сөйлемегенінің бір сыры бар шығар, сұрап көр...

Потанин: - Шынында да, сондай тамаша ойлар айтылып жатқанда, сонша шыдап үндемеуің қалай...?

Ықылас: - Менің үндемеуім аса адам таң қаларлық іс емес. Жаңа ғана өзіңіз бала болған елдің «Үлкен тұрып сөйлеген кішіден без» - деген нақылы бар. Үлкендер сөйлесіп жатқанда, жастар тыңдап, тәлім алуы керек. Ал Тәттімбет ағамның айтуы бойынша өнерлі адам аз сөйлеп, көп тыңдауы керек. Өйткені жердің бетіндегі жанды, жансыз тіршіліктің бәрінің өз үні, айтар әні, шертер сыры бар. Ал, сол үндерді тыңдай білген адам, олардың үнін бір сарынға тоғыстырып, адам құлағымен естіп, көзімен емес сезімімен ғана көретін мына кең далаға тән ұлы сарын, күй деген құдіретке айналдырады. Ал «күй»-деген сөздің өзі

Потанин: –Тоқта,тоқта ...(Шоқанға қарап, таңданғанын жасырмай). Шоқан бұл не ғажап, менің бар ғұмырым, сенің еліңнің шетсіз де шексіз сырларына таңданып, тамсанумен өтетін шығар.(Құшағын жайып) Мынау қазақ даласы өзінің оқымай - ақ туған Гомерлерімен бүкіл Европаны таңдандырып, олардың айдан анық терең, ойлы философияларымен адамзатты тамсандыратын болады...(Ықыластың қолынан ұстап) Мен сенің сөйлегеніңе қуанып едім, енді айтқан сөзіңе таң қалып тұрмын....(Сахна алдына таяп келіп көпшілікке) Мынау кең далада тек ойшылдар мен кемеңгерлер туатын болса керек, сенде соның бірі боларсың , (Сәл бөгеліп баланың жастығына таңданып) Бірақ сен кемеңгерлік пен ойшылдыққа тым жас емессің бе ? ...

Ықылас: - Сіз менің бойыма емес, ойыма қараңыз. Біздің халықтың даналығы «Болар бала он жасында баспын дейді, болмас адам алпысында жаспын дейді» - деген...

Потанин: (Екі қолын көтеріп) -Жеңілдім! Айтарға сөз жоқ, сондықтанда саған екеуміз сырлас болайық деген тілек білдіргім келіп тұр. Оның үстіне мына қобыздың сырын маған кім жеткізер деп қиналып едім, қандай тамаша болды...Жүр кеттік. Шайтанкөлдің басындағы тас метрикемді алайын да, содан соң сенің сырласың болайын..

Ықыласты құшақтап, әңгімелескен беттерінде сахнадан шығып кетеді. Шоқан қолындағы қобызға қызыға қарап, Тәттімбетке:

Шоқан: -Тәке, әнеу күннен бері мына қара қобызға тіл бітіріп, сөйлеткен Ықыластай алтыныңызды бізден жасырып ұстағансыз ба ?

Тәттімбет: (Тәттімбет абыржып) - Шоқанжан ол не дегенің, сенен менің тығар қандай алтыным бар дейсің, менің... менің... ең басты алтыным сен

емессің бе?! (Өзіне өзі) Менің алтыным деймін –ау, жалғыз менікі ғана емес, исі қазақтың алтыны сенсің – ғой. Ал Ықылас сендер келердің алдында жол жүріп кеткен еді, Біржан екеуіне хабаршы жіберіп едім содан жеткен беті, Біржанда ілігіп қалар...

Шоқан келіп Тәттімбетті құшақтап тұрып тебіреніп.

Шоқан: – Шіркін, тереңіне балдыр өспеген, үңілсең түбіндегі құмының әр бір қиыршығы көрінетін тұнығым Тәкем –ай! Үлкенге де кішіге де жүрегіннің түбіндегі тазанды ғана ұсынасың – ау. Біржанды да шақыртқаныңыз тамаша болған екен. Біржан қанатты әнші ғой. Көмейінен төгілген әр дыбысы шарықтап, көке өрлеген сайын аспан тұңғиығына сіңіп кете береді. Ал аспан тұңғиығына сіңген үндері жұлдыздарға таралып, кеткендей ақ жерге қайтып түспейді... (Қолындағы қобызға қарап) Үн демекші мына қобыздың үні өте ерекше екен...Ықыласта зерек жастардың бірі болса керек. Жаңағы айтқан сөзі көкейіме бір жылылық құйды. Тұрағы қай жақ?

Тәттімбет: - Өзі кіші жүздің Тама руының Жөгі деген атасынан болады . Ал тұрағы жортқан киігі қызыл гүлдей жайнайтын күн шығыстан басталып, күн батыстағы Ұлы таумен аяқталатын, Арқаның сәні Қызылтаулардың сілемінің сарқынына қарайғы Қаражалдағы белгілі Қылышекең ауылы. Ұлы жүзбен Орта жүздің тең ортасында еркін жайлап, еркелей жүрген кіші жүздің бес болыс елі жазда арқадағы Есен, Нұра бойындағы Тоқаның жайлауы мен жапсарлас жайлап, қыста қысы жеңіл деп Шу бойын қыстап қайтады...

Шоқан: - Тәке, түсіндім Ұлы жүз бен Орта жүздің өнерін тел үйреніп, ағаларына еркелеп, үлкен көлден еркін сусындап жүр екен ғой. Өзі сізге іні де болып кеткен сияқты .

Тәттімбет: – Дұрыс байқаған екенсің, жаз жайлауға келіп, орналасқан соң Ықылас біздің жаққа келіп, жатып қайтады. Ықыласты маған үйретіп «Іні болып ерсін, ұстаз тұтып терсін» - деп жүрген Сайдалы Сары Тоқа ғой

Шоқан: - Шіркін біздің қазақтың аға-інілік жарасымына не жетсін. Мысалы аға деп еркелеп келіп ат басын сізге тіредім емес пе, ал сіз болсаңыз барлық ісіңізді сырып қойып, інім келді деп сонау Балқантаудан бастап Қарқаралыға дейін еріп келдіңіз. Оның үстіне жан – жаққа ат шаптырып, ел қадірлілерін шақыртып жатырсыз ... Әттең, уақыт аз...

Тәттімбет: – Шоқанжан, Алла жазып осы сапардан аман оралған соң, бір кең уақыт тауып, еркін келіп жатып кетсеңші. Айтар сыр көп, келешек мынау кең далаға қандай ұрпақ қалдырамыз, олар осы далаға ие болып отыра ала ма? Өз жеріне ие болып «Ел менікі, жер менікі» - деп отыруы үшін не істеуі керек..? Байлығын базарлап, бакытын ұшырып, барынан айырылып қалмай ма? Өзіміз не дейміз, өзге не дейді... Міне тағы да басқа осындай мен он ойланып, жүз толғанып жүрген сұрақтар бар ...(Сәл ойланып). Осының жауабы бір табылса, кіші болсаң да оқыған,тоқығаны көп сенен жауап табылар деп өзімді өзім жұбатып келемін...

Шоқан: - Тәтті аға, сіздің айтып тұрған аз сөзіңіздегі көп ой мені де үзбей мазалап, қатты алаңдатып, тынымсыз сапарларға аттануыма себеп болып жүр...

Тәттімбет: – Шоқанжан, айналамдағы жағалай жер тескендерді көргенде жанымды қоярға жер таппаймын. Олар қазған жерін «Менікі, мен сатып алғамын» дейді. Сонда бұл қалай болғаны? Біздің нәсібімізге Алла берген жерді басқаға сатуға кімнің қандай хақысы бар? Кешегі ат үстінде ұйықтамай жүріп қорғаған ата бабамыздың аманатының ішінде «Жеріңді сат»- деген аманат естілмеген. Ал бұл не маскара?

Шоқан: - Сөзіңіздің жаны бар, менде осыған қатты алаңдап, ең болмаса қазақ елінің жері қағаз бетінде қалса екен деп, ел кезіп, дамыл таппай жүрмін. Ал жеріңізді тескендер бір замандарда өзара кете бастар...

Тәттімбет: – Шоқанжан соңғы сөзіңді түсінбей қалдым, Жертескендер ол жерде елу жыл отырса, елу жылдан кейінгі ұрпақ сол жеріңді менің жерім дей қояр ма екен, оның үстіне құнарынан айырылса қалай болады..?

Шоқан: - Тәтті ағам – ау, ішіндегі күдік менде де бар. Бірақ сіз екеуіміздің қолымыздан келері, қайран, аз болып тұр ғой! Біздің арманымызды іске асыру үшін, келешек ұрпақ білгілі бір тәрбиеден өтуі керек. Ол тәрбиенің аты - оқу, білім...

Тәттімбет:(Күйініп) - Қайда барсам алдымнан оқу деген шың көлденең тұрады, осыдан қалай асуға болады?

Шоқан: - Оның жолы біреу, ол іздену! Оқығаны, тоқығаны мол елдің білгенін осында әкелу, тасу, жеткізу, жарату. Міне сонда ғана бізде ел қатарлы дөң үстінен қарайтын боламыз! Ол үшін ұрпақта-сана, үлкенде-ақыл болуы керек. Бізде «Көштің алды қайда тоқтаса, соңы сонда барады»- деген бар. Ендеше көшіміздің түзу жүруінің қамын жасайық.

Тәттімбет: – Жас болсаң да оқығандығыңды көп көргендігіңді жасап, ұлы сөз айттың. Ұлы бол Шоқаным! Көшімізді түзейік деген сөзіңмен не айтқың келгеніңді де түсіндім. Заман деген ұлы көштің, өзім жетелер нарының бір бұйдасын қолыма берік ұстауға бекіндім. «Нар жолында жүк қалмас» -деген нақылды білесің. Менде өз көшім өткенше, жүгімді жолда қалдырмаспын.

Шоқан: - Мен сізге сенемін, көшке жасар амалыңызды білуге бола ма ?

Тәттімбет: –Алдағы қыста орыс патшасы Александыр –II – нің таққа отыруы болады. Сол таққа отыру рәсімінде болсын деп қазақтардың да әр өңірдегі бетке шығарларын шақыртыпты. Бұл жақтан Мұса екеуіміз бармақпыз. Алла сәтін салса, ақ патша «Сұрарларың бар ма?»- деп сұрай қалса, алтын өндіруге ұлықсат сұраймын. Кен өндіруді бастасақ, келешегімізге де үлкен жол ашылып, бұл жердің иесі өзіміз екендігін біздің оған, оның бізге қажеттігін өзіміз түсінсек, өзгелерге де түсіндірер едік...Сонда ғана жер тескендер біздің өз жерімізді өзіміз де тесіп, майын сора алатынымызды біліп, ойға тірелер еді...

Шоқан: (Үлкен ой үстінде)- Үлкен арман, көкіректегі сіздің арманыңыз, біздің арманымыз. Бұл арман, бірден орындалада қоймас. Бұған жету үшін, ұзақ жылдар жүріп, сан таудан асар, жол іздеуге сан көлден өтер өткел

іздеуге тура келер. Бұндай мақсатқа жететін жолдың қараңғы түні мен батпақты орманы да аз кедергі бола қоймас. Бұл арманға жетуге тілектес, көкірегі ояу, көк дөнені жүйріктер жұлқынып, шығып жер дүниені шарлап, тергенін жеткізгенше қажымас қара нардай қуат керек болар ...

Тәттімбет: – Дұрыс айтасың, менде осылай ойландым. Бірақ өзіңнен сұрайын, менен гөрі араласы көп, жаттың амалын көрген болар деп ой түйген едім...

Шоқан: - Жаттың амалын көруін көріп, керегін көкірекке түйіудемін тұқымын еліме егуге талпынайын десем диханын таппай жүрмін...

Серік боларау дегенімнің көбісі көгенінен ұзай алмай орғанына семіргеннен әріге бара алмай жүр...

Тәттімбет – О,тоб – ай, сенде сол халдемедің ?Алыстағыдан гөрі аулымыздағыға асқар болып көрінсек мәз болатын не сорым екенін менде түсіне алмай қойдым.Ел ішінде жатша киім кие бастағандарға ақылдассам алысты арбалағанша ауылды дорбалағандарын жақсы көреді...(Сәл ойланып) Шоқанжан маған бір ой келді алла жеткізсе сапарымыздың аяқталуына қарай тағы бір ақылағ ақыл қосып бел шешіп сен жаттан мен елден жаңа түсер жолдың ізін тарталық...Жүрген жетеді.жүзген өтеді,тәуекел етпеген тұңғыққа кетеді...Тәуекел түбі жел қайық,ел үшін тәуекел...(Қолын ұсынып , құшағын жаяады) Уәдеміз де антымыз да осы болсын !

Екеуі қобызды орталарына алып тұрып, төс түйістіреді. Осы кезде шұрқырай, кісінеген аттың үні естіліп, арты Біржанның арынды дауысына араласып, алыстан жайлап, естіле бастайды.

Тәттімбет: (Балаша қуанып) - Пау, сабазым-ай жеткен екенсің ғой! Мына біздің кең даламыздың сәні мен әні болған дауысың құлағымызға жылы лебізін төгіп жіберді-ау.

Шоқан: (Тамсана тыңдап) - Біржанның дауысын естіп, әнін тыңдамағалы да біраз болған екен. Өн бойым шымырлап, елжіреп кетті. Өн біртін - біртін жақындай түседі

Тәттімбет: Шоқанжан Біржан тете құрдасың емес пе? Қатты сағынғанды - ғың түріңнен көрініп тұр ...

Біржанның асқақ үні шарықтап, күшейе түсіп Қояндыға арналған әніне ұласады. Біржан залдың ортасын жарып, әнін асқақтатып, сахнаға жетіп, аяқтайды да сахнаға шығады...Шоқанға құшағын жайып:

Біржан: (Өлеңдете) Асқар биік көрінер, қыранымен,
Ел бірлігі көрінер, ұранымен.
Артар халық қадірі дұшпанына,
Ел бақытын ойлаған ұланымен..,

Шоқаным! бауырым, тете өскен тарланым, сағындым сені, ашшы құшағыңды, шуағыңа шомылайын...

Шоқан: - Сенде жайшы құшағынды, әніңнің әлдиінде тебіренген жанымды тағы да тербеші. Қадырымды біліп, елімнің аманатын әніңе орап, кеудеме құйып беретін бауырым...Біржаным, келші!

*Екеуі құшақтаса кетеді, бұлардың осынша тебіренгеніне
Тәттімбетте көзіне жас алып, қызыға қарап тұрады да
көпшілікке :*

Тәттімбет: -Жастықтарына карамай жан дүниелері ақыл мен парасатқа толы. Жүректерінің тереңінде халқына деген ұлы сезімдері бұлақ тұнығындай мөп – мөлдір, неткен ғажап жандар. Біздің арттағы ұрпаққа тарихымызды қалдырып, атымызды жеткізер осылыр. Бұған да, тәңірге мың алғыс!

Біржан: (Тәттімбетке қарап)

- Тауға теңер ағамсыз,
Қамқа мақпал жағамсыз.
Тысқа қадір боламас -ед,
Өзің берген бағаңсыз...

Ассалаумағалейкум! Асқар таудай Тәтті ағам. Соққан дауылдан, жауған жауыннан пана болатын, күйзелген жанымды самалдай желпіген, күйімен жайландыратын «алтын астауым...» армысыз!

*Біржан Тәттімбеттің алдына бір тізерлеп, қолын кеудесіне қойып,
басын иеді. Тәттімбет Біржанды қолынан демеп, тұрғызып кеудесіне
қысып.*

Тәттімбет: - Бармын, Біржаным, бармын! Саған Шоқанның келетінін айтпай «жет» деп қана хабар бергенім, екеуіңнің қадірлестіктеріңді өз көзіммен көрейінші деп едім. Көрдім.

Шоқан: (Тақалып) Қандай екен ? Көңіліңіз толқындай тулады ма, жоқ желдей шулады ма?..

Тәттімбет екеуін құшақтап тұрып аспанға қарап ойланып.

Тәттімбет: – Біз ежелден аспанға қарап өскен елміз. Аспанға қарап мал бағып, аспанға қарап дән жиып, жердегі нәсібімізді көкке қарап теріп, үйренген елміз. Сондықтанда қуат берер Алланы да аспанда деп ойлаймыз. Тілек тілеу тілесек те, қолымызды көкке жайып, жалбарынамыз. Өйткені біз аспан баласы, көк бөрінің ұрпағымыз. Біздің жүрер жолымыздың бағытында аспандағы жұлдыздар айна қатесіз бағытты көрсетіп тұрады. Ал сол көктегі жол көрсетер жұлдыздардың жердегі жөн сілтер серіктері сендерсіңдер. Ендеше екеуіңнің қадірлестіктеріңе менің берер бағам елімнің бақытына туған жердегі бақ жұлдызы сендерсіңдер, жарқырандар, жаныңдар!

*Тәттімбет тебірене сөйлеп жатқан кезде Потанин мен Ықыласта
тақалып келіп, тыңдап тұрады. Тәттімбет екеуін құшақтағанда:*

Потанин: – Тәттімбет мырза, құшағыңыз толсын! (Бәрінің назары бірден Потаниндерге ауады) Сыйсақ бізді де алыңыз...

Тәттімбет: *(Құшағынан Шоқандарды босатып, бұрылып қарайды да Потанинге)*

... Аа, сендерде келіп қалған екенсіңдер ғой. Тақалыңдар, бір құшаққа егіз қозыдай емін-еркін ену үшін етіне жақын болуларың керек. Ендеше танысып қойыңдар. (Потанинге) Көкшенің жас болса да аты алыстан естіле бастаған ақын, әншісі Біржан Қожағұлұлы. (Потанин тақалып, қолын созып)

Потанин: - Жаңа ғана қазақтықты қабылдап, Тәттімбет мырзаның тас метрикесін алып келіп тұрған мына Шоқанның бала жасынан досы Григорий Николаевич Потанин.

Біржан: - Шоқанмен бала жасыннан дос болсаң, онда менімен де сол бала кезіңнен доспын деп есептей бер. (Ықыласты көріп қалып) Міне қуаныш! Мен сені танымай қалдым ғой. Ықыласжан сен қашан келіп қалғансың,

Ықылас: - Тәттімбет ағамды көрген адамның бәрі басқаны танымай қалатын әдеті. Оқасы жоқ, жол бойы қайта танысып, табыса жатармыз.

Біржан: (Таңданып) - Жол бой дейсің бе? Қайдағы жол, қайда бармақпыз?

Тәттімбет: (Сөзге араласып) - Ықылас дұрыс айтып тұр. Жол жүресіңдер. Мына Шоқан, Нұра бойындағы Қоңырқұлжа ауылындағы қарындасы Бәдіғұлға қонақ болмақшы. Бәдіғұл, Абышек деген Қоңырқұлжаның баласына ұзатылған. Сені шақыртқан басты себебім осы. Басы өзің болып осы Қарқаралы өңіріндегі, ел сүйсініп жүрген әнші, күйшілердің басын қосып, Шоқанды досы мен үкілеп шығарып салсын деп ұйғардым. Ал біз Алшынбай, Жанак ақын, Мұса бәріміз Қоңыр құлжа ауылында табысармыз.

Ықылас: - Тәтті аға, ал жанағы бізге қосылатындарыңызды қайдан табамыз?

Тәттімбет: – Сендер қазір атқа қонасыңдар. Қызыларай тауының солтүстік батысындағы Елшібай аулының Ақтас өзені бойындағы жайлауы Былқылдаққа барасыңдар. Еретіндер сол жерде сендерді тосып отыр. Содан ары қарайғы ел сатылап, күтіп отырады. Сонау ат бағып отырғандар жол көрсететіндер.

Шоқан: - (Ойланып. Тәттімбетке) Жанағы айтып отырғаныңыз әлгі өзіңіз күй арнаған Былқылдақпа?

Тәттімбет: – Дөп айттың, сол Былқылдақ.

Шөбі шалғын масатым,
Арқары таудың асатын.
Бұлағы кәусар мөлдіреп,
Ынтығыңды басатын ...
Қозы гүл боп жайқалып
Құлын ойнап, қашатын.
Ағайын туыс жиналып,
Сағынышы басатын...
Жер бар ма сенен Былқылдақ,
Жаһанда мынау асатын...

(Үнсіздік. Ойланып Еске түскенді мақұлдағандай басын изеп) Иә, сол Былқылдақ... Папов екеуіміз көп аралаған, Берікқара тауының қарсы алдындағы шүйгін жер. Біз білмейтін тылсым дүниесі мол, Аксоранның биігі мен Беғазы тауының батысы және солтүстігінде жатқан көнеден қалған тас мүсіндер күзеткен даласының тілге тиек, сөзге сүйеніш көзге сүйініш жері...

Біржан: (Шоқанға қарап) - Тәтті ағаның «Былқылдағын» естіп пе едің? Ол күйді түсіну үшін, сырын ұғып, шерінді таркату үшін үлкен жүрек, терең түсінік мейір мен мерей керек...

Потанин: (Тәттімбетке, Ықыластың қолындағы қобызды алып, ұсынып)
Тәттімбет мырза! Менің байқауымша айтылған сөздердің бәрі сіздің таңғажайып бір музыкаңыз (ойлана қиналып) Қалай еді. әлгі аты ...

Шоқан: – Күй...

Потанин: (Қуанып) - Иә, иә! Күй туралы болып жатқан сияқты, пожалуыста ойнап беріңізші...

Шоқан: (Оның қолындағы қобызды алып, қолына ұстап тұрып) - Григорий Николаевич! Ол күй домбырамен тартылады. Ал қобыздың сыры бір басқа. Иесі де басқа. Қазақтың кара құты-қобызы, тұңғық түбінен күн көзіне қайта ұмтыла ма деген қуанышымды ішіме үміт қылып, түйіп тұр едім. Өйткені Ықыластың бағанағы тартқан сарыны құлағымның ішіне қонып қалды, кетер емес. Қайта қайталанып, үдей түсуде.

Ықылас: (Тақалып келіп) - Шоқан аға қатты толқып кеттіңіз ғой....

Шоқан: - Толқымасыма болмай тұр. Өшкенім жанып, өлгенім тіріліп тұр емес пе! Өшкенім қобыз үні болса, өлгенім Қорқыт болатын. Міне екеуі де жаңғырып, жаңа өңге енетін түрі бар. Сенің қолыңа қобыз тисе Қорқыт бабамыз дүниеден өткен ықылым заманнан бері үнсіз қалған әулие маған сөйлеп кетердей көрінеді, сірәде болса тегін болмас...(Ықыластың қолына қобызды беріп жатып) Менің саған жол бойы айтарым көп. Жадыңа сақтап, қажетіңе жаратарсың. Өйткені сенің мойныңа тәңір жүгінің салмағы түскелі тұр. (Біржанға бұрылып) - *Біржан домбыраңды Тәтті ағаға бер, жол батаға Былқылдақты естілік.*

Біржан Тәттімбетке тізерлеп, домбырасын ұсынады. Ол домбыраны алып, сипап қарап отырып «Былқылдақ» күйін тарта бастайды.

Шоқан топтан бөлініп шығып, сахна сыртына беттейді де көпшілікке:

Шоқан: (Үлкен бір сезіммен тебіреніп) - Домбыраның таңы атып, күні шығып келеді. Құлақ қойып, тындандаршы Тәттімбеттің мына күйіне аспандағы аққу ғашық болып, көлдің бетін әнге толтырмай ма?! Не деген ғажап сарын. Адамның тұла бойына күйдің тәтті шырынын құйғандай сезім береді... Иә, сондықтан да бұл күйдің екінші мен білетін аты «Аққу ғашық» болады.(Осы кезде күйге аққу үн қосады)

Күй тоқтайды. Тәттімбет Шоқанның қасына келіп, иығына қолын салып:

Тәттімбет: – Сенің не ойлап тұрғаныңды білемін, біраз күн бітіретін тірлігім бар. Содан соң сенің артыңнан барамыз. Сол кезде аспандағы аққуды көліне қондырып көрерміз. Жол болсын, аттаныңдар!

Алыстан жолаушылардың қосылып салған әндері сары даланы жаңғыртып, қалықтап барып, үзіліп соңы Тәттімбеттің күйіне ұласады.

БІРІНШІ БӨЛІМНІҢ СОҢЫ

Екінші бөлім

2 - сурет

Сахна қайта жарықтанғанда, алыстан көрінген Балқантаудың сыртқы сілемі байқалады. Қарама қарсы қонаққа тіккен ақбоз үйдің есігі көрінеді. Киіз үй қасында домбыра құшақтаған бір қыз бала ішке құлақ түріп отыр. Ауылда қонақтар бар екендігі, ақбоз үйге кіріп –шығып жүргендердің тіршілігі мен сөздерінен білініп тұр. Естіліп тұрған қазақ ауылы тіршілігінің дыбыстары. Шырқалған ән сарыны алыстан жетіп тұр. Қонақтарға қызмет көрсетіп жүрген жігіттерді басқарып жүрген Таутан даусын көтеріп жігіттерді шақырады.

Таутан: - Уа, батырекелері! Бәрің мұнда келіндер. Жақсылар ас ішіп, әңгімелерін аяқтағанша бізде дамылдай тұралық...

Маутан: (Сырттан мұрнынан сөйлеп) - Оу, келіншектер қалған – құтқан бірдеңелерің болса бізге де әкеліндер, қаулаңдап қалайық...

Таутан: - Әй, Маутан сен қайда барасың бері кел, қазан ошақта нең бар ей, келіншектердің қалғаны мен құтқанын жесең жетісерсің...(Жиналып жатқандар жамырай күліседі). Одан да мына мендей ағаң шақырғанда жүгіріп келмейсің бе? Үй, ақымақ!?

Мауқан: (Мұрынының самалы болса керек мұрынынан сөйлеп) - Мен емес, менімен таласа туып, құрдас болған сен ақымақсың. Айтпақшы осы сенің атың неге Таутан ? Саған басқа ат неге қоймаған, а? Атыңның өзі маған ұқсас сірада болса...

Таутан: (Сөзін бөліп жіберіп, елге әдейі естірте) - Тәйт ары, сандалма. (Көпшілікке қарап көзін қысып) Мынау не деп келеді -ей? (Көпшілікке) Сөзінің арты дауға айналып, біздің әкейге жармасқалы отырғаннан сау ма, аулақ әрі. Дәмеленбей ақ қой, басқа жерің ұқсаса да мұрның ұқсамайды...

Айтылып жатқан қалжыңдарға қошеметтеуші күлкілер араласып, сахнаға сән беріп тұр. Жан-жақтан сахнаға жиналғандар жағалай отыра бастайды. Араларында қыз келіншектер де бар. Келіп, отырып жатқан келіншектердің арасынан Гүлайым суырылып шығып .

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

1.Құрдас деген жақсы ғой.

2.Әзілдерінің жарасуын қарашы.

3.Әй, Таутан, әкең жорға Санақ аталған, кім біледі?..

4.Маутанның әкесі де жылтың Жанақ деген серілеу кісі болған...

Көпшілік «Әкелерінің аты ұсас, өз аттары да ұқсас түсініп бөлмас» - деп күліп жатыр.

Гүлайым: - Әй, Таутан, мен саған бір әңгіме айтайын. Көрші ауылда үш пұшық қыз болыпты. Солар келесі бір ауылға қонаққа барып, аттарынан түсіп жатса, көріп тұрған басқа қыздар күліпті. Олардың күлкісінен абыржыған құрбыларына ішіндегі біреуі «Қыздар-ау, оған несіне қысыласыңдар, бұлар біздің осылай бірге жүргеніміздің өзін көре алмайды» - деген екен. Біздің жігіттің мұрын жағын тілге тиек қылар жөнің жоқ. Сол үштің бірі - өзінде отыр емес пе?!

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Айтарлықтай болды.
2. «Аңдамай сөйлеген-ауырмай өледі»-нің кері болды.
- 3.Бәсе шаншардың келіндері де шешен болуы керек - қой.
- 4.Әй, жарайсың, Таутан аузын аша алмай қалды...

Таутан: (Сасқалақтап) - Әй, Маутан парланайық. Айырбас.

Маутан: (Қолын сілтеп) - Аулақ әрі, әркімнің өз пұшығы өзіне. (Гүлайымға қарап) . Солай емес пе, бәйбіше?

Гүлайым: - Солай болғанда қандай. Пұшаным-ау, өлсем де сенен айырылмаймын!

Тағы да көпшілік күлкісі, мақтау, қолдау сөздер мен қошеметтеулер күлкі аралас көңіл күй жасалынады. Топтың арасынан тағы бір келіншек суырылып шығып, көпшілікке:

Келіншек: - Қалай жігіттер «Түйрегіш»- атамның жігіттері ғана емес, келіндері де есесін ешкімге жібере қоймас, байқадыңдарма? Таутан, Гүлайымнан жеңілді, айыбын төлесін, солай емеспе

Көпшілік қолдау жасайды. Көпшіліктің ішінен біреуі «Ән салсын»-деген ұсыныс айтады. Бәрі соны қолдайды. Осы екі арада Гүлайым киіз үйдің қасында отырған баланы ертіп келеді.

Гүлайым: (Көпшілікке) - Таутанды сан естіп жүрсіңдер ғой. Мына біздің баламыз Мүгілсінді бір тыңдаңдар.(Отырған көпшіліктің бірі)

Көпшіліктің бірі: - Тыңдасақ, тыңдайық. Домбырасын құшақтап, Тәтті ағанның үйінің маңынан шықпайды ғой...

Мүгілсін: (Киіз үй жаққа қарап) - Мен ол жаққа босқа бармаймын, Тәтті атам күй шығарса, естімей калып, басқа біреу менен бұрын үйреніп қоя ма деп қорқамын. Ал ол үйренген адам, ұмытып қалса мен не істеймін...

Көпшілік таң қалып, ырза болып, ырзалық қолдау сөздерін айтып жатады.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.-Не дейді – ау, бала болса да ойы қандай.
- 2.Жарайсың, үлкен болсақ та ондай ойлаған емеспін.

3.Болар бала жасынан деген...Т.ә.ж.б.

Таутан: – Мүгілсін, балам, айналайын мына кісілерге Тәтті атаңнан естіген күйінді тартып берші. Соңғы естіген күйіңнің аты қалай еді.

Мүгілсін: (Домбырысын ыңғайланып, биіктеу орналасады) - Кейінгі үйренген күйім «Балбырауын»

Күй тартылады. Күй аяқталғанда тыңдаушылар алғыстарын білдіре бастайды. Осы кезде киіз үйдің ішінен домбыраның дыбысы шығып, жаңа күй тартыла бастайды. Бұл күй атақты «Бес төре» күйі. Жұрттың бәрі киіз үйдің сыртына тақап келіп, орналаса бастайды. Бала күйді қоса тартып үйреніп жатыр. Күй аяқталғаннан кейінгі аз тыныштықтан соң көпшілік әңгімелесіп, күйді мадақтап алғашқы орындарына қайты келеді.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Тамаша-ақ, күй екен.
- 2.Мағынасы терең болса керек.
- 3.Құлағының бұрасы да бөлек.
- 4.Неге арналды екен.

Таутан: – Менің естуімше, ертерек кезде жұт болып Алшынбайдың жылқылары ашыққан соң нәр іздеп жүріп, Қарасордың былқылдағына батыпты. Алшынбай батпаққа батқан жылқыларын біздің Айбике ағайынға төлетпек болып «Сендер жылқымды батпаққа әдейі қуып түсірдіңдер»- деп күш көрсетіп,тезіне салып қысқан соң, осы Тәтті ағаға ағайын «Араша түс деп»- сәлем айтыпты. Содан Тәтті аға барып Алшынбай бастаған билерді тыңдап отырып, аңысын байқаса Алшынбай өзіне жақтас төрт мықтысын қосып алып, Айбике ағайынға малын төлететін болыпты. Қасындағылар қоштап, шешім дұрыс деп қолдай кетіпті. Осының бәрін көзімен көріп отырған Тәтті аға, әлдінің әлсізге жасап отырған қиянатын Алшынбайдың төсімен соғып, туысқандарының төрін таптағанын, оған дем беріп отырған төртеудің қорғансыздардың басына әңгір таяқ орнатқандарына ырзалықтарын көріпті. Ашу ызадан үйдің іргесінде сүйеулі тұрған домбыраны қолына алып, теріс бұрауға келтіріп осы күйді тартыпты. Күй тартылып болғанда Алшынбай арашаға келіп отырған Тәттімбетті жас деп менсінбей мысқалдай күліп «Ағайыннан зардап шегіп отырғанда көңілімізді көтеріп тастады ғой, күйші биге қымыз құйыңдар» - десе керек. Сол кезде Тәтті аға дауысын шығарып күліп алып «Алшеке, ағайын туысыңның көре алмай жылқыңды батпаққа батырып отырғанын айна қатесіз біліп, ал, солардың осы күймен айтып отырған ашулы шерін нағып көңіл көтерер күй деп қабылдап отырсыз деген екен , Алшынбай жақтырмай «Елдің сөзін сөйлеген бұл күй сонша не дейді» - десе. Жұлып алғандай Тәтті аған «Алшеке, бұл күй :

Қыс болды, суық болды, жұт аралас,
Ашықса өлгеніне мал қарамас.
Қарасор батпағына жылқың батса,
Алшынбай елден көрме, ол жарамас.

Біліпсің Айбикелер қастандығын,
Жылқыңды батпаққа айдап жатқандығын.
Тәңірмен сырлас болсаң бәрін сезгіш,
Қалайша алдын ала сақтанбадың.

Осы елдің бетке ұстар көсемісің,
Сөз бермес тірі жанға, шешенісің.
Осылар сені болыс сайлап еді,
Енді сен іш киімін шешемісің.

Тірегендей екенсің көк пен жерді,
Зар жылатпа, қақсатпа мына елді.
«Көкте құдай, жерде мен»-деп отырсың,

Малды қайтар қырылған қыстан бері...деп отыр»- депті.

Алшынбай шалқайып жатқан орнынан басын көтеріп алып «Жас болсаң да ойыңның өрісі мол, жайылымы кең екен. Ата сөз сенен, ат-шапан менен болды, мен тоқтадым» - деген екен.

Көпшілік түрлі қолдау сөздер айтып, ырзалықтары мен таңданыстарын білдіріп жатыр.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Ойпырм –ой, не деген уытты сөз десеңші.
 - 2.Теріп айтқан Тәттекеңде тілді ғой.
 - 3.Даусыз мойындаған Алшекеңде текті гой.
 - 4.Тәттікеңде өлең шығарады екен – ау, ә!
 - 5.Бәле, білмеуші мең, Тәттекең өлең түгілі, ән де шығарады.
- Осы кезде киіз үйдің ішіндегілердің сөзі сыртқа естіледі.

1.Алшеке бата қайырыңыз.

2. Дастархан екеуміздікі . Батаны Құнекең қайырсын.

Сырттағы көпшілік киіз үйге тақалып, басылып отырып қолдарын жаяды.

Құнанбайдың даусы: -Тәттімбет, отаулы болғалы отыр екенсің, ескер - геніңе, ақыл салғаныңа рахмет. Мұсаға бізден сәлем айт. Қыз аларға Алла сәтін салса ат басын тірерміз...Қолыңды жай!

«Көкей кесті»- күйінің аясында

Тас қырандай түлейік,
Алладан медет тілейік.
Рахымы түссе тәңірдің,
Жақсылығын білейік.
Кеуде де жан аманат,
Шықпасын елден жаман ат.
Не берсе де жаратқан,
Тәуба мен болсын қанағат.
Ойлаған ой ақ болсын,
Ақ ниетке бақ қонсын.
Елің өсіп, өркендеп,
Отауыңа бас толсын...Әумин!

Күйдің үні үдей түсіп жарық сөне бастайды .

2 – суреттің соңы ЕКІНШІ БӨЛІМ

3 – СУРЕТ (Әуенді көрініс) БЕЗЕНДІРІЛУІ:

Суретте: Баян ауыл көріністері.

*Мұса ауылы. Көк орай шалғын. Алыстан самаладай жыпырлаған киіз
үйлер қанаттаса тізіле орналасыпты. Таулар. Көгеріп қамыс қозғасы
байқылатын көл көрінеді.*

Әуені:

*Сайраған құсты, сылдырлаған бұлақтың, сыңғырлай құлген
қыздырдың күлкісімен араласқан, адам жанын желпіп өтетін,
қуанышпен төй лебізін білдіріп тұратын жеңіл де жарасымды саз
бөлуы керек.*

Құрылымдар:

*Ортада ақ отау. Құрылған шымылдық. Отау қабырғасы жағалай
ұлттық безендірулерге сай жабдықталған. Жайылған төсеніштер мен
жантаяр жастықтар. Төрге тақау жерде үкілі домдыра да қыстырулы
тұр.*

Сыртқы қозғалыстар мен әрекеттер:

*Киіз үй сыртанда, үй ішіндегі оқиганы тыңдаушылардың
сахналық бейнелері сөзсіз тек қимыл, ым-әрекеттермен ғана жасалуы
керек.*

*Шымылдық ішінде екі қыз бірдеңелер жасап жатқан сияқты. Бірақ
өздері көрінбейді. Шымылдық сыртындағы қыз күйеу жігіттің
қалтасын әндетіп қойып, ақтарын жатыр. Тапқан заттарын
камзолының қалтасына*

түрлерін айтып – айтып салып жатыр. Бұл қалта қарар салты.

Қыз: (Ән) - Жігіт келді ауылға, жезде келді,
Балдыздары салатын тезге келді.
Қалталарын ақтарып біз көрейік,
Жезде сыйлық беретін кезде келді.

Мұсатай: – Ақтара-ғой балдыз жан, қалтамызды,
Ала келген шығармыз алқаңызды.

(Қыздың қолын ұстай алып)

Қолың қандай жұмсақ ед, балдызым - ау,
Сипап беріп отырсаң арқаңызды ...

(Шымылдық ішіндегі қыздар қысыла күліп жібереді)

Қыз: - Ой – бу, құдай, жездем – ау, қотырмысың,
Қотыр қасыр қыз іздеп отырмысың,
Қолы жұмсақ апам бар өзі сұлу,
Көрмей соны отырған соқырмысың...

(Шымылдық ішіндегі қыздар тағыда қысыла күліп жібереді)

Мұсатай: – Қалай көрем апанды қойсаң тығып,
Тұрмын содан балдызжан өзіңе ығып.
Қызды жейтін біреу деп жүрме мені,
Неге менен қашады апам бұғып.

*Сырттағы жастарда осы сөзден кейін жадырай күліп, қыздың
жеңілгенін жарқын - жарқын әзіл қалжыңдармен жалғастырып, отау
үйге кіреді...*

Жастардың айтатын әзіл сөздері:

1. Жігітің жарады сөз тауып кетті.
2. Балдызы да қалыса қойған жоқ.
3. Жүріңдер отауға кірейік.
4. Дұрыс айтады енді не тұрыс «Шымылдық үзер»- жасаймыз.

*...Үйге кіріп келе жатқандағы жастардың айтатын «Шымылдық
үзер»- яғни шымылдықты ашқызып қызды көруге арналған ән.*

Жігіттер: - Ақ моншағың шашылып,
Ақ шымылдық ашылып.
Көрсін күйеу өзіңді,
Тұрған мына асығып.
Ей..., Шымылдығың үзілсін!

Шәмшия: - Бір ырымды жасайын,
Ақ моншақты шашайын.
Сіңлілерім алыңдар,
Сендерге жол ашайын.

*Шымылдықтың арасынан алақандағы бір уыс моншақты жерге
шашады. Қыздар мен жігіттер шашылған моншақты таласа-тармаса*

*теріп алады. Жігіттер моншақты қыздарға ұсынады . Қыздар алмайды.
Жігіттер шарасыздық танытады.*

Қыздар: - Ашқан жолың ақ болсын,
Үлгі тұтар тақ болсын.
Отауыңа көтерер,
Қыдыр келіп, Бақ қонсын.

Жігіттер: -Бізде моншақ теріп ек,
Үміттеніп келіп ек.
Мына қыздар алмайды,
Таңдап, таңдап беріп ек.

Шәмшия: (Шымылдық ішінен әзілді дауыспен) -Менің сіңлілерімді, кез келгеннің қолынан моншақ ала береді деп пе едіңдер. Моншақ ұсынғыш болсаңдар көздеріңді жұмып, қолдарыңды арттарыңа ұстап қатар – қатар теріс қарап тұрыңдар. Сендердің қолдарыңдағы мошақтарыңды сіңлілерім өздері таңдап алады, ал сендер сол моншақты қай қыз алғанын, тауып алыңдар. Егер айна қатесіз тапсаңдар, менің табылған сіңлім мен тапқан жігіт шымылдық үзерімді жасайсыңдар. Сыйым дайын.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Не дейді-ау, сыйға сіңлілерінің бірін беріп кетсе жақсы болар еді...
- 2.Атаңбасы, оңай олжалы болғың келген екен...
- 3.Не болса да шартқа көніп, бақ сынайық....

*Жігіттер қатар – қатар көздерін жұмып, қолдарын арттарына
ұстап тұра – тұра
қалады . Қыздар сапырылыса араласып, жігіттердің
қолдарындағы моншақтарды тез – тез алып, шетке шығып кетеді.
Жігіттер кім алғанын аңғармай қалғандаран айтып, дуылдасып жатыр.*

Шәмшия: (Шымылдық ішінен) - Ал жігіттер! Кезекпен –кезек кім алғанын табыңдар.

Жігіттер кезек – кезек айтып таба алмай жатады. Таба алмағандар таба алмаған айыбы ретінде, түрлі әзіл жазаға тартылып жатады. Соңғы іздеуші (Орта тұсында бола ма) Дәл табады. Бәрі мақтау, қызғаныш, сенімсіздік сөздерді айтып тағы да дүрілдесіп жатқанда.

Шәмшия: (Шымылдық ішінен) - Соныменен қайсың таптың, бері тақалаңдар.

(Табылған қыз бен жігіт шымылдыққа тақалады) Менің шымылдық үзерімді жасаушыларға айтар ұсынысым, қояр шартым бар.

Қыз бен Жігіт: - Шартың болса айт, бүгінгі күн орындалмас шарт болмайды. Айта бер.

Шәмшия: (Шымылдықтың арасынан домбыра ұсынып) - Мына домбырамен «Шымылдық үзеріме» тек менің атамның кез келген күйін

тартып, осы домбыраны сыйға аласындар. (Жігіт домбыраны алады) Екінші, (Үкілі құндыз бөрік шығарып) күйші жігітке мына жаңадан тіктірткен үкілі құндыз бөрікті қоса сыйға тартамын. Ал жігіт бұл бөрікті осы арадағы өзіне ұнаған қызға сыйға тартады, келістік пе? (Көпшілік ырзашылық білдіреді) ендеше бастаңдар!

(Жігіт шарт жүзініп отырып «Сылқылдақ» күйін тартады.

Тұрғандар көтермелеп демеп жатыр. Күй біткенде жігіт тұрып, қызға бөрікті кигізеді. Қыз ән бастап, шымылдық ашады.)

Қыздардың шымылдық ашарда қосылып айтатын әндері.

Құла жорға мінгенім кетерімде,
Жүк тиелген түйем бар жетегімде.
Аққуы едім елімнің көліндегі,
Ұшып енді біржола кетемін бе?

Ақ торғыным ашылып, бетімдегі,
Жастық шағым тұр енді сетілгелі.
Айтқан әнім әдейі өздеріңе,
Кетерімде алдыңнан өтілгелі.....

(Әнді режиссер шешіміне қарай жігіт қаздырдың алма кезегін жасауға болады)

Тартуға бөрік алған қыз шымылдықты жайлап ашады.

Шымылдықтың ар жағындағы қыздар көрінеді. Қыздар теріс қарап тұр. Шымылдық ашқан қыз күйеу жігітті қолынан жетелеп :

Қыз: -Жездеке, сүйгенінді сыртыңан да тануға тиіссің, оның үстіне келер жылы әкеткенше ұрын келіп тұрасың, сол кезде тастай қараңғы түнде де шатыспай табатыныңа біздің көзімізді жеткізуің керек. Әкел көзіңді байлайын осы тұрған үштің бірінен тап басып, тауып бер.

Осы арда қыздардың орнына жігіттер ауысып, басқа қыздар тұрып, күлдіргі ойын ұйымдастыруға болады. Ақыр соңында жігіт қызды табады, қыз қолын ұсынып тізесін сәл бүгіп, сәлем салады.

Мұсатай: - Сезіп қойдым қолыңның аясынан,
Жүрегіңнің желпіген саясынан.
Лебің майда, япырмай таң қаламын,
Аумассың – ау, аққудың баласынан.

Қыз жігіттер: «Таптың! Жарайсың, жездеміз жарады! Енді жол ашық...»-
деген қолдаушы сөздермен желпініп қалады. Домбыра алған жігіт қолын көтеріп, көпшілікке:.

Жігіт: - Оу, жастар! Улап – шулап осы арада тұра береміз бе, «Шымылдық үзер» - жасалды, жүріңдер қыр асайық!

Қыздар мен жігіттер қолдай кетеді. Бәрі қосылып, ән бастап, үйден шыға бастайды. Жарық өшеді. Ән аяғы Тіттімбет күйлерінің біріне ұласады. Жарық қайта жанғанда кйіз үйге Мұса мен Тәттімбет кіреді. Мұсаның қасында бәйбішесі бар.

Мұса: – Тәттіеке, Қарқабат анамыздан туған ұрпақтың, исі қазаққа белгілі, талай ұлы дәм татып, Көкше көлден бергі аймақпен Ақжал, Ақшатауды етектей сонау Нұраға қосылар аралықтан осы бізге дейінгі жерінде, біздің Баянның елімен қаны аралас етене жақын болған талай жақсыларын білесіз. Міне бүгін солардың қатары толығып, біздің де керегеміз кеңіп отыр. Аллаға шүкір атам қазақ «Екі ақылды қосылса - арасында сый жүрер, екі ақымақ қосылса - арасында сөз жүрер»-деген екен. Болатқожа бабамыздың ұрпағының әзірге сөзден тайғаны мен екі сөйлегеніне кез болған жоқпын, Алла бізді де бір сөзді етсін. Сіз сұрадыңыз мен бердім! Жер шалғай емес Баян мен Балқантаудың арасы ат шалдырып, араласып тұратын жер ғой. Қадам құтты, құшақ бірікті болсын. Әумин! (Барлығы беттерін сипайды).

Тәттімбет: – Мұсеке Қаракесек, Қаржасты былай қойғанда, ақыл ойыңыз бен біліміңіздің арқасында бүкіл қазаққа, тіптен тасқа бастырған сөздеріңізбен, ақпатшаға да есіміңіз жетіп жатқан азаматсыз, сіздің айтқан ниетіңізден асырып айтуға сөз табыла қоймас. Сондықтан да бас идік, байлам ұстандық, ант алынды, ағайын табылды Алла ұзағынан, жалғасынан берсін. Әумин! (Барлығы беттерін сипайды).

Мұса: - Мынау балаларыңның отауы (Төрді нұсқап) Төрлет, жайғасып, дәм ауыз тиіп шығайық. (Бәйбішесіне қарап) Бәйбіше «Саржайлаудың» Тәттімбетін көрсем деуші едің, көрмек түгілі, құда болдың енді не айтарың бар.

Бәйбіше: – Осыдан бірер жыл бұрын Алтайдағы ағайындарыма барып қайтып ем, сондағы ағайындар сіздің біраз күйлеріңізді тартты. Соның шінде «Саржайлауыңызды» қатты мақтайды екен, оған менің де мәртебем өсіп, аралас отырған ел екенімізді айтып, мерейленіп қалдым. Өзіңізге кездеспесекте ел аузынан естіп отырамыз. Оның үстіне ақсақалымда қажығанда балаларға сіздің күйлеріңіздің білетінін тартқызып қояды.

Тәттімбет: (Әйеліне қарап) - Бәйбіше, естідің бе шалыңның атағы Алтай асып кетіпті, құдағи қатты мақтап жіберді. Көз тиіп қалмасын! Осы ауылдағы менің күйімді тартып жүрген жастарға Тәтті ағаларыңның сыйы деп тарту таралғы жасарсың.

Есім: - Мырзам, айтқаның болсын. Сізді үкілеп жүген бауырларыңыздан немді аяйын. Оның үстіне құдағи да сіздің күйіңізге деген сүйсінісін жасыра алмай отыр. Ақсақалының тыңдағанынан гөрі, өзі көбірек тыңдайтын болса керек.

Мұса: (Күліп) -Құдағи аңғарымпаз екенсіз, бәйбішем жасында домбыраны жастанып жататын еді, кейіннен балаларына беріп соларды тыңдайтын болған. Сонысын айта алмай отыр. Ал Алтай сөзі рас.

Есім: - Менде құдағиымның «Өнер десе ішкен асын тостыратын» өзім сияқты екенін бірден сездім (Тәттімбетке қарап) – Мырзам, құдағиының тыңдағысы келіп отырған «Саржайлауын» бабына келтіріп, тартып берер деп ойлаймын.

Тәттімбет: (Мұсаға қарап) Сіз екеуміз осы құдагилардың ығына түсіп бара жатқан сияқтымыз. Ертерек бұйымтайларынан құтылып, еркін отырмасак болмас.

Мұса: (Төрде қыстырулы тұрған домбыраны алып, беріп тұрып) - Құда, мына домбыраны келетініңізді білген соң арнай жасатып, отауында бірінші өзі тартсын деп қыстыртып қойып едім, Қабыл алыңыз.

Тәттімбет домбыраны қолына алып, шертіп кореді де басын көтерін Мұсаға қарап :

Тәттімбет: –Жарықтық жорғаның жүрісіне, жүйріктің желісіне, желдің самалына, жүректің жамалына қос шегі тебіреніп, пернесі еміреніп –ақ тұр екен.

Мұса: (Мақтаныңқырап) – Құда ау, сізге арнайы жасаттым емес пе?!

Тәттімбет: – Мұсеке, маған бұл домбыраны арнайы жасатқаныңызға айтар алғысым шексіз. Мен бұл домбырамен күй тартып, патша алдында тұлпарымды билетемін. Ал қазір құдағиыма «Саржайлауды» аралатайын.

Тәттімбет бір тізерлеп отырып ,жеңін түріп Саржайлау күйін шерте жөнеледі. Күй үдеген сайын жарық жайлап, сөне береді де күйдің соңы оркестрдің орындауына ұласады.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

4 – сурет

Сахна ешқандай әуенсіз ашылады. Жарық толық беріледі.

Орыс қаласы Петербург. Патша сарайы. Ұрылған шіркеу қоңырауы естіліп тұр.

Ортада алтындалған орындық тақта патша отыр. Қасында әйелі мен баласы бар. Үнсіздікті патшаның қызметшісіне біреуді шақыр деген белгісінен кейін шақырушының дауысы үнсіз тыныштықты бұзады.

Шақырушының даусы: (Шақырушы көрінбейді) - Патша ағызамның кұзырында, кешегі болған

Сібір казактарының арасынан Тәттімбет Қазанғапов патша ағзам кұзырына қайта кірсін!

Кеудесін тік ұстап, еңсесін көтере адымдап Тәттімбет тақап келіп, кеудесіне қолын қойып, патшаға басын сәл иіп, сәлем береді .

Тәттімбет: - Патша ағызамға денсаулық тілеймін!

Патша: (Орнынан тұрып, терезе алдына барып, сыртқа қарап тұрып) Кешегі музыкамен атты билеткен сен емессің бе ?..(Жауап күтпей) – Тамаша, өте тамаша... Баскалардан күтсем де түземдіктерден дәл осындай өнер күтпеген едім. Тамаша.

Тәттімбет: -Тақсыр, түздік болсақ та үздік болып тұрған сияқтымыз. Сіздердің көне заттарды жинайтын жерлеріңізді аралап едім, менің бабаларымның қолдан жасаған заттары сол үйдің төрінде тұр екен.

Патша: (Сәл шіміркеніп) - Үй емес, Эрмитаж деңіз. (Қайтадан жадырап. Өтірік көлгірсіп) - Дұрыс байқаған екенсіз, біз өзіміздің бодандығымыздағы елдердің мәдениетін сақтап қалуға көңіл бөлеміз....(Сөзінің соңын мысқыл күлкіге ұластырады да кілт тоқтап Тәттімбетке тесіле қарап) Сенің кешегі инструментіңнің аты қалай еді?

Тәттімбет: - Домбыра.

Патша: - Иә, сол. Сол «дамбрамен» европа музыкаларын орындауға болама ?

Тәттімбет: (Қоржынынан Мұса сыйлаған домбырасын алып, құлақ күйін тексеріп)

Патша ағызам қаласа тартып көрелік.

Бір тізерлеп отырып «Түрік маршын» тарта бастайды .

Музыка

басталғаннан патша Тәттімбетке көз алмай, үңіле қарайды. Музыка біткенде қолын жай ғана соғады, қолдарының дыбысы қаттырақ шығып, кеткен әйел мен балаға кекете қарайды. Олар ыңғайсыздық танытады .

Патша: - Орындаған шығармаңыз мәнді болмаса да өте жоғарғы дәрежеде шебер орындадыңыз...(Өзімен-өзі ойланып) Мұндай музыкалар иен далаға қалай жетіп жүр екен, ойланатын жағдай. (Тәттімбетке бұрылып қарап) - Сіздің келгеніңізге рахмет! Жазған өтінішіңіз бойынша кен өндіруге ұрықсат беріледі. Ал менің таққа отыруыма байланысты шекпен сыйыңыз дайын, тапсырылады. (Теріс қарап) Сау болыңыз!

Тәттімбет: (Домбырысын жүрек тұсына ұстап тұрып, екі қадам шегініп) Құзырыңызға қабылдағаныңызға рахмет! (Басын сәл ғана изеп, тік жүріп шығып кетеді. Патша артынан жактырмай қарап тұрады)

Патша: (Өзі мен өзі)- Не деген талант! Біздің музыканттарымыздың арасында мұндай таланттар сирек кездеседі. Кешегі тартқан өзінің шығарған музыкалары біздің оркестрлармен тартылса Штраус, Вердилерден кем соқпас еді. (Шіміркеніп) Түз адамы екеніне қарамай, терезесін тең ұстағысы келеді. Оның үстіне кен орнын ашу туралы өтініш білдіруі, жерді біздікі дегені емес пе...(Алғашқы әсеріне қайта оралып) Инструментіне мақтанатыны да көрініп тұр. Бірақ дамбырасы мақтанса мақтанғандай екен. Екі струнамен ақ үлкен оркестрдың орындайтын музыкаларын еркін орындайтын сияқты. Кешегі орындаған музыкасы маған қатты ұнаған еді, ал бүгінгі батыс шығармасынан кейін ойлануға тура келеді. Мұндайлар өз елінде кез келгенді айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізе алады. Сондықтанда бұлар бақылауда болуы керек. Омбыдағы Батыс – Сібір генарал губернаторы генарал – мойор Фон Фридрихске тапсырма беріп, Тәттімбет Қазанғапович туралы материал жинастыру керек...(Патша ойланып тұрып қалады).

Жарық Балбырауын күйінің әсерінде біртін – біртін сөнеді. Осы әуеннің ығында жарық қайта жанған кезде, сахнадан патша сарайының сыртқы шартты бөлігін көреміз. Есіктің алдында Тәттімбетті тосып Мұса жүр. Тәттімбет шығады. Мұса құшақтай қарсы алады.

Мұса: (Айтар хабарды асыға күтіп) - Құда, қалай болды. Патша жеке қабылдап не айтты. (Мойнындағы медаль мен шенін көріп қуанып) - Мына шенің құтты болсын! Сөйлеген сөзің патшаға ұнаған ғой. (Медальді қолына ұстап, көріп оқиды) «За усердие» - қызыметі үшін дейді. Патшаға сіңген еңбегіңе бергені ғой. Аса көп бөгелмедің...

Тәттімбет: (Ойланып) Қандай сіңірген еңбегімнің болғанын білмеймін, әңгіме жер сұраған өтінішіме келген кезде патша мен екеуміздің қоштасуымыз тез болды.

Мұса: - Сонда қалай, бермеді ме?

Тәттімбет: -Неге бермесін, берді. Бірақ әкесінен қалған жерді бергендей қиналып берді .

Мұса: - Домбыранды неге ала кірсін депті? Тағы тартқызды ма?

Тәттімбет: (Қуланып, қалжақтап, патшаның даусына салып) «Домбыран жақсы екен, Мұса. Құдаң маған да біреу неге жасатпаған?» -деді.

Мұса: (Сасып қалып) - Қап,оны білгенде...

Тәттімбет: (Күліп жібереді. Мұса қосыла күледі. Күлкі тоқтаған соң) «Әуелі домбыраны мактады, одан соң европаның күйін тарт» - деді.

Мұса: - Тарттың ба, не тарттың, жаттағаның бар ма еді?

Тәттімбет: - Сонау жылы Омбыдан жан санаймыз, мал санаймыз деп біздің Нұрбике – Шаншарға Қарқаралының дуанбасы Тәукінің Құсбегі бастап комиссия келген. Құсбек екеуміздің арамызда кикілжің бар еді, соны көкірегіне сақтаған ба... Құсбек шіренген соң менде аса мойын ұсына қоймадым . Қонар жерлерін ыңғайлап беріп сөз шықпасын деген оймен өзім аса тақалмай басқа жерлерге қонып жүредім. Соңғы кететін күнінде «Бір түнге қоян терісі де шыдайды»- демекші қастарында болайын деп соңғы ауылда бірге қонғам. Сөйтсем даудан қашақтап жүріп, талай тамашадан құр қалыппын.Келген комиссияның ішінде Адольф Янушкевич деген поляк бар екен. Сол поляк барған ауылдарында түңгілік ауыл адамдарымен әңгіме дүкен құрып, ән күй тыңдайды екен.Таңға жақын далаға шықсам шеткі бір үйдің қасында әдемі бір күйдің әуені шығып жатыр. Бұлар кім болды және бұл не әуен деп тақап барсам, әлгі поляк тамаша бір күйді «мондол» деген домбыра сияқты аспаппен тартып беріп отыр екен. Адамға қатты әсер етеді екен, бірнеше қайталап тартқыздым.Өзім тартуға домбырамды ауылда қалдырып кеткен болатынмын. Ол екі арада жаздың қысқа таңы атып жолаушылар қайтатын болды. Сол әуен көкейіме қатты ұялап, қалғаны сонша үйге келіп, қолыма домбырамды алысымен төгіле жөнелді. Кейінірек Шоқан мен Григорийге тыңдатып көріп едім, екеуі де бұл «Түрік маршы» - деген күй деді, сол үйренген күйімді тартып бердім. Менің байқағаным аса жақтырмады. Өзі күйді аса ұнатпайма деп қелдым.

Мұсада: (Ойланып) - Кім біледі, ұнатпаса ұнатпайтын шығар. Өзі білсін. Ең бастысы кен қазуға ұлықсат алдың, армандап ақ келіппе едің.

Тәттімбет: - Соны айтсаңшы..

Мұса: (Тәттімбеттің иығына қол салып) – Жүр, кеттік, қалғанын қоналықта әңгіме жасармыз. Қалай қалайсың қоналық жерге пәуескемен барсақ қайтеді ?..

Тәттімбет: -Тамаша болған болар еді...

Мұса: - Ендеше кеттік...

Екеуі құшақтасқан беттерінде күле әңгімелесіп сахнадан шығып кетеді. Сыртта пәуеске тоқтатқан дауыстар. Пәуеске айдаушының ат айдаған, Балбырауын күйінің ығында өтіп жатыр. Көрніс соңы үлкен оркестрдың орындаушылығындағы Тәттімбет күйлерінің біріне ауысады.

4 – суреттің соңы.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

5 – СУРЕТ

Қудың жері. Балқантаудың көк майса шалғыны. Жағалай тігілген ауыл. Ымырт қарңғылығы. Сахна өртасында жанған от. Отқа жақындау арада қараша үй орналасқан. Оттың маңында Таутан домбыра шертіп отыр. Ән де, күй де емес әйтеуір ескілікті бір сарын. От шығып отырған жер шаруа үйінің алды болса керек. Шаруалар, балаларын ерткен әйелдер біртін – біртін жиналып келіп, от басына жақындап келіп орналасып жатыр. Орналасып жатқандардың арасында азды- көпті әзіл – қалжыңда естіліп қалуда. Көпшілік сахнасы жиналып, бітуге тақалғанда бағанағы домбыра шертіп отырған Таутан басын көтеріп, бәріне бір- бір қарап алып, сөз бастайды .

Таутан: - Әй, Маутан көжеңе тойып алып, менің айтқан әңгімемді қисайып жатып тыңдап, рахаттануды білесің. Ала жаздай осы ошақтың басындасың. Әй, ана қаптаған лақтың бірін құдайы қылып сойып, осы отырған жұртқа бір тамақ берсеңші. Мен де сенің ошағыңның басында ел естімеген әңгімелерді бірінен соң бірін соғайын. Мүмкін сауабы тиіп, мұрның өсіп қалар...(Ел күліп жатыр...)

Маутан: (Таутанның қолындағы домбырасын ала салып, құры шектің өзін қағып қағып жіберіп)

Оу.. Лакты сойып берер ем Таутаныма,

Қарамай-ақ ешкінің жаутаңына.

Қалғаныда жетеді бұл мұрынның,

Босқа тидің тағыда сайтаныма.

(Ел кеукеулеп, Маутанды арқаландырмақ болады. Оған Маутан желіге қоймайды, тағы бір шумақ айтып тоқтайда)

Оу...Таутан,
Таутан дегенге қара Таутан,
Топ ішінде құрдасым дара Таутан.
Пұшық-қой деп алаңдап жүр шығарсың.
Менің мұрным жайғана жара Таутан....

Жиналған жұрт жамырай сөйлеп, мәз болып қалады.

Көпшіліктің сөзі

- 1.Еп, бәсе менде құр жара шығар деп ойлаушы едім.
- 2.Ту, көңілім орнына жаңа түсті ғой. Танысқан жігіттерге пұшық бажаң болады деп айта алмай жүр едім...
- 3.Бұл жара шыққалы талай заман болып, елдің көзі үйреніп те қалды...

Т.ә.ж.б.

Мүгілсін: - Таутан көке, энеу күнгідей қызықты әңгімеңізден тағы айтып беріңізші. Сіздің айтқан әңгімеңіз атамдардың айтатын әңгімелері мен әжемдердің ертегілері сияқты болмаса да тамаша.

Таутан: (Ойланып) - Сен оны қайдан біліп, түсінесің...?

Мүгілсін: - Түсінемін, өйткені сіздің айтатын әңгімелеріңізде ақылды сөздер көп болады...

Таутан: - Сен зерек екенсің, соның бірін айтып жіберші...(Отырғандар да өтініш жасайды. Осы кезде өтіп бара жатып Тәтәмбетте осы топтың бір шетіне елеусіз келіп қосылады да, тыңдап тұрады) .

Мүгүлсін: (Жан жағына қарап алып) - Менің Қаз дауысты Қазыбек атам туралы бір әңгіме айтып көрейін. Төле би мен Әйтеке би жастау кездерінде үш жүз ақылымен жүріп, хандар қарсы шықпаған. Қазбек атамның данышпан екенін сынамақ болып бір ертоқымға таласып, атам алдына жүгінуге келіпті. Ердің иесі Әйтеке даулаушысы Төле би болыпты.

Әйтеке би:

-Атқа салсам қонатын,
Тақымыма толатын.
Сұраса әкем бермейтін,
Ертоқымым болатын.
Төле деген жармасып,
Түрі бар даулы болатын – депті.
Сол кезде Төле биде шарт жүгініп отыра кетіп:
Қайыңның кескен безінен,
Шебердің өткен тезінен.
Өлсем дағы айрылман,
Әкемнің қалған көзінен.
Әділ болсаң билік айт.
Даналықтың сөзімен - деген екен.

Екеуінің өзін сынап отырғанын сезіп, дау болып отырған ортадағы ер тоқымға карап. Ердің кейінде жасалғанын аңғарып, Қазыбек атам Төле биге:

- «Далада жатпас ер екен,
Жасалуы бері екен.
Ерден сұрап біліп ем,
Әкең бұдан кәрі екен.
Шықсада әкең қарадан,
Өзіңе елің караған,
Өлем деген сөз шықпас,
Елге қамқор данадан» – депті де Қазыбек атам

Әйтекеге бетін бұрып:

- Екеуіңіз жастарыңыз үлкен болған соң, баланы сынап отырған болар сыздар.

- Бірің жаға, бірің жең,
Ақылдарың бірдей тең,
Орта жүздің бір шалын,
Сынайтын сонша кетті нең.
Аларың болса айта ғой,
Қайтарайын мына мен» - деген екен.

Екеуі ұялып, ат - шапан айыбымыз деп бір – бір ертұрманды жорға миңгізіпті. Қазыбек атам екеуіне қайтарда «Бұл жақтан елдеріңе сәлем - сауқат тасып жүре алмассыңдар. Барған соң келіндерге саудыртып ішіндер деп он – оннан қысырақ айдатып жіберіпті. Сөйтіп үшеуі бірін – бірі ағалы - інілі болып, қатты сыйласып өтіпті.

Отырған ел үнсіз қалады. Тәттімбет тақалып келіп, баланың қасына бір тізерлеп отырып, маңдайынан сүйіп:

Тәттімбет: (Мейірленіп) - Айналайын, айтқан әңгімеңе осы арадағы барлығымыз тәнті болдық. Ойланғанға үлгі болатын әңгіме. Бабаларымыздың сөз қадірін, өз қадірін білгендерін, бір – біріне деген үлкен құрмет пен прасаттылықтарын үлгі еткен әңгіме болды. Рахмет.

Мүгілсін: (Мақтанып) - Тәтті ата, мен бұдан да басқа көп әңгімелер білемін

Тәттімбет: (Басынан сипап) - Білгенің жақсы балам, ол сенің парызың. Біздің парызымыз сондықтан да сен, сенің қатарластарың тіптен осы отырған бәрімізде білуге тиіспіз.

(Шабыттанып, орнынан тұрып, алыс бір жақтардағы болашаққа қарап тұрып, айтқандай тоқтаусыз тебіреніп кетеді). - Иә, білуге тиіспіз. Өйткені сонау көне заманнан ұрпағымызға берер тәрбиемізді, алдыда өткен ата-бабаларымыздың үлгі боларлық өмірінің ішіндегі ізгілерін ұрпақтан – ұрпаққа осы аузымызбен жеткізіп, санасына егіп келеміз. Аллаға шүкір, дәнсіз емеспіз. Ата сыйлаған ұл, ана сыйлаған қыз өсіріп отырмыз. Өткен тарихымызды тасқа ойып қалдырған бабаларымыздың аманатын дастан қылып жырлап, кисса қылып айтып, шежіре қылып шертіп, осы

аузымызбен жетсе деген ұрпақтарына сатылап, жеткізіп келеміз. Оған мақтанамыз. Құдай тумай жатып, көрмей жатып, білмей жатып, түсінбей жатып бірін білем деген саппастан сақтасын. Қазақтың аузы-киелі ауыз. Сондықтанда қазақ сөзге тоқталып, ердің құнын екі ауыз сөзге байлаған. Қазақ «Аталы сөзге-арсыз ғана тоқтамайды» дейді. Ал сөзбен, сертке беріктігінің арқасында «Малым - жанымның садақасы, жаным - арымның садақасы» - деп арлылығын сақтаған.

Үнсіз тыңдап отырған көшілік:

1.Рас қой,

2.Шын сөз,

3.Бәрімізде үлкендердің әңгімесінен үлгі алып өстік қой.

4.Айналайын даналардың әр сөздерінің бәрі ғибрат емес пе - деген қоштаулармен қозғалақтап қалады.

Таутан: (Әйеліне қарап) - Тәтті ағаңа сусын әкел, дәм ауыз тисін. (Тәттімбетке бұрылып) Сізден сұрайын деген бір сауалым бар.

Тәттімбет: – Сұра Таутан, сенің сұрар сұрағың менің берер жауабым болса жарасымдылық қой.

Таутан: - Осы сіз күйді неге сонша жақсы көркісіз?

Тәттімбет: (Тәттімбет ой үстінде. Домбырамен шертілген қоңыр дыбысты күй ырғағы естіліп, әңгімеге жарасады) - Бұл сұрағың үлкен сұрақ болды. Ал сұрақтың жауабы бір, түнімен аяқталмас. Өйткені тілегіңнің жауабы менің бүкіл өмірімнің жолымен жүріп, өткелімен өтеді...Тоғайымен жүріп, аскарынан асады...Көлі мен шөлін, белі мен елін аралайды...(Домбыра даусы сап тынады)

Мүгілсін: – Тәтті ата, қанша көп болса да айта беріңіз. Мен ұйқым келсе де ұйқтамай отырып тыңдаймын, тыңдай берем, таңдай берем...

Тәттімбет: - Рахмет балам, сенің тыңдайтынына мен сенемін, ал басқалар ше? Олар тыңдай ма?

Мүгілсін: - Тыңдайды ата, тыңдайды! (Жан жағындағыларға қарап) сіздер тыңдайсыздар ғой иә...

(Көпшілік қолдайды. Бала залдың ішіндегі көрермендерге де тақап барып)

Сіздерде тыңдайсыздар ғой, Тәтті атам күй туралы, домбыра туралы әңгіме айтады, тыңдайсыздар ғой иә ?!. (Көпшілік қолдайды. Осы кезде тоқтаған күй жалғасын табады. Бала тыныштық сұраған белгі жасап). Тыныш, атам әңгімесін бастады тыңдалық. (Өзі жай - жай басып келіп, Тәттімбеттің қолтығына кіріп отырып әңгіме тыңдайды)

Тәттімбет: - Менің бала кезімде әңгімеші қарттар көп болатын. Дәл осы отырған біздер сияқты түнгі от басында алқа қотан отырып, әрі де өткен ата бабаларымыз, олардың ел қорғаған ерліктері, татулықтары, достықтары, үлкенді – аға, кішіні - іні деген тәрбиелері, ғашықтықтары туралы небір тамаша әңгіме мен аңыздар айтатын. Содан бір күні мен білмейтін бір жақтан ауылға еліктің лағын жетектеген бір адам келді. Жолаушы екен, ертең ерте жүретінін айтып қоналық сұрады. Әкем үйге қондыратын болып,

ымырт жабыла ауылдың адамдары біздің үйге жиналды. Әңгіме дүкен басталды. Ол адам елін жау шауып, тоз - тоз еткенін, содан балаларынан айырылып қалғанын, оларды ел –елден іздеп жүргендігін, жетегіндегі елік кішкентай қызының үйірінен адасып қалғанынан тауып алып, асыраған лағы екенін айтты. Лақ бір түрлі адамдарға мұңлы қарайды екен. Сіра да болса олда өз үйірін іздейтін сияқты. Жолушы еліктің лағының билейтінін айтты. Отырғандар аса сеніңкіремеді. Сол кезде жолаушы қоржынынан сыбызғы алып шығып, орауын жазды да тарта бастады. Жаңағы мұңайып жатқан лақ орнынан атып тұрып, жан-жағына қарап, біреуді іздегендей маңырап алды да, билей жөнелді. Мен сол кездегі аз ғана ғұмырымда одан кейінде мұндай ғажайыпты естігенде, көргенде жоқпын. Сөз жетпейтін оқиға болды. Әлі күнге дейін, көзімді жұмсам көз алдыма келеді. Күй біткенде лақ біреуді іздегендей жан-жаққа тағы да қарап алып, жатқан орнына қайта келіп, екі аяғының үстіне басын қойды да, мұңайып қайта жатып қалды. Отырған ел күрсініп, таң қалды. Сол кезде жолаушының тартқан күйі - кішкентай қызының осы еліктің баласына арнап шығарған күйі екендігін айтып берді. «Бұрын қызым барда көп күйлерге билеуші еді, қазір осы күйге ғана билеп, мұңайып жата береді» - деді. Ел тараған соң еліктің лағының қасына отырып, басынан сипап, иесінің табылатынын айтып, қаншама отырсам да басын көтерген жоқ. Сөйтіп отырып, ұйқтап кетіппін. Таңға жақын басымнан сипап жатқан жолаушының қозғалысынан оянып кеттім. Ел тұрмай кетіп барады екен. «Бізді ұмытпа»-деп үйден шығып кетті. Содан бері Елік жетектеген адам көз алдымнан кетпейді. Оның тартқан күйі де құлағымда тұрып алды, соны сыбызғы болмаса да домбыраға салам деп жүріп, домбыраны қалай үйреніп кеткенімді де білмей қалдым. Домбыра үйренген соң әлгі сыбызғының күйі өз өзінен ұмыт болды. Есіме түскенде домбыраға салып ала қояйын деп, домбырамен тарта бастасам, басқа жаңа күй болып шығады...Өйткені мен күй тартуға қолыма домбыра алсам болды, еліктің лағы мен жолаушы тыңдауға келіп жайғасып отырады .

***Отырғандар аң таң. Сенерлерін де сенбестерін де білмей
отырғандары үнсіз қозғалыстарынан көрініп тұр. Үнсіздікті Мүгілсін
бұзады.***

Мүгілсін: - Тәтті ата, сонда олар қайда кетті, елік қызды тапты ма ?..

Тәттімбет: (Өкінішпен) - Білмедім балам, менде өмір бойы осы сұрағыңның жауабын іздеп келемін...(Сәл үнсіз отырып Таутанға) Домбыранды бере тұршы. (Домбыраны алып, құлақ күйін келтіріп «Көкей кесті» - күйін тарта бастайды. Күй тартылып біткенде).

Гүлайым: - Бәсе, Тәтті ағамның күйлері тартылған кезде, домбыра адамша сөйлеп, құлағыма сыбырлап, терең бір сыр шертіп тұрғандай көрінуші еді. Енді түсіндім. Оның бәрі жақсылықты іздеген арманның ақ қанатының лебі екен ғой. Қандай тамаша! Тәтті аға, адамның жан дүниесін өзіңіздің пәктігіңізбен баурап, арманның ақ жолына салып отыратын сізге келін болғаным менің бақыттылығым емес пе?!

Таутан: (Күліп, ыңғайсызданып) - Өй, Гүлайым, Тәтті ағамнан ыңғайсыз болады. Қой, ұят жасама. Өзің тіпті сайрап кеттің – ғой. Ұят болды-ау...

Тәттімбет: - Таутан, тоқтатпа, бұл өмірде адамдар бір біріне қонақ, сондықтан да, бір-біріне деген ақ пікірін айтып, оны тыңдау, нағыз бақыт. Өйткені адам ондай сөзден кейін әрі қарай өмір сүргісі келеді. Ал жаман сөзден кейін адам өмір сүруге сұрақпен қарайтын мағынасыз тірлік кешеді. Таутан, Гүлайымдай көкірегі ашық, көңілі ояу келінім, өмірге деген құлшынысы шексіз. - Балам Мүгілсін, аға алдынан өтпес інілерім Таутан мен Маутан жалпы осы отырған бәрің менің қуанышым, сүйенішім, менің бақытымсыңдар...

Осы кезде аспаннан аққулар үні естіледі де Тәттімбет орнынан тез тұрып, жұлдызды аспанға қарап:

-Ой жарықтық-ай, неге түнделетіп жетті екен. Жолай Үлкен көлге қонып, бір-екі күннен кейін асықпай айналаны әнге бөлеп, келгенін хабарлай келуші еді. Бұл келісі қалай болды екен..

Алыстаған аққу үнімен қатар иттің үргені естіліп, жаяу адамның тақалып келе жатқаны

білінеді. Жаяу от басына тақалып келіп сәлем береді.

Жаяу Мерген: (Жарықта отырғандарға үңіле қарап) - Ассалаумағалейкум!

Маутан: -Уай, сәлемші болсаң төрге шық. Ел таппай келген жоқшығарсың, өзің жаяу екенсің. Борбайың жеткен жердің қонағы болатын болуға тиіссің, кел жоғары шық.

Жаяу Мерген: (Жоғарыға орналасып жатып) - Жоғарыда бол, ниеттеріңізге Алла разы болсын. (Отырғандар жағалай қол алысып, бас изесе амандық сұрасып жатыр)

Маутан: (Таңырқап) - Қолыңдағы таяқ екен десем, шиті мылтық қой. Өзің аңшымысың? Келген бағытыңа қарағанда Алтайда Құлындының атқаны адаспайтын Жаяу Мерген дегені бар деуші еді, түрің мен киімің сол саңлаққа келеді екен.

Осы кезде аққу дауысын тыңдап ұзаққырап кеткен Тәттімбет қайтып келеді. Тәттімбет жолушыны көріп.

Тәттімбет: - Оу, ағайын, орталарың толып қалған ба? Алыстан алты айлық бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді деген, Ассалаумағалейкум! (Қолын ұсынып келіп, сәлем береді).

Мерген: - Уағалейкумассалам! (Қолын алып, бетіне үңіле қарап) - Қате баспасам, елден естуім бойынша сіз Тәттімбет болуға тиіссіз. Нақ сол Тәттімбет болсаңыз, онда (Орнынан тұрып) сіз маған емес, мен сізге сәлем беруім керек еді. (Қайта қолын ұсынып, сәлем береді)...

Тәттімбет: (Таңырқап) - Маған сәлем беретіндей, мен сені танымаймын, танымақ түгілі атыңды да білмеймін...

Мерген: - Ол рас. Мені танымайсыз, өйткені мен де сізді бірінші көріп отырмын. Мені ел Жаяу Мерген дейді. Күн көрісім аң мен құс болған соң

мекенім аң қайда жүгіріп, құс қайда ұшса сол жер болады. Ал тұрағы үнемі ауысып отыратын адаммен кездескенмен, есте қалуы да екі талай ғой...

Тәттімбет: - Жаксы, түсінікті болды. Жолаушым, үйге жүр, жатып дем ал. Әңгімені ертең жалғастырамыз. Сендер де дем алыңдар, ертең билік күні ғой, күні бойы дамыл болмас.

Жайлап аянышты әуен өйнала бастайды.

Барлығы орындарынан тұрып, бір-бірімен сөйлесе тарап барады.

Көпшіліктің тарар кездегі айтатын сөздері:

1.Әңгімемен түн ортасы болғанша отырып қалыппыз ғой.

2.Расында да үркер ауып кетіпті.

3.Есек қырганды кара.

4.Бүгін әңгіме көбейіп, ән тыңдай алмадық.

5.Ертең билік күні деді ме, етке бір тоятын болдық.

6.Сабылып бітетін шығармыз.

Мерген Тәттімбеттің соңынан ереді. Аққу дауысы тағы да естіледі.

Кетіп бара жатқан Мерген тоқтай қалып, тың тыңдайды да үн шыққан жаққа қарап:

Мерген: -Айналайын аққулар, арманыма жеткізіп, Алтайдағы ел аузынан тастамай тын аты аңыз болған ғашықтарыңның ауылына алып, келгендеріңе рахмет. Көл басында кездесерміз...

Тамылжыған әуен бұрынғысынан да үдей түсіп, аққудың сыңсыған үніне ұласады. Алыстан естілген түнгі дауыстар бір – бірімен араласып, келер күннің ауырлығын ескерткендей болады. Жарық біртін-біртін сөнеді.

5 – суреттің соңы.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

6 - СУРЕТ

ӘУЕН:

Сахнада қараңғылық. Жеке орындаушының бастау шекпен шерте тартқан «Саржайлау күйінің» ырғағы зал ішіне жайлап таралып тұр.

Сахналық негізгі көрніс басталғанда, әуен жайлап барып басылады.

Дыбыстық безендірулер үшін сахнада пайдаланылатын арнайы техникалық құралдар арқылы берілетін таспаға жазылып алынған табиғи

ДЫБЫСТАР:

1.Сиырлар, бұзаулар.

2.Қойлар мен қозылар, Ешкілер.

3.Үрген ит.

4.Кісінеген жылқылар. (Мөңіреу, маңырау, үру, шұрқырау, кісінеу, шапқылау).

**Осы дыбыстарға аралас сөйленетін таспа арқылы берілетін
адамдардың СӨЗДЕРІ:**

- 1.Әукім, әукім...,бұзауды ұста қоса кетпесін..., Өй мәлік...,
- 2.Чу,чу..., Рррит чу..., чік кебенек...,Алдын қайыр...,
- 3.Ақтөс, Ақтөс ка,ка,ка...,
- 4.Так,так жарықтық..., Құр неге үркіп тұр..., Ана құлында желіге апарып байлаңдар. Құрықты әперіп жіберші...,Арканды қоса бер...,

ЖАРЫҚ:

Таңның жаңа атып келе жатқан шапағындай әсер беріп, жайлап жанып, сахнаның шымылдық сыртындағы белгілі бір көлемге молынан түседі. (Есекрту: Шымылдық жабық тұрған кезде сахна алды шартты түрдегі төбе үсті болып есептеледі). Сәресілік тыныштықты қазақ ауылдарының әдеттегі таңғы тіршілігі бұзып тұр . Осының бәрін тыңдап, дөң үстінде екі адам отыр. Олар Тәттімбет пен Жаяу Мерген.

Тәттімбет: (Ауыл жаққа қарап отырып) - Мерген қалай ойлайсың, қазақтың осы бір беймамыр тыныштығын не бұзар екен?

Мерген: (Сәл ойланып) - Менің білуімше бұл тыныштықты бұзатын қазақтың өзі ғана.

Тәттімбет: (Сынай қарап) Қалайша? Біз ағайыншыл, барымызды бөліп жейтін бауырмал ел емеспіз бе? Бауырмалдығымыз сонша, біреуіміз өлсек екіншіміз күйіктен аттан құлап жатпаймыз ба?

Мерген: (Мағыналы оймен) - Ағасы, оның бәрі рас, бірақ көрші үйдің сиырының қаймағы қалың болса, өз сиырымызды сабайтын да бізбіз, адал еңбегімен біріміздің қазанымыз асқа толса, екіншіміз қалай толды деп аң – таң қалып, ол сияқты маңдай термен мал тауып, тапқанымызды қанағат тұтуға ерініп, арамнан олжа тауып, аққасқа болып көрінгіміз де келетіні осы бізбіз ағасы. «Кедей өлсе кебенек өлгендей көрмей, бай өлсе базарда жүргендей» болып, жан жақтан жоқтаушы көбейіп кетсе өлікті де көре алмай қалатында бізбіз. Ұрлықтан жиған малымызды көріп, көз шұқырымыз көбікке толып, азығы азға, кекірейе қарап ертең өлгенде артымызда қалар іздің бар-жоғына мән бермей, өлген күні үйген боғын артындағылардың аузына атыңды бір салуға да жарамай, жылдығыңды берген соң мәңгі өшетінін ойламайтында бізбіз. Өзімізден өзгенің ақылы асып тұрғанын білсек те уақыттың борбайымызға байлаған тасына қарап, «Мен артықпын» - деп сасық ойдың күйек, көкірек, бөк танауы болатында бізбіз ағасы. Бауырмал дейміз біздің бауырмалдығымыз жатқа ғана, ал өзімізге мұқату мен кісімшілдігіміз басым. Қысқаша айтсақ өмірдің өлшемін, өзгенің қалтасымен өлшейтін елміз. Бардың боғын жеп, жоқтың көзін шұкитын да бізбіз... (Не дер екен дегендей Тәттімбетке қарайды)..

Тәттімбет: (Сабырлы, ұзақ қарап отырып) - Ойпырмай, сөзің не деген ауыр еді. Сонда сен осының барлығы қазаққа тән демексің бе, қазақтың ішінде жақсылары бар емес пе, бәрін жоққа шығаруға болмас.

Мерген: - Қазақ, таза өшкен халықпыз деп отырған жоқпын. Жақсылар бар, бірақ аз. Өзіңіз кен орнын аштыңыз, сол қазған, қортқан тау-тау топырағыңыздан бармақтай ғана алтын алдыңыз. Қалғаны қола, қорғасын болып кетті емес пе, адамдар да сондай. Ал алтынның қадірін білу үшін алақанға салып, көру керек. Менімше біздің алақанымыздың саусақтары қосылмай дара – дара әр қайсысы өз алдына бармақпыз деп ойлайды. Ал алақан, саусақ арасынан ағып кеткен алтынның қадірін қайдан білсін, тек күн туып, қажет болғанда ғана түсінеді. Сондықтанда біздің «Алтынның қолда барда қадірі жоқ, кеткен соң қолдан шығып өкіндім – ай» – деген мақалымыз бар. Сіздің патшадан алатын атақ шеннің орнына «Халқым өз жеріне өзі би, өзі қожа екенін түсінісе-ғой»- деген арманмен сұрап алған тілеуіңіздің ақ туын өртеп жіберді емес пе?! Бұл біздің көр ішінде жиған боғымызды жалап жатып арманы биік абзалдарымызға үріп жататын иттігіміздің айғағы...

Тәттімбет: (Ойланып, бетіне қарап) - Сен бұның бәрін қайдан білдің?

Мерген: - Тәке, «Ел құлағы елу. Жолай талай көңілі ашық, қолынан келер қайран жоқ тілеулестеріңіздің біразының дәмін татып, сөзін естіп, түйген түтінім, ойлаған ойым ғой...

Тәттімбет: (Шешімді түрде серпіліп) - Сені, жай ғана аңшы-мерген десем, қателесетін түрім бар. Сенің сырыңа әбден қанықпасам арманда қалармын. Сондықтан да бүгін осы ауылдың қонағы бол, ертең баратын жеріңе бірге барамыз. Көлге қонған аққу, көкке ұшып кетпейді.

Мерген: (Таң қалып) - Аққу...Көл?!.. Менің аққуды андып, соңынан еріп келгенімді қалай білдіңіз?

Тәттімбет: (Жай жымыып) - Ошағымыздың басына келген қонағымыздың ішкі сырын сыртынан қарап таппасақ, елге қалай қорған боламыз...(Мергенге қарап)-Ал енді төменге түсіп, үйге кірейік. Таңғы қымызға не жетсін, жарықтық ем ғой! Біраздан бері сырқаттанып жүрмін. Осы сырқатыма байланысты билікті де қойып, ел ісіне етене араласуымды да азайтқан болатынмын. Сонда да болса, ескі әдет бойынша мына ағайын «Сіз әділ шешесіз»-деп, сайлаулы биге бармай осында келеді. Шешім айтпасаң, өкпелейді. Менің шешімім, бидің шешіміндей емес. Өз келісімдерімен ырзашылық табыстыру болады...(Ойланып)-Ал оларға жөн сілтеп, ақыл айту үшін де денсаулық керек. Солай емес пе...Сондықтан жас құлынды биелерді байлатып, саудырып, таңғы сауынға іліктірмей ішемін. Бүгін сенде менімен бірге отыр. Ағайынның арасында алысқа сілтемей-ақ шешіп беретін аздаған дауы бар еді, соны шешіп берейін. Дұрыс па қате ме сенде тыңдай отыр.

(Екеуі үйге беттейді, сахна ашыла бастайды. Мерген еріп келе жатып)

Мерген: - Мақұл ағасы. «Жақсы-көрмек үшін, тәтті-жемек үшін, ақыл-білмек үшін»-деген үлгі болар істі көргенге не жетсін. Оның үстіне

«Тәттімбетті көріпсің, қане айтшы...»- дегенде тілге тиек болар бір сөз керек қой.

САХЫНАНЫҢ ІШКІ БЕЗЕНДІРІЛУІ:

Ауыл сырты. Шалғын. Көрнекті төбе үсті. Отыруға арнайы жасағандай төрт – бес тақ тас жатыр. Алыста ауыл көрінеді. Одан әрі Балқантау мен Қарқаралы тауларының сілемдері байқалады. Шеткерірек тігілген киіз үйдің ішкі жағы көрінеді. Екеуі киіз үйге келіп кіреді. Үй іші салтқа сай безендірілген. Төрте Тәттімбеттің ерекше жасалған домбырасы да қыстырулы тұр.

Тәттімбет: (Сырттан Таутанды шақырып алып) Таутан, оу Таутан...

Таутан: - Тәке, жай шақырдыңыз ба?

Тәттімбет: - Қымыз әкел. (Шығып бара жатқанда) Әлгі дау иелерін де шақыра кел.

Мерген: (Мерген домбыраны көріп). Тамаша екен, (Тәттімбетке қарап). Ұстауға бола ма?

Тәттімбет: (Сынай қарап) - Бұл домбыраны ұстау үшін, домбырамен сырлас болу керек. (Жымиып) - Ал, саған қонақ болған соң ғана ұлықсат берейін.

Мерген: (Қолына алып бір – екі шертіп көріп, орнына қояды) «Жаксыда жаттық жоқ» деген иесіне тартқан домбыра екен...

Тәттімбет: (Танданып) - Қонағым, сен мені тым терең таң қалдырып барасың. Айтқан әр сөзіңе қарап, сен туралы ойым биіктеп барады. (Сырттан дауыс шығады).

Таутан: (Сырттан) - Тоса тұрыңдар. (Ішке кіріп қымыз бен тостағандарды қойып жатып) - Дауласқандар келіп тұр, кіргізейін бе?

Тәттімбет: (Басын изеп) - Шақыр.

Таутан: (Таутан кете беріп тоқтап) - Тәтті аға, тағы бір адам келіп отыр.

Тәттімбет: - Кім екен, олда дау қуып жүрген адам ба?

Таутан: - Жоқ, күйшімін дейді. Сөзіне қарағанда сізбенен сайысқа түскісі келетін сияқты.

Тәттімбет: (Қуанып) - Дұрыс – ақ, қонақтарға мал сойдырып, жеке үйге түсіріңдер. Мына аз дауды шешкен соң, Мерген екеуміз де сонда барамыз. Ауылдағыларға айтып қой, күй тартысты тамашаласын.

Таутан: (Шығып бара жатып) - Айтайын, (Сырттағыларға)! Ал кіріңдер, кірсін деді.

Үйге екеуі сәлем бере кіреді. Тәттімбет сәлемдерін алып, отырыңдар деген ыңғай танытады. Екеуі жайғасады. Тәттімбет қымыз құя отырып, даушылардың біріне баста дегендей белгі береді. Бірінші даушы жүгініп отырып, сыртқы бас киімін алып, алдына көлденең тастап:

Бірінші Даушы: - Менің даулап отырғаным, жасаған рақымымның қайырымы. Осыдан алты ай бұрын «Қайын жұртыма барып қайтайын»

деген соң, жайылымдағы атымды өз қолымнан ұстап беріп ем, сол атты «Жолда қолды болды» деп, мына туысым жаяу келді. Қарап отырған аздаған малға жоқтаушы болмасак болмайды ғой. Мен атымды қайтар десем «Берер малым жоқ, жалғыз биенің құлнының өскенін күт» - дейді. Осыны шешіп берсеңіз екен. Ол құлын өскенше жыл өткен сайынғы атымнаң өнімі бар емес пе?

Екінші Даушы: -Айтып отырғаны рас сөз. Алғаныма рахмет. Аттың жолда қолды болғаны да рас.Төлерге бас артық мал болмай отыр. Арасыда ұзап, алты айдай болып барады. Оның үстіне аттың жыл сайынғы өнімін төле деп отыр. Жалғыз биені бере салайын десем, шиттей бес алты бала мен наукас әйелдің күн көрісі қиындап кететін түрі бар. Тәке, осымен бас қатып, сізге келіп, сіз не уәж айтсаңыз, соған тоқталық деп шештік. Билік өзіңізде, біз тосушымыз .

Тәттімбет: (Сәл ойланып, Мергенге қарап) – Қонағым, мына келіп отырған екі даушы ағайындас адамдар, оның үстіне бірі балдызым, бірі нағашым болып келеді. Билік айтып, бірінің көңіліне жақпай қалсам, анау анасына, мынау мынасына бұрды деп араз болады, құдайы қонағымсың. Ара ағайын бол, Бағанағы сөзіңе қарағанда, бір жолғы дауға татымда жол сілтеуге жарайтын азаматсың.

Мерген: (Күліп) - Жолаушыға билік айтқызды деп ағайындарыңыз ренжіп жүрмесе...

Даушылыр: (Қосыла) - Жо..жоқ. Келіскеміз...Тәкең недесе де қабылдаймыз. Айта беріңіз.

Мерген: (Тұрып қыстырулы домбыраға келіп, Тәттімбетке қарап) - Тәттіеке сізден домбыра, менен ауыз тең билік айтар деп ойлаймын ұлықсат беріңіз.

Тәттімбет: (Өзі де домбыраға тақап келіп, алып береді). - Міне ал.

Мерген дөмбыраны төгілдіріп тартып–тартып жіберіп, билігін айта жөнеледі. Сырттағыларда билік естімекке ептеп –ептеп үйге кіріп, төменірек жайғаса бастайды.

Мергеннің билік толғауы

Тұсау болып кедейлік аяқ - қолға,
Аттың майын алыпты алыс жолға.
Ағайынға бір билік айт деген соң,
Тең қылайын шешімін оң мен солға.

Әділ биде болмайды жат пен туыс,
Ағайында болмасын ара суыс.
Біле білсең жақсылар мынау өмір,
Қысылғанда болады бірақ уыс.

Атты беріп, ат алған жақынсыңдар,
Бүгін міне даулы боп жатырсыңдар.
Береші жақ тәуелді болғанан соң,
Алашы жақ батыл боп отырсыңдар.

Ағайынсың жаманға қимайтұғын,
Аттан түсіп бір-бірін сыйлайтұғын.
Екі емес үш жакты билік айтам,
Кезі келді құлақ сап тыңдайтұғын.

Бірінші жак түсінем шарасы жоқ,
Екінші жак алашақ көңілі ток.
Жаны жайсаң, жақсының талайларын,
Сүріндірген көз қимас дүние бок.

Ердің түсер салмағы алмағына,
Қолдың түсер салмағы бармағына.
Әділ шешім болған соң биде ілікті,
Мен шығарған биліктің тармағына.

Мерген домбыраны қасына сүйеп, екі тізерлеп шарт жүгініп отырады да. Барлық отырғандар да шарт жүгініп отырысады. Мерген дауысын шығарып:

Мерген: - Дауласушы екі жак және ел биі Тәттімбет! Өз еріктеріңмен және өз келісімдерің бойынша маған билік шығар дедіңдер. Мен жолушымын, менің шешкен шешімімді «Қырықтың бірі – қыдыр» - деп қабыл алып, орындайтын болсаңыздар, мен шешім айтамын.

Үшеуі жарыса: - Қабыл аламыз, қабыл аламыз...

Мерген: - Артынан қарсы дау-дамай айтпайсыңдар ғой...

Үшеуі: - Айтпаймыз...

Мерген: - Ендеше тақалып отырып, құранға қол қойыңдар да «Ырзамыз» -деп үш қайталаңыздар.

Таутан лып етіп тұрып, биіктеу заттың үстіне құранды қойып, орталарына орналастырады. Бәрі қол қойып, ант береді. Мерген билігін бастайды:

Мерген: - Бірінші билік ат алушыға айтылады. Атты алдың ба, қайтару міндетің. Бірақ жолда не болатынын білсең сен алмас едің. Ол Алланың сенің маңдайыңа жазғаны. Көнесің , көнбеске шараң жоқ. Сен бірақ Алланың ісінен кінаны мойныңа алып, пенденің алдында кінә арқаладың, сырғактап қашқан жоқсың. Сондықтан сенің туралығыңа шұба жоқ. Тағы да Алланың жазуымен берген аманаты балаларға қамқорлықтан жаның қысылып отыр. Жұбайың алдындағы борышың да бойыңа салмақ түсіруде. Сондықтан да саған шығарар шешімім қалғандардыкін айтқан соң айтылады.

-Екінші билік - ат беруші - саған айтылады. Сұраған соң, бердің. Ол ісің рахымдылығың. Жақсылығың Алладан қайтсын. Ата бабамыз «Бақпасаң мал кетеді, қарамасаң қатын кетеді» -деген. Малыңды іздегенің дұрыс. Бірақ туысың жоғалтпай, қасқыр жесе қайтер едің? Онда кімнен

сұрар едің? Өйткені Алла сенің атыңның маңдайына жоғалуды жазып тұр. Сол жолға өзің мініп шықсаң да жоғалар еді. «Қанағатшылдық - қарын тойғызады, қанағатсыздық астындағы атыңды сойғызады»-деген. Туысың биенің құлынын берем десе, көнбей бие емес, аттан өнім сұрағаның, кедей сорлының бала шағасымен сол балалардың науқас анасы қарап отырған биесіне көңілің ауған ғой. Ол пенделігің. Сенің де естір билігің, ақырғы Тәтекеңе айтар сөзімді жеткізген соң айтылады.

Мерген қолынадағы қоржынына орап салған сыбызғыны алып шығып, тарта бастайды. Өлі тыныштық. Күй тартылып біткенде, әр жерден өксіген дыбыстар жайлап естіледі. Тыныштықты Тәтімбеттің сөзі бөледі.

Тәтімбет: (Мергенге қарап) – Мергенім, сәт сайын сырың ашылып келеді. (Көпшілікке) - Ағайын сыбызғы сырына таңқалып, отырған боларсыңдар! Бұл мерген сыбызғысы сөйлейтін сыбызғы болды. Билік айтылып біткен соң, күйдің тілін түсіндірерміз. Ал әзірше, Мергеннің сыбызғысының маған айтқаны мынау:

Елді ойлаған ер болса, дулыға сауыт жастанар,
Ері бар деп елінен, аңдыған дұшпан жасқанар.
Билігі әділ би болса, естіген жан сүйсініп,
Алашқа жайып атағын, азамат деп мақталар.
Ауылдың сәні қонғаны,
Өрістің көркі толғаны,
Төрінің көркі қазақтың,

Үйінде қонақ болғаны – деді, ... міне ағайын

Мергеннің сыбызғысы осыны айтты. Сондықтын да айыптыға алты қой берейін. Балаларына нәсіп болсын. Қонақ түссе ұялмасын. Ал, алашаққа жоғалған атты мен төлеп, айып шапанын мен жабайын. Ал, құдайы қонағым Мергенге, жаяу жүрмесін, ат мінгізейін.

Мерген: - Тәтеке, маған мінгізген аттан баскасын дәл таптың. Ат мінгізгеніңізге Алла разы болсын! Мен ол атты айыпкерге берейін. Сіз берген ұсағы мен құлынды биесін қайырып жүрсін. Сізбен біздің олжамыз сіздің ауылда тағы бір қонақ түсер үй бар, менің олжам келсем жатар жер бар. Дау шешілді, уәде бекіді, ағайын қалай ырзамысыздар? (Көпшілік ырзалықтарын білдіреді). - Ал олай болса әумин дейік. (Бәрі беттерін сипайды.)

Жарық сөніп, әуен естіледі. Тәтімбеттің оркесторда ойналған күйлерінің бірі орындалады.

6 – Сутеттің соңы

7-сурет

Сол ауыл. Сол сурет. Сахна жарығы құлшына тартқан күйдің екпінімен жарқырай жанып көрермендердің

коз алдын мерекелік көңіл күйге толтырады. Сахна ішінің безендірілуі сол Тәттімбет ауылы. Сахнада төкпе кюйдің екнімен шабыттанған көпшілік қиқулап күйшіге леп беруде. Күйші екніндеп тартып келе жатқанда домбырасының тиегі түсіп кетіп, кілт тоқтайды. Тыңдаушылар окініш білдіріп абыржып қалады. Отырғандар жапатармағай сөйлеп, домбыра тиегін іздеп жатыр.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Қап, үзіліп қалғанын қарашы.
- 2.Күйші жаңа ғана желпініп келе жатыр еді.
- 3 (Іздеп жатып) Аяғыңды тартшы. Тиегі қайда кетті...

Осы кезде шуды жарып, домбыра даусы қайта шығады. Көпшіліктің ортасында күй тыңдап отырған Мүгілсін қолындағы домбырасы мен төгілдіріп жалғай жөнеледі...

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 4.Ой, жарайсың! Мүгілсін жалғап кетті.
- 5.Еп бәсе, Тәтті атасын тегін аңдып жүрмеген ғой.
- 6.Өй, айналайын Жарайсың!
- 7.Бас қамшыны, Шап...

Мүгілсін кюйді тартып, біткенде шуылдасып кетеді.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Жарайсың балам.
- 2.Мүгілсін болмағанда күй аяқталмай қалатын еді.
- 3.Қолыңнан айналайын.
- 4.Бұл балаға талапты Алла берген.
- 5.Құтты, қайырлы қылсын....

Осы сөздерден кейін күйші орнынан тұрып келіп баланың қолын сүйіп, тұрып қалың көпшілікке қарап

Күйші: - Құс - қанатсыз ұшпайды, оны осы отырған бәріңіз жақсы білесіздер.Тұлпар тұяқсыз жүгірмейді, оны да білесіздер. Сондықтан да оған таға, шегелейді. Домбыра жүрексіз сөйлемейді, оны сөйлету үшін осы дүниені тегіс сүйетін үлкен мейірімді жүрек керек. Сондай жүректің бірі сенің құрттай кеуденде соғып тұр екен, жүрегіңнен айналдым. (Мүгілсіннің қолынан сүйіп, кеудесіне басады).

Көпшілік күйшіні мадақтай жөнеледі.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Дұрыс ақ.
- 2.Шынында да, Алла өзі туғызады ғой, әйтпесе бәріміз бірдей күйші, бәріміз бірдей үйші болмаймыз ба?
- 3.Күйшінің айтуына қарағанда біздің жүрек шамалы болды...(Көпшілік іліп әкетіп күліп жатыр. Осы кезде сахнаға Тәттімбет пен Мерген шығады)

Тәттімбет: (Күйшіні көріп, құшақ жайып) - Алыстан ат арытып, мені іздеп келген екенсің, кел бауырым құшақтасып, амандасалық.

Күйші: (Орнынан тұрып) Ассалаумағалейкум (Олда құшағын жайып келіп, құшақтасады).

Тәттімбет: – Бауырым, келген қадамың күйге толы болсын! (Көпшілікке арнап) - Жамағат қонақтарың күтулі ме?

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

1.Сусынын беріп, бабына келтіріп қойдық.

2.Келгені көрім болды.

3.Талай күйді естіп, құлақтың құрышын қандырдық...

(Тәттімбет сөзін жалғастырып)

Тәттімбет: (Мергенге қарап) - Талайдан бері күнделікті тіршіліктен қол тимей, домбыраның да мәре шабысы болмай қалып еді. (Күйшіге қарап) - Келгенің жақсы болды. (Ауылдастарына) Өзі кешеден бері біздің ауылда әр түрлі істің орайы оң болып жатыр.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

1.Дұрыс айтасыз, аңшымыз билік айтып, әншіміз әнін айтып, күйшіміз күйін тартып мәре, сәре болып жатырмыз.

2.Қой сойылып, қымыз сапырылып қаужандасып та қалдық

3. Е, сенің аңдығаның тамақ-қой . (Бәрі қолдап, күліп жатыр)

Тәттімбет: (Жайғасып отырып, жатып күйшіге қарап) – Ал, сөйле күйшім, мені арнайы іздеп келген екенсің, осы ауылда қонақ боласың. Екеуміздің тіресіміз алда болады. Оған дейін менің не қауқарым бар, соны сен, сенің не сырың бар, оны мен біліп танысамыз.Осыған келісеміз бе?

Күйші: - Тәттіеке айтқаныңыз болсын.

Тәттімбет: -Олай болса бүгін мына көпшілікке осында отырған күйшілер күй табақ тартамыз.

Күйші: - Тәттіеке, күй табақ деген не, түсіндірмеспе екенсіз?

Тәттімбет: - Күй табақ деген-әр күйші жеке-жеке күй тартып, одан соң қосылып күй тартып, одан әрі бірінен бірі іліп әкетіп жалғаспа жасауын, сонымен қатар басқа да күйшілердің белгілі бір өнерлерін көпшілікке тамашалату... (Ойланып) - Ал тірес кезінде домбырамыздан шыққан үнмен аң мен құсқа, су мен шөпке, адамға, жалпы тіршілік атаулыға өз билігімізді жүргізіп көреміз. Билік дегенім жалқыны билетіп, құсты сайратып деген сияқты тағыда басқа жарасымдығымыз...

Тіршілік кімді көп тыңдаса, соған екіншіміз бас иеміз.

Күйші: - Күй табағыңыз түсінікті болды. Ал «Күй тірес» - шартыңыз ауыр екен.

Мерген: (Сөзге араласып) - Не істейсің, сертпен шарт тез, ал сол тезге шыдаған шығады, шыдамаған сынады.

Сахынада жайлап басталған саз біртін-біртін күшейіп, жарық сөне бастайды. Түнгі дауыстар естіледі. Сахнада естіліп тұрған саздың әуені көңілді, топтасып тартқан күйшілердің екпінді күйіне ауысады, жарық күй ырғағымен қатар бірден жанады. Өткен түндегідей отбасына жиналған көпшілік екпіндеп кеп тоқтаған күйімен күйшілерге мадақтарын айтып жатыр.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Шапқан тұлпардай-ақ күй екен.
- 2.Осынша үнді біріктіріп, домбыраға сыйғызған күйшілер нағыз әулиелер – ғой.
- 3.Отырған күйшілер бірінен бірі өтетін дүлділдер ғой...
- 4.Айналайын қазағым-ай, сенде өнерлі ел жоқ шығар.

Күйшілер осы екпіндерімен кокпар күй тарту яғни бірі тоқтағанда екіншісі іліп әкетіп, тағы бір екпінді күйді тартып тоқтайды. Оны тартуға Тәттімбет күйші, Мүгілсін қатысады . Күй тоқтағанда көпшілік бұрынғысынан да қаттырақ серпіле түседі. (Режиссерға ескерту: Осы арада күйшілердің Ортеке ойнатып, тартатын күйлері болады. Мүмкіндігінше пайдаланылса күй өнеріміздің бір ерекшелігі көрінген болар еді)

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Өйдөйт, не ғажап ей.
- 2.Бәйгіден үш тұлпар қатар келгендей болдық қой.
- 3.Балқантаудың етегі емес бүкіл Сарыарқа күйге толып кетті ме деп қалдым...

Тәттімбет: (Қолын көтеріп) - Оу, халайық! Сәл сабыр сақтаңдар. Айтарым бар. Ұлы дүбір ту көтеріп отырғандарыңа рахмет! Алайда күй құдіретін білу үшін, оның тарихы мен тегін білу керек. Өйткені, күйде тек болады. (Көпшілік тына қалады) Сондықтанда осы күй деген құдіреттің сырына, оның тербелген домбыра үнімен сөйлер сөзіне ой жүгіртіп көрдіңдер ме? Біздің ырза болатынымыз шыққан үні, ал оның бізге айтып тұрған сырын түсіне бермейміз. Қазір мен сендерге бір күйдің тарихы мен оның домбыра үнінен шығатын дыбыстағы сөзін ,жеткізіп көрейін. (Көпшілік тына қалады. Бәрінің назары Тәттімбетте. Тәттімбет сөзін бастайды).Өйткені сендерге күй сөзін естіртем деген едім, соны орындайын. Ертерек уақытта шапқыншылықта жұртта қалған бала анасын «Айналайын, құдай-ай»-деп шарқ ұрып іздепті. Ол сөз міне домбырадан былай шығады, өздерің іштей қосылып отырыңдаршы.

(Көпшілік беріле келе дыбыстарында шығарып, күйге қосылады)

- Бала анасын іздеп, айдаламен қаңғып келе жатса, алыстан аңшыны көріпті.Қажыған бала алыстағы аңшыны көріп көмек берер деп солай қарай «Ағажан-ау, ағажан атыңның басын тарта тұр»- деп жүгіріпті.

(Домбырымен тағы тартып көрсетеді, көпшілік қосылады).

Режиссерға ескерту: Осы әрекет күй мен аңыз аяқталғанша қайталанады.

(Сөзін жалғап) - Аңшы баланың сөзін алыстан естімей, өзінің атқан аңын, құсы құлатқан қаз-үйректерін жайлап, жинап, атын тұсап қойып, алысқа ұзап кетіпті. Осы кезде атқа кездескен бала ат иесін жаума деп баспалап келіп, атын міне қашыпты. Баланың атын мініп қашқанын көріп, аңшы соңынан «Балажан-ау, балажан, атыңның басын тарта тұр»-деп соңынан

жүгіріпті. Ұзап кеткен бала оны естімепті. Сөйтіп бала шешесін таба алмаған соң, бір байға бала болыпты. Бай баланы жақсы көріпті. Бала өскен соң шешесін, елін іздейтін болып жолға шықса, баланы жақсы көрген, асыраған бай қимай соңынан еріпті. Сонда бала өзінің алған бетінен қайтпайтынын, асырап алған әкесіне айта алмай домбырамен былай депті ...

Тәттімбет сөзін айтпай-ақ, домбырамен тартқанда сөзін көпшілік оздер - ақ «Сағың сынар, қайт әке»-деп домбыраға қосыла қайталайды. Домбыра тоқтағанда үнсіздік пайда болып, отырғандар бір-біріне таңырқай қарасады. Үнсіздікті Мүгілсін бұзады.

Мүгілсін: (Есі шыға қуанып) - Тәтті ата, мен домбыра тілін түсіндім! Соңғы сөзді домбыра маған өзі айтты...(Жан-жағындағыларға) Сіздер естідіңіздер ме, естідіңіздер ме? (Көпшілікте бір біріне)

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

1.Иә менде естідім.

2.О, құдіреті күшті жаратқан, маған ап –анық «Сағың сынар қайт әке»- деді ғой...

3.Бәсе, домбыра киелі сөйлейтін болған соң казакқа серік болып жүр ғой...

4.Ой жарықтық-ай, қасиетіңнен айналайын...

Мерген: - Тәттіеке, сіздің атыңызды сыртыңыздан даңғайыр күйші деп естіп, бір көрсем деп армандаушы едім. Елден естігенім, сіздің тартар күйіңізге берген баға ғана екен. Ал сіздің қазақтың шертпе күйінің ұлы ұстазы екеніңізді енді-ғана білдім. Енді мен, сонау биік –биік таулар мен үлкен –үлкен сулардың арғы бетіндегі Алтай деген жердегі еліме, қазақтың Сарыарқасының сәні болған Тәттімбет деген киелі күйшісі бар екенін, бүкіл Сібір жұртына «Тәттімбеттің күйлері - Қазақ деген елдің жүрегіне тағар тұмары»- деп, өзім аралап жүріп, айтатын боламын.

Күйші де Тәттімбеттің алдына келіп, тізерлеп отырып, кеудесіне қолын қойып:

Күйші: - Ұстаз, ел арасының мақтауына масайраған жастың бір ағаттығын кешерсіз деп ойлаймын. Қай өнерде болмасын ұстаз болады. Ұстазы бұлбұл болса, шәкірті дүлдүл болады. Ұстаздан шәкірт озса да, ұстаз деген ұлылық қашанда жоғары тұрады. Менің елім сонау Қарақалпақ деген қазақпен ағайындас елмен шектес жатыр, ол жақтағы қарақалпақтарда сіздің күйлеріңізді біздің күйшілерден естіп, тамсанып отырғанын сан көріп едім. Атақты Құрманғазымен аттарыңыз егіз қозыдай қатар аталып, ел аузында жүреді. Менің сіздердің күйлеріңізді тартатын күйшілерден естуімше, сонау Қап тауындағы Қарашайларда сүйсініп, қадірлейтін болса керек. Мерген сияқты, менде сіздің аңызға айналған атыңызды естіп, бір көрсем, күйін естісем деп іздеп шығып едім, арман жоқ, кездестім, көрдім! Енді елге қайтамын...

Тәттімбет: (Таңырқап) - Қайтқаны қалай? Екеуміздің күй сайысымыз аяқсыз қала ма? Қап, тамаша бір көкпар болатын еді, өкінішті болатын болды.

Күйші: - Ұстаз, оған өкінбеңіз, сізбен сайысқа түсіп, дәулескер болмай-ақ қояйын . Қайта қанаттас болып, қатар шапсам да мен үшін үлкен тағылым болар еді. Келіңіз, ел құмарын телқоңыр болып қандыралық. (Домбырасының құлақ күйін Тәттімбет домбырасының құлақ күйіне келтіре бастайды).

Тәттімбет: (Сәл ойланып, көңілді, Мергенмен екеуіне кезек қарап) - Ұсынысың маған да ой тастап, көңілімді көк жиекке көтеріп тастады. Шәкірті болып, ұстаз атанғанда біздер үшін үлкен бақыт. Айтқаның болсын, жарасып тарайық! Ел құмарын қандыру үшін, телқоңыр болайық дегеніңе орай маған бір ой келді. Мені іздеп сонау Ноғайлы жұрты бір ноғаймен мен қарақалпақтың қасынан бір қазақ табанын тоздырып, жетіп бір ауыз ұстаз деген сөздің растығын өз көздерімен көрмек болған екен ендеше бірінші күйді өзім тартайын. Бұл күйдің аты сонау алыста жүріп, тілеулес болған бір ноғай мен бір қазақ бауырларыма арналғандықтан «Ноғай – қазақ»-болсын.

Отырған тыңдаушылыр дүр сілкініп, түрлі қошеметтеу мен мадақтаулар айтысып, қауқылдасып қалады.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Тәтті аға қатты толғанды ғой.
- 2.Енді, оңай-ғой дейсің бе, сонау жердің түбі - қияннан естіген күйлерінің Сарынымен, ел іздеп келіп жатса...
- 3.Шуламай қоя тұрсаңдаршы, жаңа күй тығулы жатыр, естіік те.

Күй жайлап тартыла бастап, ел тынышталады. Күй сондай бір шабыт пен тартылып, тоқтаған кезде, ел ырзалықтарын білдіріп, Мерген мен күйші Тәттімбеттің алдына келіп бірі сыбызғысын, бірі домбырасын көлденең қойып «Ұстаз бата»-сұрайды.

Екеуі

Қосылып: - Тәтті еке !»Ұстаз бата» беріңіз

Тәттімбет: (Екеуінің аспаптарының қасына домбырасын қатар қояды да орнынан тұрып, шабыт пен сөйлеп кетеді).

- Пернелері тоғыз тактан жаралған,
Сезім содан қуат алған, нәр алған.
Қосылғанда қос шегі мен тиегі,
Бар әлемге күй боп шалқып, таралған.

Шертіп, сыйпап басқаныңда сағасын,
Арманыңды адастырған табасың.
Әлдилесе әуенімен жаныңды,
Түсінесің өмірдің сен бағасын.

Дос таппассың домбырадай сыр алғы,
Төріңде ылғи сені тосып тұрады.

Қазақ деген домбыра үшін туған ғой,
Домбыра мен қатар тұрат құраны.

Домбыра бұл - ұланғайыр даламыз,
Домбыра бұл - ақылшымыз, данамыз.
Пәк сезімге ғашық қылған бабамды,
Бұл, домбыра - күйге айналған анамыз.

Домбырасыз қазақ таңы атпайды,
Сондықтан да қазақ күйін мақтайды.
Домбырасын бір шертпесе күніне
Біздің қазақ төсегіне жатпайды.

Иә, домбыра жарықтықсыз қазақты мына кең даланың иесі деп айтудың өзі ретсіз.

Мерген: - Дұрыс айтасыз, біздің қазақ жеріне іліккелі қай қазақтың үйіне барсам да босағада ер тұрманы, басында тымағы, қолында қамшысы, төрінде домбырасы...

Тәттімбет: (Сөзін бөліп) - Жаңағы ақынның сөзін босқа айтқан жоқпын, алған батаңның не үшін керек екенін білмесең, бата қадірі болмайды. Сондықтан да мені «Ұстаз» - деп бата сұраған соң, менің домбыраның құлы екенімді білсін дегенім. Өйткені бұл домбыра - атам қазақтың көзін көрген қасиетті қариям, бабам. Бабасының қасиеті мен қадырын тек баласы, ұрпағы ғана біледі. Қазір бата бермеймін...

Екеуі бір –біріне қарап, аң –таң. Көпшілік ыңғайсызданып, қобалжып өз ара күбірлесіп, біресе оларға біресе Тәттімбетке қарап, түсініксіз жағдайда қалады.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

1. Не дейді? Бата бермеймін дей ме?
2. Ұят болды ғой...
3. Сабыр сақтаңдар, ойлағаны бар шығар.
4. Болса болар, артын тосайық.

Көпшіліктің аздаған ыңғайсыздығынан кейін Тәттімбет қайта сөз бастайды.

Тәттімбет: - Абыржымандар, бұлар менен батаны «Ұстаз» - деп сұрап отыр. Ал мен еттің артынан қайтарған батад-ай батаны қалай бермекпін? Бұлар менің ұстаздық батамды осы ауылда жатып менен күй үйреніп дәріс алған соң ғана бірақ алады. Оның үстіне сый - сияпатсыз қалай кетпек. Мінгізер ат - өледі, кигізер шапан тозады. Елдеріне барғанда Тәттімбеттен алған тарту таралғың қане? - дегенде таралғыға домбыра көрсетіп, тартуға күй тартуы керек емес пе? Ендеше мен құдам Мұсаға хабаршы жіберіп, екеуіне домбыра жасатып әкел демкшімін. Сол домбыра бітіп, осында келген күні той жасап, сол тойда үйренген күйімізді тартып, қозы көш жерге шығарып саламыз.

Бата берілмеу сырын түсінген көпшілік, ырзалықтарын білдіріп жатыр.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Еп бәсе, артында ойлаған ойы бар екен ғой.
- 2.Ойпырм-ай, не болып қалды деп, қатты састым ғой.
- 3.Тәттіекең әріден ойланы ғой, біз ғой мұнда бет сипасак болды, қолды жайып отырмыз...
- 4.Шуламаңдар, артын тындайық...

Мерген: - Тәттеке, айтқан сөзіңізге қайыр қалқан жоқ. Босада бата сұраған соң артын тосамыз. (Күйшіге қарап) - Солай ма, бауырым?

Күйші: - Әрине, тосамыз! Көрінген таудың алыстығы жоқ деген таралғыны біткенше тартуымызды жинап алайық...

Көпшілік қолдау көрсетіп жатыр.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Дұрыс ақ, бір айдың әрі –берісі жоқ.
- 2.Тәттіекеңнің күйін үйренгенше, уақыттың қалай өткенін өздері де білмей қалар.
- 3.Қонақтар ай жатса, сол ай - кеш бата «думан – ай»- десеңші.
- 4.Е, енді көрші ауылдарда осында ағылатын болды ғой.

Мерген: - Тәттіеке, сіз менің қайдан жүргенімді, неге жүргенімді сұрамадыңыз, енді өзім айтып берейін. Мына ел естісін.

(Елдің бәрі назар аударады да, тыңдай қалады)

Тәттімбет:(Қлжыңдап) - Біраз жататын болған соң асықпайын дегенсің ғой. Енді баста. Тындайық. (Көпшілікке қарап) - Солай ма?

Көпшілік те әзілден, мақұлдап жатыр:

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

- 1.Біздің ауылға келгендер әңгімесін асықпай, жатып айтатын..
- 2.Өзі әңгімеші болса, қыстаса да болады.
- 3.Көбісі құспен келіп, атпен қайтатын...

Мерген: - Осы сөз менің айтайын деген әңгімеме тікелей қатысы бар. Жылда күн жылына, жыл құстары оралған кезде, біздің жаққа ертерек екі аққу келеді. Ұя салып, ұрпағын шығарып, ол ұшуға жараған кезде алыс бір жаққа балаларын алып, ұшып кетеді. Біздің жақтың адамдары көбінекей аң, құс аулауды кәсіп етеді. Сол жердегі шағын көлге келіп, қонып жүрген аққуды менің қалыңдығымның әкесі де көріп, байқап, таң қалып жүреді екен. «Балам, менің қызыма қалыңдық бермей ақ қой, бірақ талай жылдан маған жұмбақ болып келе жатқан осы аққулардың сырын маған біліп берсең болды. Қызымды тегін беремін деді. Алғашқыда барғым келмей «Құс ұшады, қонады, онда тұрған не бар, қайтесіз қызыңыздың қалың малы дайын» - деп едім, атам басын шайқап: - «Біздің жерден ерте кеткенде, қайда барады екен? Кетерінің алдында екі аққу да бейне бір ғашығына баруға дайындалған қыз-жігіттей бүгіл аспанды әнге толтырады. Осының сыры неде екен, соны біліп кел. Қызымды сонда ғана беремін, әйтпесе өмір бойы өкінесің»-деді. Қарияның аққулардың сырын неге білгісі келетінін айта кетейін. Осыдан оншақты жыл бұрын бір жұт болып, мал қырылып,

күн көріс қыйындаған соң «Бала – шағаны қырып алмайық, аңын аулап, күн көре тұрсақ, келе -келе жетіліп кетерміз» - деген оймен ноғайлының жеріне көштік. Ес жыйып, етек-жеңімізді жиған соң, Алтайдың жеріндегі ағайындарға келіп, қосылдық. Осы көшті бастап жүрген, сол менің келешек атам болатын. Жанағы аққулар ұшып кеткенде, ел жаққа қарап бірнеше күн ас алмай, ой тұтып отырып қалады. (Өзімен өзі) - Осы жолы менің апарған хабарымнан соң көш бетін елге түзей ме деп ойлаймын. (Қайта көпшілікке қарап) - Сөзім бөлініп кетті ме? Кешіріңіздер. Мен әңгімемді жалғайын...Содан мен аққудың соңынан еріп, осы жаққа, осы ауылға келдім. Басында: «Аспанда ұшқан аққуларға қалай еремін, жете алмай қаламын ба?» - деп қауыптеніп едім, жоқ аққулар да менің соңдарынан ергенімді білді ме, аса алысқа ұшып кетпей, мені адастырмай, ертіп отырды. Алдыңғы күнгі қоналықтан бұрын жол бойындағы шағын көлге аққулар келіп қонған . Мен де дем алып, аққуларды қызықтап отыр едім, көл шетіндегі қамыс қозғалғандай болды. Баспалап барсам (Мылтықты көрсетіп) Осы мылтықтың иесі аққуларды атқалы жатыр екен, жан ұшырып айқай салдым. Сасып қалған аңшы мылтығын аспанға атып жіберді. Ал аққулар аман қалсада шошығаннан аспанға тік көткіріліп, осы бағытқа ұшып кетті. Менде мергеннің мылтығын тартып алып, осылай қарай беттеп, көрінген қырдан асып жүріп келе жатыр едім, жолда еліктің лағын жетектеген адамға кездестім. Ол маған аққулардың осы ауылдың көліне қонатынын және осында Тәттімбет деген күйшінің барын, аққулар сол күйшінің күйіне ғашық екенін айтты. Тәттімбет күзге қарай көлге жалғыз келіп, аққуларға күй тартып береді. Сол күйді естіген соң аққулар да көл мен ауылды айнала ұшып, қоштасып, жылы жаққа ұшып кетеді деді. Бұндай ғажапты естіген соң мен не сенерімді не сенбесімді білмедім. Соны білді ме жолушы (Сыбызғыны қоржынынан алып көрсетіп) -Мына сыбызғыны берді де, Тәттімбетке айт «Аққулар биыл соңғы рет келді, жақсылап шығарып салсын» - деді де, одан әрі сөйлеспей, қыр асып кетті. (Өлі тыныштық, отырғандардың бәрі Тәттімбетке қарап қалған. Не сенерлерін не сенбестерін білмей біріне – бірі қарайды)

Тәттімбет: (Сондай бір мұңлы сөйлеп) - Өзімде білгенмін. Сенің қолыңдағы сыбызғыны көргенде, көзіме оттай басылып еді. Қателеспеген екенмін. Оның үстіне сол күні Таутан «Күйді сонша неге жақсы көресіз»- деген сұрақ қойып, лақ жетектеп, баласын іздеген адамды, араға қырық жыл салып, әңгіме жасағанымға өзім таң қалсам да, аса мән бермеген едім. Сөйтсем хабаршы жіберген екен ғой.

Көпшілік сахнасының қолдаушы сөздері:

(Жан –жақтарына қарап)

1.Қайдағы хабаршы...

2.Бұл не жұмбақ...

3.Ол не хабаршы, түк түсінсем бұйырмасын.

4.Мына кісілер не сөйлесіп кетті.

5. Тынышталыңдаршы, тыңдайық. Тәтті ағаның кешегі от басында айтқан сыбызғыға лағы билейтін, баласын іздеген сыбызғышы адамға ана отырған Мерген кездестім деді ғой.

6. Тыныш отыруын отрамыз ғой, әуелі айтып отырған хабаршысы кім? Ол не хабар әкеліпті, соны білейікте.

7. Айтқан сөзді ұқпасаң тыныш отыр, қалған ел тыңдасын.

Тәттімбет: (Бойын жазып, көтеріліп) - Ағайын, бұл естігендерің сендерге, сендерден кейінгілерге бір аңыз естігендей болатын әңгіме. Алайда бұл менің киелі шындығым. Мен, міне, биылғы жылы қырық төрт жастан асып қырық бес жасқа кеттім. Санағанға аз, ойлағанға көп ғұмыр. Осы ғұмырымда өмір деген шіркіннің сусымалы, судай жылжып аққан жеріне белгісіз бетінде сіңіп, кеуіп, елеусіз қалатынын қатты түсіндім. Баянсыз тіршілікте басымызды ағайынға айбар көрсетеміз деп түкке тұрмас, сасық саудаға сан салдық. Сол сәтте жеңіп, дөңге шыққанмен артындағы өкініші соңымыздан қалмай, өмір бойы еріп келеді. Пенде болғаннан кейін бой түзеп, едірейген боламыз, онымызда үй сыртынан өткен жүргіншіге үрген иттің тіршілігімен шамалас болса керек. Астымызға ат мініп, қолымызға қамшы ұстасақ, өз - өзімізден мардымсып елге күпие қарап, ақыл айтқымыз келеді. Адалмын деп айқайлап, елге қамкор болып көрінген боламыз. Артымыздан шығып жатқан ішіміздегі өлген мысықтың сасық иісін, ел білетінін арсыздықпен елемеген боламыз. Өзіміздің ұрлық пен қазаптықтан жиған малымызды ақ-адал мал жыйып, таза тамақ ішкендерге көрсетіп, оларды еңбекке «жалқаусың»-деп кіналап, едірейеміз. Байғұстың көже ішетін қасығын көжесімен қоса тартып алсақ, өзімізді шексіз бақытты санаймыз... Сонымен қысқарта айтсақ өмір бойы ала құйрық болып, тең-тең жыйған, тергеніміздің үстінде кәрі қарғаға ұқсап, көзіміз былшықтан көрінбей өмірден өтеміз. Сонда біздің артымызда не қалды?! Дүние ме? Ол тозып, көрінге жерде, көрінген жұрттағы күлде қалмай ма? Мал ма, айдаса жаудың, ықса жұттың малы. Өмір деген ағыны қатты өзен, біз сол өзенде қалтылдаған қайық үстінде отырмыз. Қолымыздағы торға адал болсақ- тірі, арам болсақ - өлі балық түседі. Оны жағада тұрған, өмір деген өзеннен өтетін келер ұрпақ көріп тұрып, бағасын сол береді. Сендерге бұл айтып тұрғаным-өмір бойы көргенімнен жиған үлгім. Осы үлгіні жиған кезде домбырам досым, серігім, ақылшым болды. Кеткен кателіктің артынша қолыма домбырамды алып, ойға батсам адасып бара жатқан жолыма қайта әкеліп салушы еді. Міне жаңағы мерген айтқан аққулар жылда біздің көлге келіп, кетер алдында менің күйімді тыңдап, алыс сапарға аттанатын. Менің көлге барып, отырып, жыл өткенде не бітірдім, не қойдым, арттағылар не дейді, өткен уақытымда арым таза, жүрегім ақ қалды ма? Осыны күй тартып саралайтынмын. Сол кезде аққулар сол күйді тыңдап, мен ақ болсам қуанып, көлдің бетін әнге толтырып, мәз болатын. Бұл жұмбаққа дәл бүгінгі күнге дейін өзімде таң қалушы едім. Енді түсіндім, лақ жетектеген адам бейнесі ол - өмір, сыбызғыға билеген лақ - үміт, ал іздеген қызы - адамның жетсем деген арманы екен. Сыбызғы-өмір өлшемі болды. Адам өмірі

естілген әуендей тез өтетінін, жыл сайын аққулар келіп тыңдайтыны, жүрегін жарып шыққан күйіне қарап, білсін деген ғой.

Отырғандар толқып отыр, араларында жылағандар да бар. Тәттімбет қастарына барып, аралап жүріп:

Тәттімбет: - Өмір деген өзеннің ағып, құяр екі көлі бар. Бірі тұнығынан тана көрінетін пәктік көлі, екіншісі қара су сияқты тұңғұйық түбінде тіршілігі жоқ өлі көл. Аққу деген құс сол пәктік көліне барады. Жылда біздің суға келетін аққулардың да сыры белгілі болып, соңғы жұмбақ шешілді. Аққулар соңғы рет келген екен, соңғы рет менің күйімді тыңдамақшы. Домбырамды беріңдер, аққулардың ғашық күйін тартып, қуанған дауыстарын естиін. Сендер де бірге естіңдер. Күй тартпас бұрын айтарым. Келер ұрпақ сендерге аманат! Жер бетінде тартқан күйіне аққулар ғашық болған Тәттімбет деген атамыз болған деп айта жүріңдер...

Осы кезде сахна толы аққулар үні қатты естіліп барып, біртін – біртін алыстан естіліп, оларға қосылып әр - әр жерден қолдарына домбыра ұстаған жас балалар шығып «Тәттімбет ата, күйіңді болашаққа мен жеткіземін»-деп кезек-кезек айтып, оркестрлы құрам болып отырып, Тәттімбеттің күйін орындайды. Осы күйдің ығында шымылдық жабылады.

ШЫҒАРМА СОҢЫ.

МАЗМҰНЫ

Жалпы театр және театр өнері жөнінде

Тұжырымдарға	КІРІСПЕ СӨЗ	3
	РЕЖИССЕР	12
	САХНАЛЫҚ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕ	43
	ӨЗІМЕН ӨЗІ ОЙ БӨЛІСУ КЕЗІНДЕГІ	
	БЕЙНЕЛЕР ӘРЕКЕТІ...	45
	ҚОРТЫНДЫ СӨЗ	57
	Аққу ғашық..	

Шығармада пайдаланылған кейбір суреттер интернет жүйесінде көп - пілік пайдаланысында жүрген суреттерден өзгертіліп алынды.

Редакторы Жұмабике Нұржанова
Тех.редактор Гүлжанат Өтепберген
Суретші-дизайнер Гүлнұр Фазыл

**Компьютерде беттеген Құлмұхамет Серікғалы
Кенес беруші Мағыжан Айдос
2023 жыл.**

**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
«ПОЛИГРАФИСТ»
Баспасы
2022 жыл**